



**Мекенжайы:**  
010000, ҚР, Астана қ.  
Шевченко көш., 8, 173 каб.  
Тел: +7 (7172) 92 85 18  
Факс: +7 (7172) 92 85 18  
Ұялы: +7 777 304 97 77  
БСН: 080140009883

**Адрес:**  
010000, РК, г. Астана  
ул. Шевченко 8, каб.173  
Тел: +7 (7172) 92 85 18  
Факс: +7 (7172) 92 85 18  
Моб: +7 777 304 97 77  
БИН: 080140009883

---

**2023 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН-ҚАРАША АЙЛАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН 2023 ЖЫЛҒА  
«БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АҚ МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ  
ЖҮЙЕСІНЕ ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ ДЕҢГЕЙІН ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН  
ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН  
АНЫҚТАЙТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ ТАЛДАУ ЕСЕБІ**

**Алматы қ.  
2023 жыл**

## **АЛҒЫСӨЗ**

**Осы Талдау есебі 2023 жылға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ мен Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне халық сенімінің деңгейін және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтауға жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары бойынша әзірленді.**

**Талдау есебі «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ тапсырысы бойынша «Стратегиялық зерттеулер орталығы» ЖШС-мен әзірленді.**

**Аталған құжатты Талдау есебін әзірлеушінің немесе Зерттеудің тапсырыс берушісінің («Стратегиялық зерттеулер орталығы» ЖШС немесе «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) рұқсатынсыз толығымен немесе ішінара шығаруға, тираждауға және таратуға болмайды.**

## МАЗМҰНЫ

I. ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ -ӘДІСНАМАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ .....	4
1. Зерттеу мақсаты .....	9
2. Зерттеу нысаны мен мәні .....	9
II. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ РӘСІМДІК СИПАТТАМАСЫ. ....	11
2. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ .....	18
2.1. Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі .....	20
2.1.1. Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқаттың негізгі көздері туралы халық пікірі.....	20
ҚР-дағы зейнетақы жүйесінің құрамдас компоненттері/Қазақстандағы зейнетақының құрамдас бөліктері туралы білімді анықтау сұрақтары .....	
2.1.2. Респонденттердің зейнетақы жүйесі саласындағы жекелеген институттардың функциялары туралы хабардар болуы .....	23
a. БЖЗҚ негізгі функциялары туралы білу .....	23
b. Қазақстандағы зейнетақы төлемдерінің түрлері туралы білу. ....	24
c. БЖЗҚ-дағы жарна түрлері туралы білу.....	25
d. ҚР-дағы зейнетке шығу жасы туралы білу .....	29
e. Респонденттердің БЖЗҚ-мен қарым-қатынасы .....	30
f. Салымшыларды зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар ету бөлігінде БЖЗҚ міндеттерін білу.....	33
g. Респонденттің жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы мәлімет алу әдістері туралы білуі .....	34
2.2. Қаржылық сауаттылықтың тереңдетілген деңгейі .....	
a. Инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялауды жүзеге асыру: .....	36
b. Зейнетақы жинақтарына инвестициялық табыс есептеу қағидаттары туралы білу. ....	37
Зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатыны және инвестициялық табыс есебінен көбейетіні туралы респонденттердің хабардар болуы. ....	38
c. Зейнетақы жинақтары есебінен зейнет жасына толғанша зейнетақы жинақтарын алу мүмкіндігі .....	39
d. Зейнетақы аннуитеті туралы білу.....	41
e. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі салық салу туралы білу.....	43
f. Зейнетақы жинақтарының мемлекеттік кепілдігі туралы білу .....	44
g. Зейнетақы жүйесінің, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікте зейнетақы жинақтарын есепке алудың ерекшеліктерін білу. ....	45
3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ, «БЖЗҚ» АҚ-ҒА СЕНІМ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ СЕНІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ .....	50
3.1. Қазақстанның зейнетақы жүйесіне халық сенімінің деңгейі .....	50
3.2. Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қорына (БЖЗҚ) халық сенімінің деңгейі .....	54
3.3. БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыру шаралары .....	59
4. ХАЛЫҚТЫҢ «БЖЗҚ» АҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, ХАБАРДАР БОЛУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫН АНЫҚТАУ, СОНДАЙ-АҚ «БЖЗҚ» АҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРЫ МЕН ХАЛЫҚПЕН КОММУНИКАЦИЯ АРНАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ .....	60
5. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІН КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ .....	69
6. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН ТАЛДАУ .....	72
7. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША ТҰЖЫРЫМДАР .....	72
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР .....	84
1-ҚОСЫМША .....	85
2-ҚОСЫМША .....	92

## **I. ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

2013 жылдың 21 маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын (бұдан әрі – БЖЗҚ немесе Қор) құру және оған жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін беру заңның жүзеге асырылуы болды.

2023 жылы Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі - Кодекс) арқылы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшін жойды және Қордың қазіргі уақыттағы міндеттері Кодексте регламенттелген.

БЖЗҚ зейнетақы активтері Кодекстің 36 және 37-баптарына сәйкес басқарылады.

Осылайша, Кодекстің 36-бабына сай БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен БЖЗҚ арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін әзірлейді, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді, сондай-ақ БЖЗҚ-ның инвестициялық декларациясын әзірлейді және бекітеді

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқа тұлғаға активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа және Кодекске сәйкес өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті әрекеттерді жасауды тапсыруы мүмкін. Бұл ретте сенімгерлік басқарушы өзі сайлаған сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеттеріне өз іс-әрекеті ретінде жауап береді.

Кодекстің 37-бабына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруы БЖЗҚ мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Кодекстің 34-бабының 7-тармағына сай БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуды және есепке алуды жүзеге асырады және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Өзге тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуына және есепке алуына тыйым салынады.

БЖЗҚ-ның құқықтары мен міндеттері Кодекстің 35-бабында регламенттелген. Кодекстің 35-бабының 1-тармағына сай,

БЖЗҚ:

- 1) ерікті зейнетақы жарналарын тартуға;
- 2) өз қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотта зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша міндетті зейнетақы

жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының мүдделерін білдіруге;

- 4) мүлікті жалға беруге;
- 5) филиалдар мен өкілдіктер ашуға;
- 6) меншікті активтерді инвестициялау нәтижесінде инвестициялық кіріс алуға;
- 7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжатында айқындалған тәртіппен биометриялық сәйкестендіру рәсімі немесе өзге де сәйкестендіру құралдары арқылы зейнетақы қызметтерін көрсетуге;
- 8) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттарға, кастодиандық шарттарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте, БЖЗҚ:

- 1) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуға;
- 2) «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуды және есепке алуды жүзеге асыруға;
- 3) зейнетақы төлемдерін алушыларға және (немесе) уәкілетті операторға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға;
- 4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен зейнетақы жинақтарын, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын және төлемдерді жеке есепке алуды жүзеге асыруға;
- 5) өз атына жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға осы Кодекстің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып:
  - a. оның ішінде осы Кодекстің 262-бабы 5-тармағының ережелерін ескере отырып, оның сұрау салуы бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұрау салынатын күнге зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы;
  - b. міндетті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қолжетімді сомасы туралы;
  - c. міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қолжетімді сомасы туралы ақпаратты ақы алмай беруге міндетті.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының көрсетілген зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында айқындалады;

- 6) зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару, тоқтату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;
- 7) біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, төлеу және қайтару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын

- тәртіппен уәкілетті оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;
- 8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым арасында жасалған келісімде белгіленген тәртіппен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;
  - 9) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен қалыптасқан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында жариялауға;
  - 10) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және көлемде инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасқан инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесін ашуға;
  - 11) жыл сайын келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, алдағы жылға есептелген және қолданыста болатын зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шектерін кемінде екі баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында жариялау арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға;
  - 12) міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға) зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсетуге;
  - 13) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
  - 14) осы Кодекстің нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуға;
  - 15) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) зейнетақы жинақтарын осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына аударуға;
  - 16) осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге;
  - 17) осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асыруға;
  - 18) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасуға;
  - 19) инвестициялық портфельді басқарушымен зейнетақы активтерін сенімгерлік

басқару туралы шарт, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушымен және кастодиан-банкпен кастодиандық шарт жасасуға;

- 20) өзі үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарын осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға;
- 21) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өзінің қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Бұл ретте бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар бойынша кірістерге берілетін кепілдіктер немесе уәделер қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді;
- 22) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің қарауы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;
- 23) міндетті зейнетақы жарналарының барлық салымшыларына, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға) тең жағдайларды қамтамасыз етуге;
- 24) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасуды жүзеге асыруға;
- 25) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;
- 26) өз қызметінде сертификатталған жабдық мен бағдарламалық қамтылымды пайдалануға;
- 27) ақпаратты сақтауға арналған резервтік орталығы болуына;
- 28) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық, коммуникациялық жүйелер мен технологияларды қоса алғанда, бағдарламалық-техникалық қамтылымға кемінде үш жылда бір рет аудит жүргізуге;
- 29) өз атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға ақы алмай жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпарат беруге міндетті.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының көрсетілген ақпаратты беру тәсілі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында айқындалады.

Зейнетақы жүйесін жетілдірумен байланысты негізгі оқиғалардың бірі әйелдердің зейнет жасын 58 жастан 63 жасқа дейін көтеру болып табылады. Кодекстің 207-бабына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау: 2001 жылғы 1 шілдеден бастап – ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда жүргізіледі.

Бұл ретте әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;
- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;
- 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;
- 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;
- 2031 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

Осылайша, әйелдер мен ерлердің зейнет жасы біртіндеп теңесіп, 2031 жылдан бастап 63 жас болады.

1998 жылға дейін ерлердің зейнет жасы 60 жас, әйелдер үшін 55 жас болғанын ескерту керек. 2001 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ерлер 63 жаста, 2023 жылы әйелдер 61 жаста зейнетке шығуға құқық алады.

Қазақстанның заңнамасы бойынша 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде 6 ай еңбек өтілі бар тұлғалар республикалық бюджеттен ортақ зейнетақы алуға құқылы.

Сонымен қатар барлық азамат мемлекеттік бюджеттен ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-ынан кем емес мөлшерде базалық төлем (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап) алуға құқылы.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 және одан аз жыл болғанда немесе ол болмағанда ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан 60% мөлшерде, оның мөлшерін жинақтаушы жүйесіне он жылдан жоғары қатысу өтілінің әрбір толық жылы үшін 2%-ға, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан 100% аспайтын мөлшерде беріледі.

Сондай-ақ, 2021 жылдан бастап БЖЗҚ салымшыларының төмендегі санаттарына өздерінің зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделу ақысын төлеуге пайдалану құқығы берілді:

1) белгілі бір жеткіліктілік шегінен асатын міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар жұмыс істейтін азаматтар. Жеткіліктілік шегі әрбір жас үшін жеке анықталған;

2) зейнеткерлер (күштік құрылымдар қатарындағы зейнеткерлерді қоса алғанда) – зейнетақысының жиынтық мөлшері (жасына қарай немесе еңбек сіңірген жылдар үшін зейнетақыны, базалық зейнетақыны қоса алғанда) жоғалтқан табысты халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейде (40% пайыздан кем емес) алмастыруды қамтамасыз еткен жағдайда, БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының қалған сомасының 50 пайызынан аспайтын шекте;

3) сақтандыру компанияларымен өмір бойғы аннуитеттік төлемдерді қамтамасыз ететін зейнетақы аннуитеті шарттарын жасаған тұлғалар.

Сонымен қатар 1), 3) санаттарға кіретін тұлғалардың өздерінің зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына аударуға құқығы бар.

Мұнымен бірге, Кодекстің күшіне енуіне байланысты салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктері кеңейді. Енді салымшыларға компанияны дербес таңдай отырып, инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) ең төменгі жеткіліктілік шегі ескерілмей, МЗЖ және МКЗЖ есебінен 50%-дан аспайтын зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігі беріледі.



Ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшылар оларды толық көлемде ИПБ-ға бере алады.

### **1. Зерттеу мақсаты**

Осы зерттеу мақсаттары:

1) Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау;

2) «БЖЗҚ» АҚ-ға халық сенімінің деңгейін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1) Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін жынысы/жасы/тұратын жері/әлеуметтік мәртебесі тұрғысынан төмендегі топтар бойынша бағалау:

1.1. Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі. Төмендегі белгілер бойынша топқа тиесілілікті анықтау:

- зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі туралы түсінік;
- ҚР-дағы зейнетақы жүйесінің құрамдас бөліктері/Қазақстанда зейнетақының неден құралатыны туралы білу;
- БЖЗҚ-дан төленетін төлемдердің түрлері, мөлшері және қалыптасу көзі туралы білу;
- БЖЗҚ-ның салымшыларды зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар ету міндеті туралы білу;
- ҚР-да зейнетке шығу жасы туралы білу.

1.2. Қаржылық сауаттылықтың тереңдетілген деңгейі. Төмендегі белгілер бойынша топқа тиесілілікті анықтау:

- зейнетақы активтерін инвестициялау туралы білу;
  - зейнетақы төлемдерін есептеуді білу;
  - зейнетақы аннуитеті туралы білу;
  - жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі салынатын салық туралы білу;
  - зейнетақы жинақтарының мемлекеттік кепілдігі туралы білу.
- 2) «БЖЗҚ» АҚ-ға сенім деңгейін жынысы/жасы/тұратын жері/әлеуметтік мәртебесі тұрғысынан топтар бойынша бағалау.

Сонымен қатар респонденттердің соңғы жаңалықтар туралы хабардар болуы, оның ішінде салымшылардың белгілі бір санаттары үшін өз зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алуға, емделуге, басқарушы компанияға аударуға пайдалану құқығы, сондай-ақ осы жаңалықтың зейнетақы жүйесіне және БЖЗҚ-ға халық сенімінің деңгейін арттыруға әсері сарапталды.

### **2. Зерттеу нысаны және мәні**

Зерттеу нысаны: Қазақстан Республикасының ауылдық және қалалық жерлерде тұратын ересек (18 жастан асқан) тұрғындары.

Зерттеу мәні: азаматтардың Қазақстанның зейнетақы жүйесіне және БЖЗҚ-ға көзқарасы, халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау.

### **3. Жұмыс гипотезалары:**

1. БЖЗҚ-ға және зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі орташадан жоғары деңгейде тұр.

2. Зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерінде респонденттер мемлекеттік телевизия сияқты анағұрлым сенімді ақпарат көздеріне сенеді.

3. БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат қолжетімділігі осы ақпараттың респонденттерге қаншалықты түсінікті болатынына байланысты.

4. БЖЗҚ-ға сенім деңгейі Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейіне тікелей байланысты (БЖЗҚ-ға сенім деңгейі мен зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің тікелей тәуелділігі).

5. Зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі мен БЖЗҚ-ға сенім деңгейі респонденттің (оның отбасының) материалдық жағдайына тікелей байланысты.

6. БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты қабылдау (түсіну) деңгейі респонденттің жасына және білім деңгейіне байланысты.

7. Респондент үшін БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың қолжетімділік деңгейі респонденттің білім деңгейіне және жасына тікелей байланысты.

## **II. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ РӘСІМДІК СИПАТТАМАСЫ**

**Зерттеу әдістері:** Қазақстанның 17 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаласындағы *қала халқына телефон арқылы сауалнама жүргізуді*, сондай-ақ *ауыл халқына сауалнама жүргізуді* қамтитын **аралас** сауалнама түрі қолданылды. Қала және ауыл халқы бөлігінде іріктеу Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының өзекті деректері негізінде бас пропорционалды жиынтыққа есептелді.

**Іріктеме жиынтық негіздемесі:** Стратификацияланған іріктеме жиынтық квоталық (кездейсоқ емес) іріктеме негізінде қалалық және ауылдық жерлерде тұратын тұрғындардан техникалық тапсырмаға сай қалыптастырылды. Іріктеу кезінде респонденттер жасына, әлеуметтік мәртебесіне және біліміне қарай бөлінді.

### **1. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

#### **Зерттеу жүргізу мақсаттары үшін іріктеме жиынтық мөлшері**

Іріктеме жиынтық мөлшері 3 000 респондентпен анықталды. Төменде Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – ҚР СЖРА ҰСБ) порталында ұсынылған 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бас жиынтыққа (Қазақстан Республикасы халқының) сай есептелген қалалар мен ауылдар бөлігіндегі іріктеме жиынтық құрылымы берілді.

## Аймақ типі бойынша бас және іріктеме жиынтықты өңірлік бөлу

	БАРЛЫҒЫ	Қала халқы, адам	Ауыл халқы, адам	БАРЛЫҒЫ	Қала халқы, %	Ауыл халқы, %	Сауалнама саны		
							БАРЛЫҒЫ	қала	ауыл
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>19 899 377</b>	<b>12 317 671</b>	<b>7 581 706</b>	<b>100,00%</b>	<b>61,90%</b>	<b>38,10%</b>	<b>3 000</b>	<b>1 856</b>	<b>1 144</b>
<b>Орталық өңір</b>									
Ақмола	788 677	443 831	344 846	3,96%	3,60%	4,55%	119	67	52
Қарағанды	1 136 039	924 496	211 543	5,71%	7,51%	2,79%	171	139	32
Ұлытау	221 747	175 549	46 198	1,11%	1,43%	0,61%	33	26	7
Астана қ.	1 383 291	1 383 291	0	6,95%	11,23%	0,00%	209	209	0
<b>Батыс өңір</b>									
Ақтөбе	934 061	697 820	236 241	4,69%	5,67%	3,12%	141	105	36
Атырау	698 781	386 053	312 728	3,51%	3,13%	4,12%	105	58	47
Батыс Қазақстан	691 123	389 262	301 861	3,47%	3,16%	3,98%	105	59	46
Маңғыстау	777 205	352 253	424 952	3,91%	2,86%	5,60%	117	53	64
<b>Шығыс өңір</b>									
Абай	609 967	371 968	237 999	3,07%	3,02%	3,14%	92	56	36
Шығыс Қазақстан	729 350	483 968	245 382	3,67%	3,93%	3,24%	110	73	37
<b>Солтүстік өңір</b>									
Қостанай	831 593	516 090	315 503	4,18%	4,19%	4,16%	126	78	48
Павлодар	755 424	533 600	221 824	3,80%	4,33%	2,93%	113	80	33
Солтүстік Қазақстан	532 766	259 343	273 423	2,68%	2,11%	3,61%	80	39	41
<b>Оңтүстік өңір</b>									
Жамбыл	1 222 257	529 069	693 188	6,14%	4,30%	9,14%	185	80	105
Қызылорда	838 860	393 694	445 166	4,22%	3,20%	5,87%	126	59	67
Түркістан	2 133 559	523 793	1 609 766	10,72%	4,25%	21,23%	322	79	243
Алматы	1 518 282	245 431	1 272 851	7,63%	1,99%	16,79%	229	37	192
Жетісу	699 192	310 957	388 235	3,51%	2,52%	5,12%	105	47	58
Алматы қ.	2 191 314	2 191 314	0	11,01%	17,79%	0,00%	330	330	0
Шымкент қ.	1 205 889	1 205 889	0	6,06%	9,79%	0,00%	182	182	0

Зерттеу сауалнамасына сай жынысына, жас топтарына, сондай-ақ қоныстану типіне қарай іріктеме жиынтық мөлшері төменде берілді.

Іріктеме жиынтықты отбасылық жағдайға қарай бөлу зерттеу барысында анықталатын болады, себебі Зерттеу сауалнамасында көрсетілген бөлуге сай отбасылық жағдайға қарай ҚР СЖРА ҰСБ ресми статистикасы жүргізілмейді.

2-кесте

**Респонденттерді жынысына, жас топтарына, отбасылық жағдайына және қоныстану типіне қарай бөлу**

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы		Саны
<b>Барлығы</b>		<b>3000</b>
<b>Жынысы</b>	Ерлер	1465
	Әйелдер	1535
<b>Жасы</b>	18-29 жас	799
	30-39 жас	878
	40-49 жас	616
	50-59 жас	482
	60-65 жас	225
<b>Отбасылық жағдайы</b>	Бойдақтар	Зерттеу нәтижесі бойынша анықталатын болады
	Үйленгендер	
	Ажырасқандар	
	Жесір қалғандар	
<b>Қоныстану типі</b>	Қала	1 856
	Ауыл	1 144

Іріктеме жиынтықтың жас-жыныстық құрамының толық талдамасы төмендегі кестеде берілді:

3-кесте

**Іріктеме жиынтықтың жас-жыныстық құрамының толық талдамасы**

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы	Саны	%
<b>Барлығы, респонденттер, оның ішінде:</b>	<b>3000</b>	<b>100,00%</b>
<b>Ерлер, оның ішінде:</b>	<b>1 465</b>	<b>48,82%</b>
16-29 жас	400	13,33%
30-39 жас	439	14,63%
40-49 жас	302	10,08%
50-59 жас	224	7,46%
60-65 жас	100	3,32%
<b>Әйелдер</b>	<b>1 535</b>	<b>51,18%</b>
18-29 жас	399	13,29%
30-39 жас	439	14,63%
40-49 жас	314	10,47%
50-59 жас	258	8,60%
60-65 жас	125	4,18%

Респонденттердің әлеуметтік мәртебесі бөлігіндегі іріктеме жиынтық ҚР СЖРА ҰСБ деректеріне сай бас жиынтыққа пропорционал бөлінді, онда бас жиынтық (халық) жалдамалы қызметкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыссыздар санаттары бойынша бөлінді.

Сонымен қатар ҚР СЖРА ҰСБ деректеріне сай өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың өнімді және өнімсіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық болып бөлінетінін атап өту қажет.


Алайда, оңайлату мақсатында, сондай-ақ нақтылайтын сипаттамалары болмағандықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны жалпы жұмысқа қабілетті халық саны мен жалдамалы және жұмыссыз халық санының сомасы арасындағы айырма ретінде есептелді.

## Респонденттерді әлеуметтік мәртебесіне және қоныстану типіне қарай бөлу

	БАРЛЫҒЫ	Жалдамалы қызметкерлер, адам	Жалдамалы қызметкерлер, %	Жұмыссыздар, адам	Жұмыссыздар, %	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, адам	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, %
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>3 000</b>	<b>2 174</b>	<b>72,47%</b>	<b>149</b>	<b>4,97%</b>	<b>677</b>	<b>22,57%</b>
<b>Орталық өңір</b>							
Ақмола	119	81	68,07%	6	5,04%	32	26,89%
Қарағанды	171	144	84,21%	8	4,68%	19	11,11%
Ұлытау	33	29	87,88%	1	3,03%	3	9,09%
Астана қаласы	209	176	84,21%	10	4,78%	23	11,00%
<b>Батыс өңір</b>							
Ақтөбе	141	115	81,56%	7	4,96%	19	13,48%
Атырау	105	89	84,76%	5	4,76%	11	10,48%
Батыс Қазақстан	105	73	69,52%	5	4,76%	27	25,71%
Маңғыстау	117	105	89,74%	6	5,13%	6	5,13%
<b>Шығыс өңір</b>							
Абай	92	56	60,87%	4	4,35%	32	34,78%
Шығыс Қазақстан	110	85	77,27%	5	4,55%	20	18,18%
<b>Солтүстік өңір</b>							
Қостанай	126	86	68,25%	6	4,76%	34	26,98%
Павлодар	113	92	81,42%	5	4,42%	16	14,16%
Солтүстік Қазақстан	81	57	70,37%	5	6,17%	19	23,46%
<b>Оңтүстік өңір</b>							
Жамбыл	184	117	63,59%	10	5,43%	57	30,98%
Қызылорда	126	81	64,29%	6	4,76%	39	30,95%
Түркістан	322	166	51,55%	17	5,28%	139	43,17%
Алматы	229	157	68,56%	11	4,80%	61	26,64%
Жетісу	105	69	65,71%	5	4,76%	31	29,52%
Алматы қаласы	330	277	83,94%	18	5,45%	35	10,61%
Шымкент қаласы	182	119	65,38%	9	4,95%	54	29,67%

Зерттеуге 3 000 респондент қатысты, бұл ретте респонденттердің басым бөлігі (809 немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан 26,97%) коммерциялық бизнес саласында жұмыс істейді.

1-диаграмма



Респонденттер тобының санына қарай келесі кезектегі респонденттердің топтары:

- ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін қызметкерлер – 396 респондент немесе 13,20%;
- өндірістік бизнесте жұмыс істейтін қызметкерлер – 338 респондент немесе 11,27%;
- білім және тәрбие саласында жұмыс істейтін қызметкерлер – 331 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандар санынан 11,03%.

Ең азы ғылым саласында жұмыс істейтіндер – 54 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандар санының 1,80%-ы өзін осы қызмет саласына жатқызады


Респонденттерді материалдық жағдайына қарай бөлу бөлігінде респонденттердің басым бөлігі өздерін табысы жеткілікті деңгейдегі адамдар қатарына жатқызды, алайда жаңа тұрмыстық техника сатып алу оңай болмайды деп есептейді (№33 сұрақтың 3-нұсқасы «Қазір жаңа теледидар, тоңазытқыш немесе кір жуатын машина сатып алу қиын болар еді») – бұл қатарға өздерін 1142 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандар санының 38,07%-ы жатқызды.

Респонденттердің материалдық жағдайын анықтайтын екінші кеңінен танымал жауап – 4-нұсқа. «Ірі тұрмыстық техникаға ақша жеткілікті, бірақ біз жаңа көлік сатып ала алмайтын едік» – 648 респондент немесе 21,60%.

Ең азы белгілі бір материалдық қиындықтары бар екенін атап өткен және респондент табысы «тіптен азық-түлікке жетпейді» дегендер болды – мұндайлар 92 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандар санынан 3,07%.



## Респонденттерді материалдық жағдайына қарай бөлу (№33 сұрақ)



Осылайша, негізгі базалық қажеттілікті өтей алатын орташа табысы бар респонденттер саны (3-ші және 4-нұсқалар) – 1 790 адам немесе 59,67%.

## **2. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ**

Зерттеу сауалнамасындағы сұрақтардың негізгі блогы Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын анықтауға, сондай-ақ Қазақстанның зейнетақы жүйесіне және оның операторы ретінде «БЖЗҚ» АҚ-ға сенім деңгейін анықтауға бағытталған 25 сұрақтан тұрады. Осылайша:

- 1) 1-ден 19-ға дейінгі сұрақтар халықтың қаржылық сауаттылығын анықтауға бағытталған сұрақтар санатына жатады,
- 2) 20-дан 25-ке дейінгі сұрақтар халықтың зейнетақы жүйесіне және «БЖЗҚ» АҚ-ға сенім деңгейін анықтауға бағытталған.

Зерттеуге қойылған талаптарға сай осы зерттеудің екі мақсатының бірі – халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау.

Бұл ретте осы әлеуметтік зерттеу аясында ұсынылған Техникалық тапсырмаға сай Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау қажет.

Қаржылық сауаттылық деңгейін базалық және тереңдетілген деген екі деңгей бойынша сараптау ұсынылды.

Қаржылық сауаттылықтың **базалық деңгейі** мынадай компоненттерді қамтитын болады:

- зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі туралы түсінік;
- ҚР-дағы зейнетақы жүйесінің құрамдас бөліктері туралы білу / Қазақстанда зейнетақы неден тұрады;
- БЖЗҚ-дан төленетін төлемдердің түрлері, мөлшері және қалыптасу көзі туралы білу;
- БЖЗҚ-ның салымшыларды зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар ету міндеті туралы білу;
- ҚР-да зейнетке шығу жасы туралы білу.

Қаржылық сауаттылықтың **тереңдетілген деңгейі** мынадай компоненттерді қамтитын болады:

- зейнетақы активтерін инвестициялау туралы білу;
- зейнетақы төлемдерін есептеуді білу;
- зейнетақы аннуитеті туралы білу;
- жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі салынатын салық туралы білу;
- зейнетақы жинақтарының мемлекеттік кепілдігі туралы білу.

Қаржылық сауаттылықтың **базалық деңгейі** Зерттеу сауалнамасының негізгі блогының мынадай сұрақтарымен берілді:

**№1 сұрақ:** Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқатыңыздың негізі неде деп ойлайсыз?

**№2 сұрақ:** Елімізде зейнетақы төлемдерінің қандай түрлері бар екенін атап өтіңізші?

**№4 сұрақ:** БЖЗҚ немен айналысады?

**№5 сұрақ:** БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз?

**№6 сұрақ:** Қазақстанда зейнетке шығатын жас (зейнет жасы) қандай?

**№7 сұрақ:** Соңғы 12 ай үшін БЖЗҚ-ға аударым жасадыңыз ба?

**№8 сұрақ:** БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарыңыздың сомасын біліп тұрасыз ба?

**№9 сұрақ:** Соңғы 12 айда БЖЗҚ электрондық қызметтерін пайдаландыңыз ба?

**№10 сұрақ:** Соңғы 12 айда БЖЗҚ кеңселерінде Сізге қызмет көрсетілді ме?

**№11 сұрақ:** Өзіңіздің жеке зейнетақы шотыңыздың жай-күйі туралы қалай білуге болады?

Қаржылық сауаттылықтың тереңдетілген деңгейі Зерттеу сауалнамасының мынадай сұрақтарымен берілді:

**№3 сұрақ: Инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін кім инвестициялайды?**

**№12 сұрақ: Зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатынын және инвестициялық табыс есебінен көбейетінін білесіз бе?**

**№13 сұрақ: Сіздің зейнетақы жинақтарыңызға инвестициялық табыс қалай есептеледі?**

**№15 сұрақ: Зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға кім құқылы?**

**№16 сұрақ: Зейнетақы төлемдеріне салық салына ма?**

Респонденттерге қосымша сұрақтар қойылды, онда:

**1) Қате тұжырымды көрсетіңіз (№14 сұрақ):**

1. БЖЗҚ-дан тұрақты зейнетақы төлемдері тек зейнет жасына толған соң не 1-2 топтағы мерзімсіз мүгедектік белгіленген кезде жүзеге асырылады;
2. Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасап, оған БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын аударса, зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы жинақтары есебінен ай сайынғы зейнетақы төлемдерін ала бастауға болады;
3. БЖЗҚ-дан өз зейнетақы жинақтарыңызды кез келген жаста және кез келген мақсатта алуға болады;
4. БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін зейнет жасына толғанға дейін тұрғын үй жағдайын жақсарту және / немесе емделу ақысын төлеу мақсатында алуға болады.

**2) Әр түрлі зейнетақы жарналары арасынан бір дұрыс жауапты қою керек:**

**№17 сұрақ: Мемлекет ... қатысты зейнет жасына толған сәтте жинақталған инфляцияны ескеріп, зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді.**

1. зейнетақы жарналарының міндетті және ерікті түрлеріне;
2. зейнетақы жарналарының тек міндетті түрлеріне;
- зейнетақы жарналарының тек ерікті түрлеріне.

**3) Тұжырымның дұрыс немесе қате екенін көрсетіңіз:**

**№18 сұрақ: Таңдаңыз, келесі тұжырым ДҰРЫС немесе ҚАТЕ?**

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарының тұрақты төленуіне байланысты;
2. Зейнет жасына толған кезде зейнетақы жинақтарының төлемі үшін ХҚО-ға өтініш беру керек;
3. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар белгілі бір заңнамалық жағдайларда бірыңғай жиынтық төлем түрінде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын өздері төлей алады;
4. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделуге біржолғы зейнетақы төлемін алуға өтініш берген кезде ЖТС төлеуді зейнет жасына толғанша кейінге қалдыруға болады;
5. Зейнетақы жинақтары – салымшының меншігі, бірлесіп жинаған мүлікке жатпайды, мұраға қалдыруға болады және оларға үшінші тұлғалар шектеу қоя алмайды.

**4) Зейнетақы жүйесінің қағидаттары туралы хабардар болуды не хабардар болмауды көрсету керек:**

**№19 сұрақ: Тұжырымдарға БІЛЕМІН немесе БІЛМЕЙМІН деп жауап беріңіз.**

1. БЖЗҚ-ның әрбір салымшы бойынша зейнетақы жинақтарын жеке есепке алуды жүргізетінін және салымшыларды жинақтар туралы жыл сайын хабардар ететінін білесіз бе;
2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі, өз жинақтарыңыз және БЖЗҚ есептілігі туралы барлық қажетті ақпаратты [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтынан табуға болатынын білесіз бе;
3. ЖЗЖ туралы кез келген сұрақ туындаған кезде [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында көрсетілген телефондар арқылы БЖЗҚ-ға хабарласу немесе өз сұрағыңызды әлеуметтік желілерде қою керек екенін білесіз бе;
4. Тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделу және/немесе инвестициялық портфельді басқару бойынша компанияға аудару үшін жинақтардың бір бөлігін пайдалануға болатынын білесіз бе;
5. [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтындағы зейнетақы калькуляторы арқылы өз зейнетақыңызды болжамды есептеуге болатынын білесіз бе;
6. Зейнетақы активтері бойынша тарихи жинақталған кірістіліктің жинақталған инфляция деңгейінен асып түсетінін білесіз бе?
7. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) жеткіліктілік шегінің есебінсіз жарналардың міндетті түрлері (МЗЖ және МКЗЖ) есебінен өз жинақтарының 50% дейін бере алатынын білесіз бе. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтарды ИПБ-ға толық көлемде беруге бола ма?

Жоғарыда көрініп тұрғандай, жауап құрылымы басқаша соңғы үш сұрақ (білу/білмеу, хабардар болу/хабардар болмау және дұрыс/қате) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы сараптамалық білімді анықтауға бағытталған.

## **2.1. Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі**

### **2.1.1. Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқаттың негізгі көздері туралы халық пікірі**

Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқаттың негізгі көзіне қатысты халық пікірі Зерттеу сауалнамасының «Қаржылық сауаттылық деңгейі» негізгі блогының «Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқатыңыздың негізі неде деп ойлайсыз?» деген бірінші сұрағында көрсетілген.

Респонденттің қаржылық әл-ауқатының болашақ көзіне қатысты пікірі мен үмітін көрсететін бірнеше стандарт жауап нұсқасы респонденттерге ұсынылды.

Бұл ретте, төмендегі сауалнама нәтижесінен көрініп тұрғандай, респонденттерге мемлекеттік институттардан (БЖЗҚ), мемлекеттен немесе өзінің кәсіпкерлік дағдылары мен жеке жинақтарынан (өз бизнесінен немесе БЖЗҚ-дағы жинақтардан басқа өзге де жинақтарынан) немесе үшінші тұлғалардан (отбасы, туыстары) күтетін үмітті көрсететін жауап нұсқалары ұсынылды.

Бұл мәселе зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтауға жанама байланысты және сұрақтың қойылуынан көрініп тұрғандай, зейнет жасында қаржылық әл-ауқатты қамтамасыз етудің негізгі көздері туралы халық **пікірін** анықтауға бағытталған.

Аталған сұрақтың негізгі мақсаты – респонденттердің зейнет жасындағы өз болашағы үшін жеке жауапкершілігін қаншалықты түсінетінін және оған қаншалықты көңіл бөлетінін анықтау.

«Қаржылық сауаттылық деңгейі» блогы сұрақтарының көпшілігіне қарағанда, бұл сұрақ «дұрыс» жауапты білдірмейді және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтауға тікелей бағытталмаған.

Халық арасында жүргізілген сауалнама халықтың басым бөлігі қаржылық әл-ауқатының негізгі көзі БЖЗҚ-дағы өздерінің зейнетақы жинақтары болады деген пікірді


ұстанатынын көрсетіп отыр (1001 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандар санынан 33,37%).

Респонденттердің пікірінше, екінші маңызды жауап - мемлекеттен берілетін зейнетақы (909 респондент немесе 30,30%). 438 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 14,60%-ы басқа жинақтарға (БЖЗҚ-дағы жинақтардан бөлек) сенеді.

402 респондент (13,40%) өз бизнесіне сенім артады, 152 респондент (жалпы респонденттер санының 5,07%-ы) отбасының және/немесе туыстарының қолдауына сенеді.

3-диаграмма

**№1 сұрақ: Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқатыңыздың негізі неде деп ойлайсыз?**



Бұл ретте, жоғарыда көріп отырғанымыздай, респонденттер сақтандыру төлемдерін мүлдем ескермейді – бұл жиі кездесетін жауаптың ең азы, оны небәрі 69 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқан халық санының 2,30%-ы берген.

**ҚР-дағы зейнетақы жүйесінің құрамдас бөліктері/Қазақстандағы зейнетақының құрамдас бөліктері туралы білімді анықтауға арналған сұрақтар**

Респонденттердің пікірін анықтауға бағытталған және «дұрыс» жауаптарды білдірмейтін алдыңғы сұрақтардан айырмашылығы, төмендегі сұрақтардың бір немесе бірнеше дұрыс жауабы болуы мүмкін.

Қазір Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейлерден тұратын көп деңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

- 1) **бірінші деңгей (базалық)** – мемлекеттік базалық және ортақ зейнетақы төлемдері (республикалық бюджет);
- 2) **екінші деңгей (міндетті)** – міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері;
- 3) **үшінші деңгей (ерікті)** – ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер.

**Базалық (бірінші) деңгейде мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі** көзделген, ол азаматтарға және республика аумағында тұрақты тұратын адамдарға зейнет жасына толған кезде тағайындалады және ортақ және/немесе жинақтаушы зейнетақы алатынына қарамастан жүзеге асырылады, сондай-ақ 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жиналған еңбек өтіліне қарай республикалық бюджет есебінен төленетін **ортақ зейнетақы** көзделген.

Заңнамамен ортақ зейнетақыны есептеу үшін қабылданатын орташа айлық табыстың (ОАТ) шекті мөлшері (жыл сайын республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін *айлық есептік көрсеткіштің 55 еселенген шегінде есепке алынады*), сондай-

ақ зейнетақы төлемінің ең жоғарғы мөлшерін шектеу (ОАТ-дан 60 %) <sup>1</sup> көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 841 Жарлығымен бекітілген 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін әрі қарай жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес ортақ зейнетақы мөлшерлерін қолайлы деңгейде ұстап тұру үшін олардың мөлшері инфляция деңгейінен екі пайыз асырып, жыл сайын индекстеледі.

**Екінші (міндетті) деңгейде** қызметкерлердің зейнетақы жинақтары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (бұдан әрі – БЖЗҚ) төлем бар.

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінен зейнетақылар**

Барлық жұмыс істейтін адамның міндетті зейнетақы жарналарын аударуын көздейтін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшуге байланысты, бұл ретте әрбір жұмыс беруші БЖЗҚ-да ашылған қызметкердің жеке зейнетақы шотына МЗЖ-ны қызметкердің ай сайынғы табысынан 10% мөлшерінде (*ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспайтын*) тұрақты аударуға міндетті.

ҚР Әлеуметтік кодексінің 220-бабына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдеріне құқық БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар:

1) зейнет жасына толған кезде – 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап әйелдер үшін 61 жас/ ерлер үшін 63 жас;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға;

4) салымшы қырық бес жасқа толған кезде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 % төмен болмайтын сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасауға зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде беріледі.

«Бір жолғы» алу құқығы, яғни БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемін бірден алу құқығы жалпы зейнетақы жинақтарының сомасы ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспайтын тұлғаларға ғана беріледі (2023 жылы – 636 912 теңге)

Егер жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы кезекті ай сайынғы төлем жасалған соң ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан кем сома болса, бұл қалдық кезекті төлем сомасымен бірге төленеді.

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары мұраға қалдырылады және оларға төлемге құқық алған сәттегі инфляция деңгейін ескеріп, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын сақтау бойынша кепілдік қолданылады.

**Үшінші (ерікті) деңгей** – ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер.

Ерікті зейнетақы жарналары – салымшылардың өз бастамасы бойынша БЖЗҚ-ға және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына өзі немесе үшінші тұлғалар үшін салатын ақшасы. Олардың мөлшерлемесі, төлеу кезеңі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартпен анықталады.

Ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары – өз қаражаты есебінен ерікті зейнетақы жарналарын<sup>2</sup> салатын жеке немесе заңды тұлға.

<sup>1</sup> «Қазақстанда зейнетке шығу»: зейнетақы мөлшерін, зейнет жасын есептеу және зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер». 25.09.2023. Мына сілтеме бойынша қолжетімді: [https://egov.kz/cms/ru/articles/pensionnaya\\_sistema](https://egov.kz/cms/ru/articles/pensionnaya_sistema)

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері. Мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/272867>

## **2.1.2. Респонденттердің зейнетақы жүйесі саласындағы жекелеген институттардың функциялары туралы хабардар болуы:**

### ***а. БЖЗҚ негізгі функциялары туралы білу***

Бұрын көрсетілгендей, Кодекстің 34-бабының 7-тармағына сай бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуды және есепке алуды жүзеге асырады және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Өзге тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуына және есепке алуына тыйым салынады.

Респонденттерге БЖЗҚ негізгі функциялары туралы хабардар болу деңгейін анықтау аясында төменде берілген **жауаптың бір нұсқасын** таңдау ұсынылды:


1. Міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын жинайды, зейнетақы жинақтарының есебін жүргізеді, зейнетақы жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады;
2. Зейнетақы жинақтарының құнын сақтау және көбейту үшін зейнетақы активтерін инвестициялайды;
3. «Бір терезе» қағидаты бойынша халыққа барлық мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;
4. Басқасы (көрсетіңіз).

Жүргізілген сауалнамаға сай респонденттердің басым бөлігі – 1530 адам (респонденттердің жалпы санының 51,00%-ы) – салымшылардың міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын жинау, зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу, сондай-ақ зейнетақы жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру болып табылатын «БЖЗҚ» АҚ функциясын дұрыс анықтап отыр (1-нұсқа).

Респонденттердің екінші кең танылған жауабы – 2-нұсқа «Зейнетақы жинақтарының құнын сақтау және көбейту үшін зейнетақы активтерін инвестициялайды». Бұл нұсқаны 1028 респондент (сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 34,27%-ы) таңдады.

*4-диаграмма*

**№4 сұрақ: БЖЗҚ немен айналысады?**



Респонденттердің айтарлықтай аз саны – 439 (14,63%) респондент «БЖЗҚ» АҚ функциясы «бір терезе» қағидаты бойынша халыққа барлық мемлекеттік қызметтерді көрсету деп санайды (3-нұсқа).

Жалпы, жоғарыда көрініп тұрғандай, респонденттердің басым бөлігі БЖЗҚ-ның негізгі функциялары туралы хабардар, бұл респонденттердің БЖЗҚ-ның жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі рөлін жалпы түсінетіндігін көрсетеді.

Бұл ретте осы Қорытындының 5-бөлімі респонденттің жасы, қызмет саласы, материалдық жағдайы, білімі және қоныстану типі (қала-ауыл) сияқты әлеуметтік-демографиялық факторлар респонденттің БЖЗҚ функцияларына қатысты пікірін айқындайтын негізгі факторлар емес екенін көрсетіп отыр.

#### ***в. Қазақстандағы зейнетақы төлемдерінің түрлері туралы білу.***

Келесі сұрақтар БЖЗҚ-дан төленетін төлемдердің негізгі түрлері, мөлшері мен оларды қалыптастыру көздері тұрғысынан халықтың қаржылық сауаттылығының базалық деңгейін анықтауға бағытталған.

Атап айтқанда, зерттеу жүргізу шеңберінде респонденттерге біздің елімізде зейнетақы төлемдерінің қандай түрлері бар екенін таңдау ұсынылды, оның ішінде:

- 1) Қазақстанның барлық азаматтарына кепілді мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және еңбек өтілі бойынша мемлекеттік еңбек (ортақ) зейнетақы;
- 2) Қызметкердің міндетті зейнетақы жарналарынан, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарынан, ерікті зейнетақы жарналарынан қалыптастырылған меншікті зейнетақы жинақтары есебінен БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері;
- 3) Екі нұсқа да дұрыс;
- 4) Басқасы (көрсетіңіз).

Жауаптар баламалығын шектеу мақсатында респонденттерге бір ғана жауапты таңдау немесе өз нұсқасын көрсету ұсынылды («Басқасы» нұсқасы).

Сауалнаманың №2 сұрағында жоғарыда көрсетілген зейнетақы төлемдерінің барлық түрі болғандықтан, сұрақтың өзі респондентке жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеуге мүмкіндік береді, мұндайда респондент тарапынан жауаптардың барлық жоғарыда келтірілген нұсқаларын көрсету «дұрыс» болады (3-нұсқа: Екі нұсқа да дұрыс).

Біз күткендей, респонденттердің басым бөлігі (1507 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 50,23%-ы) Қазақстанның барлық азаматына кепілді мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және еңбек өтілі бойынша мемлекеттік еңбек (ортақ) зейнетақысы, сондай-ақ қызметкердің міндетті зейнетақы жарналарынан, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарынан, ерікті зейнетақы жарналарынан қалыптастырылған меншікті зейнетақы жинағы есебінен БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері туралы хабардар (3-нұсқа).

Респонденттер жиі таңдаған екінші жауап (765 респондент немесе 25,50%) – Қазақстанның барлық азаматтарына кепілді мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және




еңбек өтілі бойынша мемлекеттік еңбек (ортақ) зейнетақысын қамтитын жауап нұсқасы (1-нұсқа).

Сәл аздау 708 (23,60%) респондент міндетті зейнетақы жарналарынан, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарынан, ерікті зейнетақы жарналарынан қалыптастырылған қызметкердің меншікті зейнетақы жинақтары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ғана қамтитын жауап нұсқасын таңдады (2-нұсқа).

5-диаграмма

**№2 сұрақ: Елімізде зейнетақы төлемдерінің қандай түрлері бар екенін атап өтіңізші?**



Қазіргі уақытта еліміздің тұрғындары өтпелі кезенді бастан өткеруде, 1998 жылға дейін жұмыс өтілі бар халықтың бір бөлігі 1998 жылғы зейнетақы реформалары кезеңіне дейін зейнетақы төлемдерінің жалғыз көзі болған еңбек (ортақ) мемлекеттік зейнетақы жүйесінің болуы туралы хабардар.

Уақыт өте келе базалық мемлекеттік зейнетақыға және міндетті зейнетақы жинақтары бойынша зейнетақы төлемдеріне толық көшу болжануда.

Бұл ауысу респонденттердің қызметкердің меншікті зейнетақы жинақтары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін (3-нұсқа) не тек қызметкердің меншікті зейнетақы жинақтары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін (2-нұсқа) таңдауынан байқалады.

Осылайша, респонденттер қазіргі уақытта мемлекеттік базалық және еңбек (ортақ) зейнетақысына аз сенім артады.

Бұл ретте, 4-сұрақтағыдай, Қазақстанда бар зейнетақы төлемдерінің түрлері туралы респонденттердің хабардар болу корреляциясын талдау респонденттің жасы, қызмет саласы, материалдық жағдайы, білімі және қоныстану түрі (қала-ауыл) сияқты әлеуметтік-демографиялық факторлардың олардың зейнетақы төлемдерінің түрлері туралы білуінен тәуелсіз екенін көрсетті.

Осы мәселе бойынша неғұрлым толығырақ талдау осы зерттеудің 5-бөлімінде келтірілген.

**с. БЖЗҚ-дағы жарналар түрлері туралы білу**

Зейнетақы жарналарының түрлері туралы негізгі білім респонденттердің «№5 сұрақ: БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз?» сұрағына жауап есебінен алу болжанды.

Бұл сұрақта респонденттерге жауаптардың бірнеше нұсқасын көрсету мүмкіндігі ұсынылды.

Бұл мәселенің қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі сұрақтарының санатына кіретіні, бірақ сол мәселе арқылы «БЖЗҚ» АҚ-ға тиісті жарналар деңгейін (%) көрсетуді

ұсынатыны ескеріліп, қаржылық сауаттылық деңгейін айқындау мақсаты үшін бұл мәселелер (% үлесін көрсету) қосылмады.


Бұған қарамастан, осы мәселені жалпы талдауда респонденттер көрсеткен жарналар мөлшерінің (%) көрсеткіштері ескерілді.

Зейнетақы төлемдерінің түрлері туралы №2 сұраққа жауап нәтижесін ескерсек, зейнетақы төлемдерінің әртүрлі вариацияларының негізін құрайтын жарналардың түрлері туралы сұраққа жауаптарды бөлу заңды.

Осылайша, респонденттер арасында ең танымал жауап – міндетті зейнетақы жарналары (респонденттер 2607 рет атады немесе 86,90%) және ерікті зейнетақы жарналары (1079 немесе 35,97% аталу).

6-диаграмма

№5 сұрақ: БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз?



Жарналар түрінің ең көп аталғандарының жиілігі бойынша үшіншісі және төртіншісі (соңғысы) кәсіптік зейнетақы жарналары және бірыңғай жиынтық төлем болып шықты, респонденттер тарапынан 714 және тиісінше 668 аталу.

Бұл ретте, бір жауап нұсқасын берген респонденттер – 1187 адам (барлық сауалнамаға қатысқандардан 41,30%), екі жауап – 1244 адам (41,47%), үш жауап – 339 адам (11,30%), төрт жауап (яғни зейнетақы жарналарының барлық түрін біледі) – 95 адам (3,17%), 136 адам (4,53%) жауап беруге қиналды немесе зейнетақы жарналарының ешбір түрімен таныс емес.

Ұсынылған жауап нұсқаларының санын бөлу кестесі төменде берілді:

5-кесте

Зейнетақы жарналарының түрлері білу бойынша жауаптарды бөлу

Нұсқа	Саны	Нұсқа	Саны	Нұсқа	Саны	Нұсқа	Саны
1	989	1-2	383	1-2-3	112	1-2-3-4	95
2	39	1-3	577	1-2-4	56		
3	86	1-4	228	1-3-4	168		
4	73	2-3	10	2-3-4	3		
Ешбірі	136	2-4	17				
		3-4	29				

**Ескертпе:**


- 1-нұсқа – қызметкердің табысынан аударылатын міндетті зейнетақы жарналары;
- 2-нұсқа – еңбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын қызметкерлердің пайдасына жұмыс беруші төлейтін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;
- 3-нұсқа – ерікті зейнетақы жарналары, азаматтың өзі және (немесе) жұмыс беруші өз қызметкерінің пайдасына зейнетақы шотына ақша салады;
- 4-нұсқа – бірыңғай жиынтық төлем, азаматтың өзі зейнетақы шотына ақша салады.

Жоғарыда көрініп тұрғандай, жауаптардың басым бөлігі қызметкердің табысынан аударылатын міндетті зейнетақы жарналарын (989), сондай-ақ қызметкердің табысынан аударылатын міндетті зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын (577) білуге тиесілі.

Берілген жауаптарды неғұрлым терең талдау респонденттердің көпшілігі зейнетақы жарналарының қандай да бір түрі туралы білсе де, зейнетақы жарналарының түріне байланысты әлі де осы зейнетақы жарналарының нақты мөлшерлерін анықтауда қиындықтарға тап болатынын көрсетті.

7-диаграмма

**№5 сұрақ: БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз? (жауаптар нұсқасы)  
Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ)**



Осылайша, респонденттердің басым бөлігі – 2322 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 77,40%-ы міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) 10%-дық деңгейін дұрыс анықтады. 72 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 2,40%-ы МЗЖ деңгейінің дұрыс көрсеткішін басқаша көрсетті. МЗЖ-ның қандай да бір көрсеткішін көрсетуге қиналғандар саны – 606 респондент немесе 20,20%.


Сонымен қатар, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) мөлшері туралы хабардар болған респонденттердің саны айтарлықтай аз.

Осылайша, 5% мөлшерінде МКЗЖ деңгейін дәл анықтағандардың саны бар болғаны 355 респондентті немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 11,83%-ын құрады. Екінші жиі кездесетін жауап «10%» болды – 107 респондент немесе респонденттердің жалпы санының 3,57%-ы осы жауап нұсқасын көрсетті.

Бұл ретте респонденттердің басым бөлігі – немесе 2507 респондент (83,57%) ең болмағанда МКЗЖ болжамды көрсеткішін дәл көрсете алмады.

8-диаграмма

**№5 сұрақ: БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз? (жауаптар нұсқасы)  
Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ)**



Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілгендей респонденттердің МКЗЖ деңгейі туралы хабарының аз болғанына қарамастан, 5% мөлшеріндегі МКЗЖ дұрыс көрсеткіші кең танымал жауап болып табылады.


Егер қызметкердің табысынан (МЗЖ) аударылатын міндетті зейнетақы жарналарына және жұмыс беруші төлейтін (МКЗЖ) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына қатысты заңнамада бекітілген белгілі бір көрсеткіш (тиісінше 10% және 5%) болса, ал азаматтың өзі зейнетақы шотына салатын ерікті зейнетақы жарналарына қатысты жағдай белгісіз сипатқа ие.

ҚР Әлеуметтік кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын мөлшері, оны ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы өзі дербес айқындайды және өз қалауы бойынша өзгертуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгенге байланысты бұл мәселе респонденттердің қаржылық сауаттылық деңгейін айқындау кезінде есепке алынбады.

9-диаграмма

**№5 сұрақ: БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз? (жауаптар нұсқасы)  
Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ)**




Сонымен қатар, респонденттердің басым бөлігі (2998 адам немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 99,93%-ы) ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері туралы сұраққа қандай да бір жауап беруге қиналды. 10% ЕЗЖ мөлшері туралы тек 2 респондент көрсетті.

Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) мөлшерлемесінің республикалық және облыстық маңызы бар қалалар мен елорда тұрғындары үшін 1 АЕК және басқа елді мекендердің тұрғындары үшін 0,5 АЕК мөлшерінде белгіленген мөлшері бар

10-диаграмма

**№5 сұрақ: БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз? (жауаптар нұсқасы)**

### Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ)



Респонденттердің ұсынылған жауаптарына сәйкес БЖТ-ның дұрыс мөлшерін (есепке БЖТ мөлшерін 1 АЕК мөлшерінде көрсеткендер де, 0,5 АЕК мөлшерінде көрсеткендер де қабылданды) тек 255 респондент (немесе барлық жалпы сауалнамаға қатысқандардың 8,50%-ы) көрсеткен.

Респонденттердің басым бөлігі – 2575 респондент немесе барлық жалпы сауалнамаға қатысқандардың 88,83%-ы БЖТ-ның қандай да бір мөлшерін көрсете алмады.

Бұл ретте сұрақтың өзі респондентті БЖТ мөлшерін АЕК-пен көрсетуге нақты бағыттады. Осылайша, респонденттерге БЖТ үшін төлем ретінде төленетін АЕК санын көрсету ғана қалды.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, респонденттер МЗЖ (77,40%) деңгейі туралы жақсы біледі, МКЗЖ (11,83%) және БЖТ (8,50%) деңгейі туралы біршама аздау біледі және ЕЗЖ деңгейі туралы мүлдем білмейді деуге болады.

Өз кезегінде ЕЗЖ деңгейінің белгіленбегенін ескеру керек, бұл жауаптың «дұрыс» нұсқасын таңдау кезінде респонденттер арасында белгілі бір түсініксіздікті тудырады.

#### **d. ҚР-дағы зейнетке шығу жасы туралы білу**

Қазіргі уақытта қазақстандық ерлер зейнетке 63 жаста шығады. Алайда, қабылданған заңға сәйкес, әйелдер үшін зейнет жасын кезеңді көтеру көзделген. Өзгерістер 1960 жылдан 1964 жылға дейін туған әйелдерге қатысты<sup>3</sup>.

Зейнет жасы алғаш рет 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап көтерілді – әйелдердің зейнет жасы 58,5 жасты құрады. Кодекске сай 2031 жылы Қазақстанда әйелдер 63 жаста зейнетке:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 61 жасқа толғанда;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап 61,5 жасқа толғанда;
- 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап 62 жасқа толғанда;
- 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап 62,5 жасқа толғанда;
- 2031 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда шығатын болады.

2023 жылы, яғни сауалнама жүргізу сәтіне зейнетке шығу жасы:

- ерлер үшін 63 жас;
- әйелдер үшін 61 жас.

Жалпы, сұрақтың мағынасына және 2-нұсқаға қарай («Ерлер 63 жас, әйелдер 2023 жылы – 61 жас») сұрақ респонденттерді тікелей әйелдердің зейнетке шығатын нақты жасын құру тетігіне бағыттайды. Бұл ретте, ерлер үшін респонденттерге бір ғана жауап нұсқасы берілген – 63 жас.

Осылайша, респонденттерге әйелдер үшін зейнетке шығу жасы (1-нұсқа) немесе әйелдер үшін зейнетке шығатын нақты жасты құру әдістемесі бойынша нақты жауап беру қалған еді (2-нұсқа).


Төменде көрініп тұрғандай (11-диаграмманы қараңыз), респонденттердің басым

<sup>3</sup> «Қазақстанда әйелдер үшін зейнет жасын 1 қаңтардан бастап көтереді» материалы SputnikNews сайтынан. Мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://ru.sputnik.kz/20181113/povyshenie-pensionnogo-vozrasta-dlya-zhenshchin-v-2019-godu-8038420.html>

бөлігі зейнетке шығу жасына қатысты сұраққа дұрыс жауап берді (2411 респондент немесе 80,37%).

11-диаграмма

№6-сұрақ. Қазақстанда зейнетке шығатын жас (зейнет жасы) қандай?



Сауалнамаға қатысқандардың аз бөлігі (589 респондент немесе 19,63%) әлі де әйелдер үшін зейнетақы жасы өзгерген жоқ және 58 жасты құрайды деп қате ойлайды.

### ***е. Респонденттердің БЖЗҚ-мен қарым-қатынасы***

Респонденттердің БЖЗҚ-мен қарым-қатынас жиілігін айқындау аясында БЖЗҚ-ға аударымдар жиілігі (№7-сұрақ), БЖЗҚ электрондық қызметтерін пайдалану жиілігі (9-сұрақ), сондай-ақ БЖЗҚ кеңселерінде қызмет көрсету (№10-сұрақ) туралы сұрақтар қойылды.

Іс жүзінде барлық жалдамалы қызметкерлердің жалақысынан МЗЖ есептеу үшін алынатын ай сайынғы табыстан 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарнасы (МЗЖ) ұсталады.

БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден:

- 1) Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына толған адамдар;
- 2) егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу осы тармақшада көрсетілген адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады;
- 3) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар;
- 4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар босатылады.

Сондай-ақ, жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар БЖЗҚ-ға бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) төлейді.

ҚР Салық кодексінің 24-бөлімінің 774-бабына сай кәсіпкерлік қызметін жеке кәсіпкер ретінде тіркемей жүзеге асыратын жеке тұлғалар БЖТ төлеушісі болып танылады, олар бір уақытта келесі талаптарға сәйкес келеді:

- бірыңғай жиынтық төлем төлейді;
- жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайды;
- салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана қызмет көрсетеді және (немесе) акцизделетін өнімді қоспағанда, жеке қосалқы шаруашылықтың өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана сатады.


Бұл ретте БЖТ төлеушілердің табыс мөлшері жылына 1175 АЕК-тен аспауы керек.

Осылайша, жұмыссыздар мен зейнеткерлерді қоспағанда, барлық респонденттер тікелей (БЖТ төлеу арқылы) немесе жанама түрде (жұмыс беруші және МЗЖ арқылы) БЖЗҚ-ға төлем жасайды.

Мұнымен бірге, 904 респондент (30,13%) соңғы 12 айда БЖЗҚ-ға аударымдар жасамағанын айтты.

12-диаграмма

№7-сұрақ. Соңғы 12 айда БЖЗҚ-ға аударым жасадыңыз ба?



Барлық сауалнамаға қатысқандардың ішінде 149 респондент зейнетақы аударымдарын төлеуден босатылуы мүмкін санатқа жатады (жұмыссыз студенттер/білім алушылар – 5 адам, жұмыс істемейтін зейнеткерлер – 77 адам, денсаулығы бойынша жұмыс істемейтін мүгедектер – 13 адам, барлық санаттағы жұмыссыздар – 54 адам), бұл 755 респонденттің бір бөлігі (904 - 149 = 755) БЖЗҚ-ға аударымның қалай жасалатынын түсінбейді деген сөз.


Сондай-ақ, жүргізілген сауалнама аясында респонденттердің БЖЗҚ ұсынатын электрондық қызметтермен қарым-қатынасы анықталды. Осыған ұқсас БЖЗҚ кеңселерінде респонденттерге қызмет көрсетуге қатысты сұрақ қойылды. Респонденттердің БЖЗҚ-мен жиі қолданылатын қарым-қатынас жасау тәсілін анықтау үшін осы екі сұрақтың нәтижесі өзара салыстырылды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, соңғы 12 айда тек 310 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 10,33%-ы БЖЗҚ электрондық қызметтерін пайдаланған.


Өз кезегінде, ұқсас кезеңде БЖЗҚ кеңселерінде қызмет көрсетілген респонденттер саны – 131 адам немесе жалпы сауалнамаға қатысқандар санының 4,37%-ы БЖЗҚ кеңселерінде тікелей қызмет алған.

13-14-диаграмма

№9 сұрақ. Соңғы 12 айда БЖЗҚ электрондық қызметтерін пайдаландыңыз ба?



№10 сұрақ. Соңғы 12 айда БЖЗҚ кеңселерінде Сізге қызмет көрсетілді ме?



Осылайша, респонденттердің басым бөлігі БЖЗҚ-мен сирек қарым-қатынас жасайды. Бұл ретте, респонденттер арасында кеңселерге жүгінуге қарағанда электрондық




өтініштер танымал бола түсуде, бұл БЖЗҚ-ның электрондық сервистеріне деген сенімнің артқанын көрсетеді.

Соңғы 12 айда БЖЗҚ электрондық қызметтерін пайдаланғандар қатарынан 14 респондент БЖЗҚ электрондық қызметтерін алу тәжірибесіне қандай да бір баға бере алмады.


Сонымен қатар, 54 респондент қызмет алғанын, бірақ БЖЗҚ электрондық сервисінің жұмысына қандай да бір баға бермегенін атап өтті.

15-диаграмма



16-диаграмма

**БЖЗҚ электрондық қызметтерін алу тәжірибесі (қанағаттанарлық/қанағаттанғысыз)**



Бұл ретте, қалған респонденттер БЖЗҚ электрондық қызметтерін алу тәжірибесін оң бағалап, жұмыстың ыңғайлылығы (95 респондент) мен жеделдігін (44 респондент) атап өтті, сондай-ақ жалпы БЖЗҚ қосымшасы мен сайты жұмысының жағымды жақтарын ғана көрсетті (100 респондент).

Жалпы, БЖЗҚ электрондық қызметтерін пайдаланған 310 респонденттің 242 респонденті электрондық қызметтерді алу тәжірибесіне оң баға (жақсы немесе өте жақсы) берді.

Сонымен қатар БЖЗҚ кеңселеріне жүгіну тәжірибесі бар респонденттер арасында көпшілігі БЖЗҚ кеңселеріне қызметтерді алу үшін жүгіну тәжірибесін оң бағалап отыр (61 респондент немесе БЖЗҚ кеңселеріне жүгіну тәжірибелері барлардың 46,56%-ы).




Әдетте, респонденттер кеңселерге келу себебі ретінде кеңес алуды (28) және үзінді көшірме алуды (15) көрсетті.

Бұл ретте 15 респондент БЖЗҚ кеңселерінде көрсетілген қызметтің қанағаттанарлық болғанын айтты. Бұл ретте 16 респондент (оң тәжірибенің болуына қарамастан) кезектің болуын атап өтті. Кезектердің барын және тиісінше БЖЗҚ кеңсесінде қызметтердің ұзақ көрсетілуін атап өткен аталған 16 респонденттердің ішінде 6 респондент БЖЗҚ кеңсесіне жүгіну тәжірибесін оң атап өтті.


Жалпы, БЖЗҚ электрондық қызметтерін алу тәжірибесі сияқты, респонденттер БЖЗҚ кеңселеріне бару тәжірибесін оң бағалайды – 61 респондент БЖЗҚ-мен қарым-қатынасының жақсы екенін атап өтті, 15-і БЖЗҚ кеңселерінің жұмысына қанағаттанарлық баға берді.

17-диаграмма



18-диаграмма

**БЖЗҚ кеңселерінде қызмет алу тәжірибесі (қанағаттанарлық/қанағаттанғысыз)**



Жоғарыда көрсетілгендей, БЖЗҚ кеңселерімен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі тәжірибесі бар респонденттердің басым бөлігі (16 адам) БЖЗҚ кеңселеріндегі баяу жұмыспен не кезекпен байланысты.

Осылайша, БЖЗҚ кеңселерінде клиенттерге қызмет көрсету уақытын азайту мәселесін шешу клиенттердің қанағаттану деңгейін арттыруға мүмкіндік берер еді.

*f. Салымшыларды зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар ету*


### ***бөлігінде БЖЗҚ міндеттерін білу***

Зейнетақымен қамсыздандырудың қолданыстағы үлгісі әрбір азаматтың өзінің болашақ зейнетақымен қамсыздандырылуына дербес жауапкершілігіне бағдарланғандықтан<sup>4</sup>, өзінің жеке зейнетақы шотына мониторинг жүргізудегі жеке жауапкершілік мәселесі – зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықтың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың базалық қағидаты.

Болашақ зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі, ең алдымен, азаматтардың өздеріне жүктелгеніне қарамастан, жүргізілген сауалнамаға сәйкес халықтың басым бөлігі (1142 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 38,07%-ы) осы дербес жауапкершілікті бөгде ұйымдарға (Үкімет, БЖЗҚ және т.б.) немесе жалпы мемлекетке жүктей отырып, өз жинақтарына қызығушылық танытпайды.

*19-диаграмма*

**№8 сұрақ. БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарыңыздың сомасын біліп тұрасыз ба?**



Бұл ретте зейнетақы жинақтарының сомасына жылына 1 рет және одан да жиі қызығушылық танытатындардың үлесі (992 респондент немесе барлық жалпы сауалнамаға қатысқандардың 33,07%-ы) өз зейнетақы жинақтарына екі-үш жылда бір рет қызығушылық танытатындарға (866 респондент немесе 28,87%) қарағанда көп.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, халықтың зейнетақы жинақтары сомасына деген қызығушылығының төмен деңгейі халықтың зейнетақымен қамсыздандыру бөлігіндегі өз болашағына деген жауапкершілігін мемлекет пен мемлекеттік институттарға артумен байланысты болуы мүмкін.

### ***g. Респонденттің жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы мәлімет алу әдістері туралы білуі***

Осы әлеуметтік зерттеу аясында респонденттерге берілген жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы мәліметтер алу әдістері туралы сұрақ, ең алдымен, жеке зейнетақы шоты туралы ақпарат алу бөлігінде халықтың қаржылық сауаттылығын айқындауға бағытталған, сондай-ақ бұл ақпараттың қандай тәсілдермен алынатынын, «халық-БЖЗҚ» қарым-қатынасының қандай арналары тиімді және азаматтардың қандай санаттары (жынысы, жасы, әлеуметтік мәртебесі және т.б. бөлігінде ) үшін тиімді екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бұл сұрақ қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау блогының басқа сұрақтарына қарағанда жауаптардың бірнеше нұсқасын қамтитыны ескеріліп,


<sup>4</sup> Egov.kz. сайтынан «Қазақстанда зейнетке шығу: зейнетақы мөлшерін есептеу, зейнет жасы және зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер» материалы. Мына сілтеме бойынша қолжетімді: [https://egov.kz/cms/ru/articles/pensionnaya\\_sistema](https://egov.kz/cms/ru/articles/pensionnaya_sistema)

респонденттерге бірнеше таңдау ұсынылды, онда респонденттер жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы мәліметтер алу әдістерінің жиынтығын жеке анықтай алды.

Осылайша, жүргізілген сауалнамаға сәйкес, респонденттер жеке зейнетақы шотының жай-күйін анықтау үшін БЖЗҚ-ға баруды (1835 рет аталған) немесе ХҚО-ға баруды (респонденттер 1555 рет атаған) неғұрлым оңтайлы нұсқа деп санайды.

20-диаграмма

**№11 сұрақ. Өз жеке зейнетақы шотыңыздың жай-күйі туралы қалай білуге болады?**



Респонденттердің пікірінше, жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алудың үшінші неғұрлым оңтайлы тәсілі – бұл ақпаратты БЖЗҚ ұялы қосымшасы арқылы алу (1532 рет аталған), сонан соң – электрондық үкімет порталы арқылы ақпарат алу нұсқасы (1432 рет аталған).

Осылайша, жоғарыда көріп отырғанымыздай, халықтың басым бөлігі ақпарат алудың дербестендірілген тәсілдеріне (мемлекеттік институт – ХҚО арқылы немесе тікелей БЖЗҚ арқылы жеке өтініш жасау) немесе делдалдың қатысуынсыз жеке өтініш жасауға (қызметтерді БЖЗҚ ұялы қосымшасы немесе БЖЗҚ сайтында жеке кабинет не электрондық үкімет порталы арқылы алу) бейім.

Респонденттердің ең азы жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу құралын банктер деп атап өтті (263 аталу ғана).

Әдетте, халық банктерде зейнетақы шотының жай-күйі туралы толық ақпарат алмайды. Екінші деңгейдегі банктерден алынатын ақпарат – БЖЗҚ салымшысының жеке зейнетақы шотына аударылатын зейнетақы аударымдары туралы анықтама. Бұл ақпарат (анықтама) банктік қызметтердің кейбір түрлерін, мысалы, банктік несие алу үшін қажет. Осыған орай, жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу – бұл жағдайда ілеспе қызмет.

Осылайша, респонденттер зейнетақы жинақтары мәселелерінде тікелей БЖЗҚ кеңселеріне барғанды жөн көреді, бұл зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерінде делдал арналар маңызының төмендегенін көрсетеді.

## 2.2. Қаржылық сауаттылықтың тереңдетілген деңгейі

«Қаржылық сауаттылық деңгейі» бөлімінің сегіз сұрағынан тұратын зерттеу сауалнамасының келесі сұрақтар блогы қаржылық сауаттылық саласындағы неғұрлым озық білім деңгейін айқындауға бағытталған.

Бұл ретте, осы кезеңде сұрақтар респондентке өз пікірін білдіруге мүмкіндік бермеді және бір мәнді сипатта болды.

***а. Инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялауды жүзеге асыру:***

ҚР Әлеуметтік кодексінің 30-бабының 1-тармағына сай Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі** Экономикалық саясат жөніндегі кеңес мақұлдаған инвестициялық декларация және Қор мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың активтерін инвестициялау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттеріне сәйкес Қордың активтерін орналастыруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың активтерін шоғырландыру және орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізеді және жасалған шартқа сәйкес Қорға тоқсан сайын оның шоттарының және Қор активтерімен жүргізілетін инвестициялық қызметтің жай-күйі туралы есепті ұсынады.

Бұдан басқа, 2021 жылдан бастап «БЖЗҚ» АҚ инвестициялық портфельді басқарушылармен (ИПБ) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасайды.

Салымшы олардың инвестициялық декларацияларымен және комиссиялық сыйақы туралы ақпаратымен таныса отырып, БЖЗҚ-мен шарт жасаған төрт инвестициялық портфельді басқарушының арасында (сауалнама жүргізу уақытында) таңдау жасай алады. Басқарушы компаниялар туралы барлық деректер бар ИПБ тізілімі «БЖЗҚ» АҚ сайтында орналастырылған.

ҚР Әлеуметтік кодексінің 37-бабының 5-тармағының 3)-тармақшасына сай «БЖЗҚ» АҚ ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға зейнетақы жинақтарын міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның ИПБ таңдауы (өзгертуі) туралы өтініші келіп түскен күнге осы тұлғаның **жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары сомасының 50% аспаған кезде** жүзеге асырылады. Бұл ретте ҚР Әлеуметтік кодексінің 37-бабының 6-тармағына сай салымшыдан өтініш келіп түскен күннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде аударылады.

Осылайша, Сауалнаманың «Инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін кім инвестициялайды?» 3 сұрағының дұрыс нұсқасы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» және «Салымшының таңдауы бойынша инвестициялық портфельді басқарушылар (2021 жылдан бастап)», яғни «5-нұсқа – Бірінші және екінші нұсқалар дұрыс» болып саналады.

Сауалнама көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі немесе 934 респондент (31,13%) зейнетақы активтерін инвестициялауды БЖЗҚ жүзеге асырады деп қате ойлайды.

Азы – 756 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың 25,20%-ы зейнетақы жинақтарын басқа делдалдарды көрсетпей (ИПБ) Ұлттық Банк ғана инвестициялайды деп пайымдайды. Бұл жауап нұсқасы (инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы ақшасын инвестициялау жөніндегі ИПБ функциясы туралы нұсқа сияқты) дұрыс болғанымен, Ұлттық банкті де, ИПБ-ны да қамтитын жауап нұсқасының болуына байланысты толық емес болып қалады.

Сонымен қатар, зейнетақы активтерін басқарушы ретінде Ұлттық банкті және Инвестициялық портфельді басқарушыларды қамтитын дұрыс жауапты 644 респондент (немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 21,47%-ы) таңдады.

Азы – немесе 508 респондент (16,93%) инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялау бөлігінде ИПБ функциясы туралы хабардар.

*21-дигарамма*

**№3 сұрақ: Инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін кім инвестициялайды?**



158 респондент (5,27%) инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялады Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады деп есептейді.

Жоғарыда көрсетілгендей, 2021 жылдан бастап Ұлттық Банктің инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы ақшасын инвестициялау қызметімен қатар, зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша инвестициялық портфельді басқарушыларға да (ИПБ) мүмкіндік берілді.

Жоғарыда көрініп тұрғандай, респонденттердің көпшілігі инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы ақшасын инвестициялау қызметін БЖЗҚ-ға қате жүктеп отыр.

#### ***б. Зейнетақы жинақтарына инвестициялық табыс есептеу қазғидаттары туралы білу.***

БЖЗҚ<sup>5</sup>, мәліметтеріне сай, инвестициялық табыс (тікелей сауалнама жүргізу алдында) ***апта сайын*** салымшылардың (алушылардың) шоттарына жинақ сомасына, зейнетақы жарналарының мөлшеріне және олардың жүйелілігіне қарай бөлінеді. Инвестициялық табысты есептеу шартты зейнетақы бірлігінің (ШЗБ) құнына байланысты. Әрбір ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтары теңгемен және ШЗБ мөлшерінде есепке алынады.

ШЗБ саны түскен жарнаның сомасын БЖЗҚ-ға ШЗБ құнына бөлу арқылы әрбір зейнетақы жарнасы түскен кезде есептеледі.

Осылайша, **зейнетақы жинақтарының мөлшері жарна сомасы мен инвестициялық табысқа, сондай-ақ жарналардың түсу кезеңділігіне байланысты** болады. Сондықтан жарналардың жеке зейнетақы шотына уақытылы және толық көлемде түсуі өте маңызды.

Инвестициялық табысты есептеу тетігі туралы білім мен хабардарлық деңгейін анықтау мақсатында респонденттерге «Сіздің зейнетақы жинақтарыңызға инвестициялық табыс қалай есептеледі?» 13-сұрағы төмендегі жауап нұсқаларынан біреуін таңдау мүмкіндігімен қойылған болатын:

1. Ай сайын белгіленген пайыз бойынша (банктегі депозиттегідей);
2. Инвестициялық табыс мөлшері бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыға, бағалы қағаздардың нарықтық құнының және шетел валюталарының бағамдарының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады, бұл ретте инвестициялық табыс қор нарықтарындағы жағдайға байланысты жағымды не жағымсыз болуы мүмкін;
3. Инвестициялық табыс жылдық инфляция деңгейі бойынша жыл сайын есептеледі;
4. Жауап беру қиын.

Респонденттердің көпшілігі инвестициялық табыстың мөлшері бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыға, бағалы қағаздардың нарықтық құнының және шетел валюталары бағамының өзгеруіне байланысты құбылады, бұл ретте инвестициялық табыс

<sup>5</sup> Zakon.kz сайтынан «Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарына инвестициялық табыс қалай есептеледі» материалы. Мынадай сілтеме бойынша қолжетімді: <https://www.zakon.kz/4971073-kak-nachislyayut-investitsionnyy-dohod.html>


қор нарықтарындағы ахуалға қарай оң да, теріс те болуы мүмкін деп есептейтіндер саны – 872 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың 29,07%-ы.

Бұл ретте 675 респондент (22,50%) зейнетақы жинақтарына инвестициялық табыс жыл сайын жылдық инфляция деңгейі бойынша есептеледі деп есептейді.

Респонденттердің аз бөлігі инвестициялық табыс ай сайын белгіленген пайыз бойынша (банктегі депозит секілді) есептеледі деген пікірді ұстанады – 651 (немесе 21,70%) респондент осы жауап нұсқасын белгіледі.

22-диаграмма

#### Сіздің зейнетақы жинақтарыңызға инвестициялық табыс қалай есептеледі?



Бұл ретте, инвестициялық табыстың мөлшері есептелген сыйақыға байланысты өзгеретінін және оң да, теріс те болуы мүмкін екенін білдіретін дұрыс жауаппен қатар, екінші жиі жауап «Жауап беру қиынға соғады» – 802 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 26,73%-ы осы сұраққа қандай да бір жауап бере алмады.

Сонымен бірге сауалнама нәтижелері респонденттердің басым бөлігінің зейнетақы жинақтарына инвестициялық табысты есептеу барысын дұрыс түсінетінін көрсетті. Осы сұраққа нақты жауап бере алғандардың ішінде негізінен инвестициялық табысты есептеу үдерісі туралы дұрыс пікір басым – расымен инвестициялық табыс қор нарықтарындағы жағдайға байланысты оң да, теріс те болуы мүмкін, бұл халықтың зейнетақы активтері үшін осындай тәуекелдер туралы хабардар болуын көрсетеді.

#### ***Зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатыны және инвестициялық табыс есебінен көбейетіні туралы респонденттердің хабардар болуы.***

Респонденттердің жеке зейнетақы жинақтарына инвестициялық табыс бөлігінде хабардар болу деңгейін айқындау төмендегілердің де нақты деңгейін анықтауға бағытталған:

- Меншікті зейнетақы жинақтарына есептелетін инвестициялық табысты қадағалауға халықтың қызығушылығы;
- Халықтың инвестиция мен инвестициялық жинақтардың негіздерін түсінуі.

Аталған сұрақ аясында респонденттерге келесі жауап нұсқалары ұсынылды:

- 1) Иә, білемін;
- 2) Біліп қана қоймай, алынған инвестициялық табысты үнемі тексеріп отырамын;
- 3) Жоқ, білмеймін;
- 4) Қаржы және инвестиция мәселелерін түсінбеймін.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің басым бөлігі зейнетақы жинақтарының қандай да бір инвестициялық активтерге салынатынын және инвестициялық табыс есебінен


көбейетінін білетіндігін көрсетті (1374 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 45,80%-ы).

Алайда, респонденттердің екінші анағұрлым көп тобы аталған деректі білмейтін топ болды – 857 респондент немесе 28,57%.

4830 респондент (немесе 16,10%) қаржы мәселелерін түсінбейді, 286 респондент (жалпы сауалнамаға қатысқандардың 9,53%-ы) өзінің инвестициялық табысын біледі және үнемі қадағалап отырады.

23-диаграмма

**№12 сұрақ: Сіз зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатынын және инвестициялық табыс есебінен көбейетінін білесіз бе?**



Осылайша, жоғарыда келтірілген ақпаратқа сүйенетін болсақ, респонденттердің басым бөлігі – 1660 респондент немесе 55,33% зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатыны және инвестициялық табыс есебінен көбейетіні туралы біледі не біліп қана қоймай, алған инвестициялық табысты тұрақты түрде қадағалап отырады деп айтуға болады.

### ***с. Зейнетақы жинақтары есебінен зейнет жасына толғанша зейнетақы жинақтарын алу мүмкіндігі***

Жоғарыда айтылғандай, зейнетақы жасына толғанша зейнетақы жинақтарын алу сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған жағдайда мүмкін болады.

Сонымен қатар, заңнамалық тұрғыда ҚР азаматы зейнетақы төлемдерін өзге жағдайлар туындаған кезде де ала алатын нормалар жазылған (ҚР Әлеуметтік кодексінің 220-бабының 1-тармағы):

- егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар.

14-сұрақ респонденттерге зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі туралы бір қате тұжырымды анықтауды ұсынды.

Алынған жауаптардың «дұрыстығын» анықтау аясында, сондай-ақ қаржылық сауаттылық рейтингін есептеу мақсатында респонденттерге келесі жауап нұсқалары ұсынылды (дұрыс емесін таңдау қажет):

- 1) БЖЗҚ-дан тұрақты зейнетақы төлемдері тек зейнет жасына толғаннан кейін немесе 1-2 топтағы мерзімсіз мүгедектік белгіленген кезде жүзеге асырылады;
- 2) Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасап, оған БЖЗҚ-дан



- зейнетақы жинақтарын аударса, зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы жинақтары есебінен ай сайынғы зейнетақы төлемдерін ала бастауға болады;
- 3) БЖЗҚ-дан өз зейнетақы жинақтарыңызды кез келген жаста және кез келген мақсатта алуға болады;
  - 4) БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін зейнет жасына толғанға дейін тұрғын үй жағдайын жақсарту және / немесе емделу ақысын төлеу мақсатында алуға болады.

Жалпы 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚР Өлеуметтік кодексінің 220-бабының 1-тармағына, 221-бабының 1-тармағына, 225-бабының 1-тармағына сай:

1. Міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына (бұдан әрі – СҰ) аударуға құқығы бар тұлғалар:
  - 1) зейнет жасына толған адамдар: ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас;
  - 2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
  - 3) осы Кодекстің 225-бабына сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70% төмен болмайтын сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасауға зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 45 жасқа толған салымшылар.
2. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан СҰ-ға аударуға құқығы бар тұлғалар:
  - 1) зейнет жасына толған адамдар: ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас;
  - 2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
  - 3) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70% төмен болмайтын сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасауға зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 45 жасқа толған салымшылар.


Осылайша, респондент үшін дұрысы 3-нұсқа («БЖЗҚ-дан өз зейнетақы жинақтарыңызды кез келген жаста және кез келген мақсатқа алуға болады»).

Жүргізілген сауалнама негізінде респонденттердің басым бөлігі БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын кез келген жаста және кез келген мақсатта шартсыз алудың мүмкін еместігі туралы хабардар екені анықталды – 1724 респондент немесе 57,47% жауаптың бұл нұсқасын дұрыс емес деп таңдады.

*24-диаграмма*

**№14-сұрақ: Зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі (қате тұжырымды таңдау)**





Сонымен қатар, 467 респондент (15,57%) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасағаннан кейін зейнетақы төлемдерін мерзімінен бұрын алу және оған БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын аудару мүмкін деген болжам дұрыс емес деп есептейді.

Осыған ұқсас, 407 респондент (13,57%) БЖЗҚ-дан тұрақты зейнетақы төлемдері зейнет жасына толғаннан кейін немесе 1-2 топтағы мерзімсіз мүгедектік белгіленген кезде ғана жүзеге асырылады деген болжам дұрыс емес деген қате пікірде.

Ең аз респондент жауаптың дұрыс емес нұсқасы «Тұрғын үй жағдайын жақсарту және / немесе емделу ақысын төлеу мақсатында БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын зейнет жасына толғанша алуға болмайды» деп есептейді, оны 402 респондент (13,40%) таңдаған.

Осылайша, респонденттер жалпы базалық деңгейде зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу шарттары туралы жақсы хабардар. Сонымен қатар, осы мәселені егжей-тегжейлі қараған кезде респонденттер зейнетақы аннуитеті мүмкіндіктері туралы іс жүзінде білмейтіні белгілі болады.

#### **d. Зейнетақы аннуитеті туралы білу**

ҚР Әлеуметтік кодексінің 225-бабының 1-тармағына сай 207-бабының 1-тармағында (*жасына байланысты зейнетке шыққан адамдар: ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас*), 220-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында (*республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70% төмен болмайтын сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасауға зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 45 жасқа толған салымшылар*) және 221-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген (*республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасау арқылы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейінің 70% кем емес сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде күнтізбелік 60 ай төленген 40 жасқа толған адамдар*) адамдар міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, сақтандыру ұйымымен сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасауға құқылы.

Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары пайдаланылуы мүмкін.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде Кодекстің 221-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасында көрсетілген тұлғалар (ең төмен күнкөріс деңгейінің 70% кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде күнтізбелік 60 ай төленген 40 жасқа толған адамдар) міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқылы.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми деректері бойынша 2023 жылы 55 жастағы ер адам үшін зейнетақы аннуитетін жасау үшін жеткіліктілік сомасы 8,0 млн теңгені, ал 53 жастағы әйел үшін 10,5 млн теңгені<sup>6</sup> құрайды.

Бұл ретте аннуитет арқылы алынған зейнетақы жыл сайын 5%-ға индекстеледі

Осылайша, жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде зейнет жасына дейін зейнетақы жинақтарын алуға болады.

Қорытынды ретінде, №15 «Зейнетақы аннуитетін алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға кім құқылы» деген сұрақтың мынадай жауап нұсқалары бар:

1. Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде кез келген жастағы БЖЗҚ салымшылары;
2. Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде тек зейнет жасына толған салымшылар;
3. Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 45 жасқа толған салымшылар;
4. Ешкімнің мұндай құқығы жоқ.


Сұрақтың дұрыс жауабы 3-нұсқа («Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 45 жасқа толған салымшылар») болады.

Сауалнама нәтижесінен көрініп тұрғандай, жалпы респонденттер сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитетін жасау мүмкіндігі туралы аз хабардар.

Бұған қоса, 939 респондент немесе 31,30% зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кез келген жастағы салымшыларының зейнетақы аннуитетін алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар деп жауап берді.

25-диаграмма

**№ 15 сұрақ. Зейнетақы аннуитетін алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға кім құқылы?**



Бұл ретте, 787 респондент (немесе 26,23%) зейнетақы аннуитетін алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға ешкімнің құқығы жоқ деп санайды, бұл респонденттердің зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару мүмкіндігі туралы ақпараттың жоқтығын көрсетеді.

<sup>6</sup> «Тиімді әлеуметтік өнім ретінде зейнетақы аннуитеті». Мына сілтеме бойынша: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/530577?lang=ru>

Келесі жиі берілген жауап нұсқасы ретінде респонденттер зейнет жасына жеткен салымшылар ғана зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде зейнетақы аннуитетін алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар деген нұсқаны таңдады (728 респондент немесе 24,27%).

Дұрыс жауап нұсқасы – зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 45 жасқа толған салымшылар – 546 респондент (18,20%) қана таңдады, бұл респонденттердің зейнетақы аннуитеті сияқты зейнетақымен қамсыздандыру тетігі туралы іс жүзінде білмейтіндігін көрсетеді. Іс жүзінде бұл жауап нұсқасы респонденттердің ең аз санымен таңдалды.

Жалпы, көріп отырғанымыздай респонденттер, көп жағдайда зейнетақы аннуитетін алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару мүмкіндігі туралы хабардар. Алайда респонденттер осындай құқығы бар салымшылардың нақты жасы туралы хабардар емес, бұл респонденттердің зейнетақы аннуитетінің мүмкіндіктері туралы әлі де аз білетіні туралы дәлелді растайды.

***е. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі салық салу туралы білу***

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 326-бабының ережелеріне сәйкес «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері төлем көзіне жеке табыс салығы (бұдан әрі – ЖТС) салынатын табысқа жатады.

Салық кодексінің 320-бабының 1-тармағына сәйкес **БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері түріндегі алушының табысына 10 (он) пайыз мөлшерлеме бойынша ЖТС салынады.**

ЖТС ұстап қалу салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен барлық шарттары бойынша жиынтық төлем сомасынан жүргізіледі.

Салық кодексінің 345-бабының 1-тармағына, 326-бабының 1) және 2)-тармақшаларына сәйкес БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері түріндегі табыстан салық шегеріміне құқығы бар тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес МЗЖ және МКЗЖ есебінен, ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарына сәйкес ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін алушылар – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы төлемі жүзеге асырылатын әрбір ай үшін зейнетақы төлемі түріндегі табысты есептеу күнінде қолданыста болатын айлық есеп көрсеткіштің 14 еселенген мөлшерінде;

2) зейнетақы төлемдерін алушылар – зейнет жасына толған және Қазақстан Республикасының шегінен тысқары тұрақты тұратын жерге кеткен Қазақстан Республикасының резиденттері-жеке тұлғалар – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы төлемі түрінде табысты есептеу күні қолданыста болатын айлық есеп көрсеткіштің 168 еселенген мөлшерінде.

Салық кодексінің 343-бабының 1-тармағына сәйкес Салық кодексінің 345-бабының 1-тармағынада айқындалған мөлшерлерде салық шегерімі жеке тұлғаның салық шегерімін қолдану туралы өтініші және растайтын құжаттардың көшірмелері негізінде қолданылады.

**Қазақстан Республикасының бейрезиденттері** болып табылатын жеке тұлғаларға БЖЗҚ жүзеге асыратын зейнетақы төлемдеріне Салық кодексінің 655-бабы 3-тармағының ережелеріне сәйкес **салық шегерімдері жүзеге асырылмай**, Салық кодексінің 320-бабы 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені (10 (он) пайыз) қолдану арқылы **ЖТС салынады.**

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтары түріндегі табысына салық шегерімдері жүзеге асырылмай, 10 (он) пайыз мөлшерлеме бойынша ЖТС салынады.

Халықтың зейнетақы төлемдеріне салынатын салық туралы хабардар болуын анықтау үшін респонденттерге «№16 сұрақ: Зейнетақы төлемдеріне салық салынады ма?» деген сұрақ қойылды.

Осы сұрақ аясында респонденттерге келесі жауаптар ұсынылды:


- 1) Зейнетақы төлемдеріне салық салынбайды;
- 2) Зейнетақы төлемдеріне жеке табыс салығы салынады;
- 3) Зейнетақы төлемдеріне әлеуметтік салық салынады.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі зейнетақы төлемдеріне салық салудың бар-жоғы туралы білмейді және зейнетақы төлемдеріне салық салынбайды деп пайымдайды – 1610 респондент немесе 53,67% зейнетақы төлемдеріне ешқандай салықтық алымдар мен төлемдер қолданылмайды деп есептейді.

Респонденттер арасында ең көп таралған екінші жауап – 982 аталу немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардан 32,73% – зейнетақы төлемдеріне *жеке табыс салығы салынады* деп дұрыс белгіледі.

26-диаграмма

№ 16 Сұрақ. Зейнетақы төлемдеріне салық салына ма?



Өз кезегінде, 408 респондент (немесе 13,60%) зейнетақы төлемдеріне әлеуметтік салық салынады деп есептейді

Жоғарыда келтірілген анықтамалық ақпараттан көріп отырғанымыздай, респонденттер үшін зейнетақы төлемдеріне тек ЖТС салынатынын көрсету дұрыс болар еді. Бұл жағдайда жауаптың осы нұсқасын жоғарыда көрсетілгендей сауалнамаға қатысқандардың 32,73%-ы таңдады.

#### ***f. Зейнетақы жинақтарының мемлекеттік кепілдігі туралы білу***

ҚР Әлеуметтік кодексінің 2018-бабының 1-тармағына сай мемлекет алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының адамдар зейнет жасына толған кездегі инфляция деңгейін ескеріп, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Мемлекет бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған кезден бастап зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамада белгіленген жасқа толғанға дейінгі кезеңде жүзеге асырылған инфляция деңгейін ескеріп, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Осылайша, мемлекеттің кепілдіктері зейнетақы жарналарының міндетті түрлеріне (МЗЖ және МКЗЖ) сақталады.

Респонденттердің зейнетақы жарналарының мемлекет тарапынан сақталу кепілдіктері туралы хабардар болуын анықтау аясында №17-сұрақ қойылды: «Мемлекет ... қатысты зейнет жасына толған сәтте жинақталған инфляцияны ескеріп, зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді», онда келесі оралымдардың дұрыс нұсқасын енгізіп, ұсынысты жалғастыру қажет болды:

1. зейнетақы жарналарының міндетті және ерікті түрлеріне;
2. зейнетақы жарналарының тек міндетті түрлеріне;
3. зейнетақы жарналарының тек ерікті түрлеріне.


Жоғарыда ұсынылған анықтамалық ақпаратқа сәйкес «зейнетақы жарналарының тек міндетті түрлеріне» нұсқасы (2-нұсқа) дұрыс.

Жауаптың дұрыс нұсқасы – мемлекеттің зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдігі тек міндетті зейнетақы жарналарына ғана қолданылады – 977 респондент таңдаған (жалпы сауалнамаға қатысқандардың 32,57%). Бұл нұсқа ең жиі кездесетін екінші жауап.

Респонденттер арасында ең көп таралған жауап міндетті және ерікті зейнетақы жарналарының барлығының кепілдігі туралы жауап болды – 1573 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 52,43%-ы осы жауап нұсқасын көрсетті.

27-диаграмма

№ 17 Сұрақ. Мемлекет ... қатысты зейнет жасына толған сәтте жинақталған инфляцияны ескеріп, зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді



Ең азы респонденттер мемлекеттің кепілдігі тек ерікті зейнетақы жарналарына ғана қолданылады деп есептейді - 450 респондент (15,00%) осы жауап нұсқасын көрсетті

#### ***г. Зейнетақы жүйесінің, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікте зейнетақы жинақтарын есепке алудың ерекшеліктерін білу.***

Халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын анықтауға арналған сұрақтар блогының соңында респонденттерге тұжырымдардың дұрыс немесе қате екені туралы сұрақ қойылды.

Атап айтқанда, респонденттерге мынадай сұрақ қойылды:

#### **1. №18 Сұрақ. Тұжырымның ДҰРЫС немесе ҚАТЕ екенін көрсетіңіз?**

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарының тұрақты төлеуіне байланысты (ҚАТЕ /ДҰРЫС);

2. Зейнет жасына толған кезде зейнетақы жинақтарының төлемі үшін ХҚО-ға өтініш беру керек (ҚАТЕ /ДҰРЫС);

3. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар белгілі бір заңнамалық жағдайларда бірыңғай жиынтық төлем түрінде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын өздері төлей алады (ҚАТЕ /ДҰРЫС);

4. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделуге біржолғы зейнетақы төлемін алуға өтініш берген кезде ЖТС төлеуді зейнет жасына толғанша кейінге қалдыруға болады (ҚАТЕ/ДҰРЫС);

5. Зейнетақы жинақтары – салымшының меншігі, бірлесіп жинаған мүлікке жатпайды, мұраға қалдыруға болады және оларға үшінші тұлғалар шектеу қоя алмайды (ҚАТЕ /ДҰРЫС).

Бұл сұрақтың мақсаты респонденттердің:

1) базалық зейнетақы төлемін алу тәртібі;

2) зейнет жасына толған кезде зейнетақы жинақтарын алу тәртібі;

3) бірыңғай жиынтық төлем түрінде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналары төленетін талаптар;

4) тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделуге біржолғы зейнетақы төлемін алған кезде салынатын салық ерекшеліктері;

5) зейнетақы жинақтарының құқықтық мәртебесі туралы қаншалықты хабардар екенін анықтау болды.

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі әрбір алушыға зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі ескеріліп жеке тағайындалады.

Мәселен, егер зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 және одан аз жыл болса немесе мүлдем болмаса, базалық зейнетақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-на тең (2023 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі – 40 567 теңге), одан әрі 10 жылдан асатын әрбір жыл үшін оның мөлшері 2%-ға, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100%-на артады.

2023 жылғы 1 шілдеден қолданысқа енгізілген 2023 жылғы 30 маусымдағы №521 қағидаларға сәйкес Мемлекеттік корпорация тұрғылықты жері бойынша (яғни ХҚО)<sup>7</sup> «бір терезе» қағидатын пайдалану арқылы қызметті көрсетеді, яғни осы қызмет аясында зейнет жасына жеткен алушы бірыңғай өтініш және құжаттар топтамасымен келеді.

Белгілі бір заңнамалық жағдайларда кәсіпкерлік табысы болған жағдайда, азаматтар бірыңғай жиынтық төлем түрінде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын өздері төлей алады (ҚР Салық кодексінің «Бірыңғай жиынтық төлем» 89-бөліміне сай БЖТ төлеу рәсімі 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады).

Сонымен қатар, БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасына салық салу тәртібін айқындау мақсатында ҚР Салық кодексінің 351-1 бабында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері көзделген.

Бұл ретте ЖТС Салық кодексінің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді (10% мөлшерінде) біржолғы зейнетақы төлемінің сомасына қолдану арқылы есептеледі.

Салық кодексінің 351-1 бабының 2-тармағына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасынан ЖТС ұстап қалу мен аударуды БЖЗҚ жеке тұлғаның ЖТС ұстап қалу туралы өтінішіне сәйкес мынадай тәсілдердің бірі бойынша жүргізеді:

1) Салық кодексінің 351-бабында көзделген тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемін жүзеге асыру күнінен кешіктірмей бір жолғы;

2) БЖЗҚ белгілеген зейнетақы төлемдері кестесі бойынша он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде тең үлестермен ай сайын.

Жеке тұлға Салық кодексінің 351-1 бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес біржолғы тәртіппен ЖТС ұстап қалу туралы өтініш берген кезде БЖЗҚ біржолғы зейнетақы төлемін жүзеге асырған кезде біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан ЖТС ұстап қалатын болады.

Осылайша, біржолғы зейнетақы төлемдерін алу кезінде ЖТС-ты кейінге қалдыру мүмкіндігі заңнамада көзделген.

<sup>7</sup> «БЖЗҚ» АҚ сайтынан «Кесте бойынша БЖЗҚ-дан төлемдер» материалы. Мына сілтеме бойынша алуға болады: <https://www.enpf.kz/ru/services/recipient/on-schedule.php>



Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 33-бабының 2-тармағына сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін қоспағанда, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлкіне ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен табыс сомалары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен алынған табыс сомалары, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары) жатады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 01.10.2012 жылғы №167731 сұрағына 04.10.2012 ж. жауабына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері нақты алынған кезде ғана ерлі-зайыптылардың бірлескен мүлкі болуы мүмкін, яғни жинақтаушы зейнетақы қорларындағы сомалар ерлі-зайыптылар неке кезінде алған мүлік ретінде бағаланбайды.

Баяндалғанның негізінде зейнетақы жинақтары ерлі-зайыптылардың неке (ерлі-зайыптылық) кезінде жинаған мүлкіне жатпайды, сондықтан ажырасу кезінде бөлінбейді<sup>8</sup>.

#### Осылайша, №18 Сұрақтағы барлық көрсетілген нұсқа дұрыс.

Ұсынылған жауаптарға сәйкес респонденттер ең алдымен зейнетақы жасына жеткен кезде зейнетақы жинақтарының төлеміне ХҚО-ға жүгіну қажет екендігінен хабардар – 2269 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 75,63%-ы осы рәсім туралы біледі (2-нұсқа).

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің тұрақтылығына байланысты екенін 2132 респондент біледі (71,07%) - бұл респонденттер дұрыс деп таңдаған жауаптың екінші жиі кездесетін нұсқасы (1-нұсқа).

Бұдан сәл азырақ – 2116 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 70,53%-ы – зейнетақы жинақтарының салымшының меншігі екенін, бірлесіп жинаған мүлікке жатпайтынын, мұраға берілетінін және оларға шектеу қойылмайтынын дұрыс белгіледі (5-нұсқа).

Сондай-ақ, респонденттер өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар белгілі бір заңнамалық жағдайларда өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жиынтық төлем түрінде төлей алатынын дұрыс атап өтті – 2067 респондент немесе 68,90%.

*28-диаграмма*

#### № 18 Тұжырымның ДҰРЫС немесе ҚАТЕ екенін көрсетіңіз? («ДҰРЫС» жауаптар саны көрсетілген)

<sup>8</sup> «БЖЗҚ» АҚ сайтындағы «Сұрақ-жауап» айдары. Мына сілтеме бойынша қолжетімді:  
[https://www.enpf.kz/ru/faq/?SECTION\\_ID=12#3526](https://www.enpf.kz/ru/faq/?SECTION_ID=12#3526)



Респонденттердің тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделуге бірыңғай зейнетақы төлемін алуға өтініш берген кезде зейнет жасына толғанға дейін ЖТС төлеуді кейінге қалдыруға болатындығынан хабарлары аз екен (1926 жауап «ДҰРЫС немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан 64,20%).

Бұл ретте, 575 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 19,17%-ы барлық жауап нұсқаларына дұрыс жауап беріп, барлық нұсқа дұрыс екенін атап өтті.


Зерттеу сауалнамасының «Қаржылық сауаттылық деңгейі» сұрақтар блогының қорытындысында респонденттерге зейнетақы жүйесі аясында ұсынылған мүмкіндіктер (жинақтардың бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға, емделуге және/немесе инвестициялық портфельді басқару компаниясына аударуға пайдалану), БЖЗҚ ақпараттық ресурстарының (сайт) мүмкіндіктері және өткен жылғы БЖЗҚ жұмысының қорытындысы (зейнетақы активтерінің кірістілігі), сондай-ақ жинақтарды инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) беру бөлігінде зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы соңғы жаңа енгізулер жайлы білуі туралы қосымша сұрақтар қойылды.

Бұл ретте сауалнама нәтижесі көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі жинақтаушы зейнетақы жүйесі, өздерінің жинақтары және БЖЗҚ есептілігі туралы барлық қажет ақпаратты [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтынан табуға болатынынан хабардар – 2502 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 83,40%-ы БЖЗҚ ресми сайтының осындай мүмкіндігі туралы хабардар.

29-диаграмма

**№ 19 Сұрақ. Тұжырымдарға БІЛЕМІН немесе БІЛЕЙМІН деп жауап беріңіз.  
(«БІЛЕМІН» жауаптар саны көрсетілген)**





Респонденттер әрбір салымшы бойынша зейнетақы жинақтарының жеке есебін жүргізу және салымшыларды жинақтар туралы жыл сайын хабарландыру бойынша БЖЗҚ функциялары туралы хабардар – 2467 респондент (82,23%) мұндай функция туралы білетіндерін айтты.

Сонымен қатар, 1880 адам (62,67%) жинақтың бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделуу және/немесе инвестициялық портфельді басқару компаниясына аудару үшін пайдалануға болатынын біледі.

Сол сияқты, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі ЖЗҚ туралы кез келген сұрақтар туындаған кезде БЖЗҚ-ға [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында көрсетілген телефондар арқылы жүгіну немесе өз сұрағыңызды әлеуметтік желілерде қою қажет екенін біледі -1813 респондент (60,43%) бұл мүмкіндік туралы біледі.

Сәл азы – 1809 респондент немесе 60,30% - өз зейнетақысының болжамды есебін [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтындағы зейнетақы калькуляторы арқылы есептеуге болатынын біледі.

Бұл ретте, зейнетақы активтері бойынша тарихи жинақталған табыстылық жинақталған инфляция деңгейінен асып түсетіні туралы респонденттер айтарлықтай аз біледі – 1245 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 41,50%-ы осы ақпаратпен таныс.

Респонденттердің ең аз білетіні 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар жеткіліктілік шегін есепке алмай міндетті жарна түрлері (МЗЖ және МКЗЖ) есебінен өз жинақтарының 50%-на дейін инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) бере алатыны, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтарды ИПБ-ге толық көлемде беруге болатыны туралы ақпарат – 1178 адам немесе сауалнамаға қатысқандардың 39,27%-ы осы ақпаратпен таныс екендіктерін атап өтті.

### **3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ, «БЖЗҚ» АҚ-ҒА СЕНІМ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ СЕНІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

Зерттеу сауалнамасының №20-22 сұрақтары респонденттердің Қазақстанның зейнетақы жүйесі туралы, атап айтқанда оның операторы «БЖЗҚ» АҚ (№21 сұрақ) туралы пікірін көрсетеді. Сонымен қатар, «БЖЗҚ» АҚ тарапынан «БЖЗҚ» АҚ-ға және жалпы зейнетақы жүйесіне сенім деңгейін арттыру мақсатында қолданылуы мүмкін негізгі шаралар мәселесі талданды (№22 сұрақ).

№ 20 және 21 сұрақтар тиісінше зейнетақы жүйесіне және «БЖЗҚ» АҚ-ға он балдық шәкіл бойынша респонденттердің пікірін тікелей көрсетеді.

Респонденттің зейнетақы жүйесіне және/немесе «БЖЗҚ» АҚ-ға сенімсіздігі немесе сенімі төмен болған (3 немесе одан төмен балл) жағдайда, респондентке ұсынылған жауап нұсқаларынан осы сенімсіздіктің немесе төмен сенім деңгейінің себебін көрсету (жабық жауаптар) немесе өзінің себебін көрсету (ашық жауап) ұсынылды.

Өз кезегінде, №22 сұрақ респонденттерге халықтың «БЖЗҚ» АҚ-ға сенім деңгейін арттыру үшін қандай шаралар қолданылуы мүмкін екенін анықтауды ұсынады және ақпараттық (№21 сұрақтың 1-ші және 2-жауап нұсқалары), әртараптандырушылық (3-нұсқа), сондай-ақ инвестициялық шараларды (4-ші және 5-нұсқалар) ұсынады.

Бұл ретте «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық саясатын нығайту, ашықтықты арттыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің негізгі стейкхолдерлері ретінде халықпен кері байланыс жүйесін құру шаралары көзделді.

Әртараптандыру шаралары өңірлерде және шалғайдағы елді мекендерде (географиялық әртараптандыру) және электрондық байланыс құралдарында (ақпараттық әртараптандыру) филиалдарды көбірек құруды білдіреді.

Инвестициялық шаралар жинақтардың кірістілік деңгейін арттыруды, сондай-ақ ерікті жинақтарды қалыптастыру үшін тартымды жағдайлар жасауды білдіреді.

Сондай-ақ, респонденттерге халық сенімін арттыру үшін Қорға қандай шаралар қолдану керектігін өздері айтып беруді таңдау ұсынылды (сенімді арттыру шараларын көрсету мүмкіндігімен «Басқа» ашық жауап).

№22 сұрақ бойынша респонденттерге жауаптардың бірнеше нұсқасын беруге мүмкіндік берілді.


#### **3.1. Қазақстанның зейнетақы жүйесіне халық сенімінің деңгейі**

Халықтың Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейін анықтау аясында респонденттерге сенім деңгейін он балдық шәкіл бойынша бағалау ұсынылды, онда 10 – Қазақстанның зейнетақы жүйесіне толық сенімді білдіреді, ал 1 – Қазақстанның зейнетақы жүйесіне деген абсолют сенімсіздік.

Зерттеу көрсеткендей, халықтың Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің орташа көрсеткіші 5,80 балл деңгейінде, яғни орташадан жоғары деңгейде қалыптасып отыр, бұл зерттеудің жұмыс гипотезасын, зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі орташадан жоғары екенін растайды.

Бұл ретте респонденттер көбіне (модальдық мән) зейнетақы жүйесін «б» (761 респондент) балға бағалады.

## Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне халықтың сенім деңгейінің көрсеткіштері



Өз кезегінде, сенім деңгейінің модальдық және медиандық мәні 6,0 балл деңгейінде.

6-кесте

## Қазақстанның зейнетақы жүйесіне халықтың сенім деңгейінің орташа, медиандық және модальдық көрсеткіші

БАҒА									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
34	46	229	351	579	<b>761</b>	543	274	104	79
ОРТАША МӘН		МЕДИАНДЫҚ МӘН				МОДАЛЬДЫҚ МӘН			
5,80		6,00				6,00			

Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бөлігінде зейнетақы жүйесіне ең көп сенім артып отырғандар Солтүстік Қазақстан (7,28 балл), Қостанай (7,01 балл), Шығыс Қазақстан (6,50) және Абай (6,48) облыстарының респонденттері.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне ең аз сенетін респонденттер Қарағанды (5,06), Атырау (4,90) және Маңғыстау (4,74 балл) облыстарында.

7-кесте

## Сенім деңгейінің жалпы көрсеткіші бойынша ел өңірлері бөлігінде зейнетақы жүйесіне сенім рейтингі


Ранг	Қала /Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
1	Солтүстік Қазақстан облысы	7,05	7,51	<b>7,28</b>
2	Қостанай облысы	7,38	6,40	<b>7,01</b>
3	Шығыс Қазақстан облысы	6,40	6,70	<b>6,50</b>
4	Абай облысы	6,63	6,25	6,48
5	Ұлытау облысы	6,15	7,14	6,36
6	Жетісу облысы	6,38	6,05	6,20
7	Алматы қаласы	6,12		6,12
8	Ақмола облысы	6,10	5,79	5,97
9	Павлодар облысы	6,00	5,85	5,96
10	Түркістан облысы	5,30	6,15	5,94
<b>Орташа көрсеткіш = 5,80</b>				
11	Алматы облысы	4,95	5,93	5,77
12	Астана қаласы	5,69		5,69
13	Жамбыл облысы	5,59	5,74	5,68
14	Қызылорда облысы	5,75	5,39	5,56

Ранг	Қала /Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
15	Батыс Қазақстан облысы	5,68	5,37	5,54
16	Ақтөбе облысы	5,13	5,31	5,18
17	Шымкент қаласы	5,15		5,15
18	Қарағанды облысы	5,15	4,69	5,06
19	Атырау облысы	4,95	4,83	4,90
20	Маңғыстау облысы	4,64	4,83	4,74

Шын мәнінде, көрсеткіші орташадан жоғары өңірлер саны көрсеткіштері елдегі орташа көрсеткіштен төмен өңірлердің санымен сәйкес келеді.

1-сурет

Қазақстанның зейнетақы жүйесіне халықтың сенім деңгейі бойынша облыстар мен қалалар рейтингі (сенім деңгейінің орташа көрсеткіші = 5,8)



Қала халқы арасындағы Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім рейтингі Қостанай (7,38 балл), Солтүстік Қазақстан (7,05) және Абай (6,63) облыстарында қала халқының басым бөлігі Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім білдіретіндігін көрсетті.

8-кесте

Қала халқының сенім деңгейінің көрсеткіші бойынша елдің өңірлері бөлігінде зейнетақы жүйесіне сенім рейтингі

Ранг	Қала / Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
1	Қостанай облысы	7,38	6,40	7,01
2	Солтүстік Қазақстан облысы	7,05	7,51	7,28
3	Абай облысы	6,63	6,25	6,48
4	Шығыс Қазақстан облысы	6,40	6,70	6,50
5	Жетісу облысы	6,38	6,05	6,20
6	Ұлытау облысы	6,15	7,14	6,36
7	Алматы қаласы	6,12		6,12
8	Ақмола облысы	6,10	5,79	5,97
9	Павлодар облысы	6,00	5,85	5,96
10	Қызылорда облысы	5,75	5,39	5,56
11	Астана қаласы	5,69		5,69

Ранг	Қала / Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
12	Батыс Қазақстан облысы	5,68	5,37	5,54
13	Жамбыл облысы	5,59	5,74	5,68
14	Түркістан облысы	5,30	6,15	5,94
15	Қарағанды облысы	5,15	4,69	5,06
16	Шымкент қаласы	5,15		5,15
17	Ақтөбе облысы	5,13	5,31	5,18
18	Атырау облысы	4,95	4,83	4,90
19	Алматы облысы	4,95	5,93	5,77
20	Маңғыстау облысы	4,64	4,83	4,74

Атырау (4,95 балл), Алматы (4,95) және Маңғыстау (4,64) облыстарында қала халқының зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі төмен.

Қала тұрғындары арасында зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі жалпы сенім көрсеткішімен – жалпы облыс бойынша сенім көрсеткіштерімен бірдей. Алматы облысын қоспағанда, зейнетақы жүйесіне сенімнің ең жоғары деңгейі бар өңірлерде қала халқы тарапынан жүйеге сенімнің жоғары деңгейі байқалады. Бұл ретте, Алматы облысында зейнетақы жүйесіне деген облыс бойынша жалпы сенім көрсеткіші мен қала халқы тарапынан зейнетақы жүйесіне деген сенім деңгейі арасындағы ең үлкен алшақтық байқалады (0,82 балл).

Осыған ұқсас жағдай ауылдық жерлердің тұрғындары арасында зейнетақы жүйесіне сенім көрсеткіштерінен де байқалады, мұнда зейнетақы жүйесіне сенімнің ең жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан облысында тіркелген (7,51 балл).

Ұлытау (7,14) және Шығыс Қазақстан облыстары (6,70 балл) ауылдарының тұрғындары зейнетақы жүйесіне аз сенім артады.

9-кесте

**Ауыл халқының сенім деңгейінің көрсеткіші бойынша елдің өңірлері бөлігінде зейнетақы жүйесіне сенім рейтингі**

Ранг	Қала / Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
1	Солтүстік Қазақстан облысы	7,05	7,51	7,28
2	Ұлытау облысы	6,15	7,14	6,36
3	Шығыс Қазақстан облысы	6,40	6,70	6,50
4	Қостанай облысы	7,38	6,40	7,01
5	Абай облысы	6,63	6,25	6,48
6	Түркістан облысы	5,30	6,15	5,94
7	Жетісу облысы	6,38	6,05	6,20
8	Алматы облысы	4,95	5,93	5,77
9	Павлодар облысы	6,00	5,85	5,96
10	Ақмола облысы	6,10	5,79	5,97
11	Жамбыл облысы	5,59	5,74	5,68
12	Қызылорда облысы	5,75	5,39	5,56
13	Батыс Қазақстан облысы	5,68	5,37	5,54
14	Ақтөбе облысы	5,13	5,31	5,18
15	Атырау облысы	4,95	4,83	4,90
16	Маңғыстау облысы	4,64	4,83	4,74
17	Қарағанды облысы	5,15	4,69	5,06
18	Шымкент қаласы	5,15		5,15
19	Астана қаласы	5,69		5,69
20	Алматы қаласы	6,12		6,12

Ауыл халқы тарапынан Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі

көрсеткішінің ең төмені Атырау (4,83), Маңғыстау (4,83) және Қарағанды облыстарында (4,69 балл) байқалды.

Жалпы алғанда, ауыл халқының Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім рейтингі қала халқының Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім рейтингімен бірдей – 20 өңірдің (облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың) 10 өңірінде қала халқы тарапынан зейнетақы жүйесіне сенім рейтингінің көрсеткіші ауыл халқы тарапынан ұқсас көрсеткіш деңгейінен жоғары. Мұнымен бірге, бағалаудағы айырмашылық 1 балдан артық емес.


Қазақстанның зейнетақы жүйесіне деген сенімінің (сенімсіздігінің) төмен болуының негізгі себептері аз зейнетақы («зейнеткерлер аз алады») – 108 респондент немесе (3 және төмен) төмен баға көрсеткен сұратылғандардың жалпы санынан 34,95%, сондай-ақ зейнетақы заңнамасындағы өте жиі өзгерістер – 81 респондент (26,21%) аталған нұсқаны зейнетақы жүйесіне деген сенімсіздіктің негізгі себебі ретінде белгіледі.

Бұдан басқа, респонденттер экономикалық ахуалдың тұрақсыздығын сенімсіздік себептерінің бірі ретінде атап өтеді – 51 респондент немесе 16,50% осы жауап нұсқасын көрсетті.

Зейнетақы жүйесінің жағымсыз жұмысы туралы қауесеттерге байланысты себептер азырақ айтылады (44 респондент немесе 14,24%).

31-диаграмма

Халықтың Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне сенімсіздігінің негізгі себептері



Сондай-ақ, 14 респондент (4,53%) жалпы мемлекетке сенбейтіндіктерін атап өтті. Зейнетақы жүйесіне сенімді төмен бағалауға қатысты қандай да бір түсініктеме беруге қиналғандар саны 11 респондент (3,56%).

Бұл ретте, респонденттер зейнетақы жүйесіне сенімсіздіктің өзге себептерін көрсетпеді, бұл аталған себептер тұтас алғанда Қазақстанның зейнетақы жүйесіне теріс баға беру себептерін жалпы түсінуді қалыптастыратынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, жоғарыда көріп отырғанымыздай, респонденттер тарапынан сенімсіздіктің негізгі себебі зейнеткерлердің табысының төмендігімен, сондай-ақ зейнетақы заңнамасындағы жиі өзгерістермен байланысты.

### 3.2. Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қорына (БЖЗҚ) халық сенімінің деңгейі

БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің көрсеткіштері жалпы алғанда Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің көрсеткіштерімен ұштасады.


Іс жүзінде БЖЗҚ – осы зейнетақы жүйесінің ажырамас бөлігі және көптеген респонденттер БЖЗҚ-ны зейнетақы жүйесін іске асыру құралы ретінде қарастырады.

Осыған қарамастан, респонденттердің БЖЗҚ-ға сенім деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама БЖЗҚ-ға сенімнің орташа деңгейі Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің орташа көрсеткішімен сәйкес келеді.

Осылайша, БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің медиандық және модальдық көрсеткіштері 6,0 балл деңгейінде болды, БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің орташа мәні **5,80 балл** деңгейінде болды.

32-диаграмма

Халықтың БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің көрсеткіштері



Бұл ретте, зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің көрсеткіші сияқты, респонденттер арасындағы ең жиі баға – «6» бағасы (661 респондент).

10-кесте

Халықтың БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің орташа, медиандық және модальдық көрсеткіші

БАҒА									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
36	38	252	399	604	661	473	284	166	87
ОРТАША МӘН			МЕДИАНДЫҚ МӘН			МОДАЛЬДЫҚ МӘН			
5,80			6,00			6,00			

Ең жоғары балл Қостанай (7,04), Солтүстік Қазақстан (6,96) және Ұлытау (6,84 балл) облыстарында тіркелді.

БЖЗҚ-ға сенімнің ең төмен деңгейі Маңғыстау (5,00 балл), Ақтөбе (4,72) және Атырау (4,54 балл) облыстарында тіркелді.

11-кесте


Сенім деңгейінің жалпы көрсеткіші бойынша ел өңірлері бөлігінде БЖЗҚ-ға сенім рейтингі

Ранг	Қала / Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
1	Қостанай облысы	7,60	6,13	7,04
2	Солтүстік Қазақстан облысы	6,80	7,12	6,96
3	Ұлытау облысы	6,73	7,33	6,84
4	Абай облысы	7,00	6,56	6,83
5	Шығыс Қазақстан облысы	6,44	6,62	6,50
6	Алматы қаласы	6,27		6,27

Ранг	Қала / Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
7	Түркістан облысы	5,49	6,11	5,96
8	Жетісу облысы	5,94	5,95	5,94
9	Жамбыл облысы	5,64	6,17	5,94
10	Алматы облысы	4,76	6,05	5,84
<b>Орташа көрсеткіш = 5,80</b>				
11	Ақмола облысы	5,84	5,35	5,62
12	Астана қаласы	5,60		5,60
13	Қызылорда облысы	5,76	5,39	5,56
14	Шымкент қаласы	5,49		5,49
15	Павлодар облысы	5,10	5,85	5,32
16	Батыс Қазақстан облысы	5,37	5,22	5,30
17	Қарағанды облысы	5,45	4,66	5,30
18	Маңғыстау облысы	4,77	5,19	5,00
19	Ақтөбе облысы	4,65	4,94	4,72
20	Атырау облысы	4,59	4,49	4,54

2-сурет

Халықтың БЖЗҚ-ға сенім деңгейі бойынша облыстар мен қалалар рейтингі (сенім деңгейінің орташа көрсеткіші = 5,8)



Өз кезегінде, зейнетақы жүйесіне сенім деңгейімен қатар, қала және ауыл тұрғындарының пікірін анықтау тұрғысынан БЖЗҚ-ға сенімді зерттеу нәтижелері көбінде жалпы БЖЗҚ-ға сенім рейтингісіне сәйкес келеді.

Мәселен, қала халқы тұрғысынан ең жоғары балл Қостанай (7,60 балл), Абай (7,00) және Солтүстік Қазақстан (6,80) облыстарында тіркелген, ал БЖЗҚ-ға сенімнің ең төмен деңгейі Алматы (4,76), Ақтөбе (4,65 балл), және Атырау (4,59 балл) облыстарында тіркелген

12-кесте

Қала халқының сенім деңгейінің жалпы көрсеткіші бойынша ел өңірлері бөлігінде БЖЗҚ-ға сенім рейтингі



Ранг	Қала / Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
1	Қостанай облысы	7,60	6,13	7,04
2	Абай облысы	7,00	6,56	6,83
3	Солтүстік Қазақстан облысы	6,80	7,12	6,96
4	Ұлытау облысы	6,73	7,33	6,84
5	Шығыс Қазақстан облысы	6,44	6,62	6,50
6	Алматы қаласы	6,27		6,27
7	Жетісу облысы	5,94	5,95	5,94
8	Ақмола облысы	5,84	5,35	5,62
9	Қызылорда облысы	5,76	5,39	5,56
10	Жамбыл облысы	5,64	6,17	5,94
11	Астана қаласы	5,60		5,60
12	Шымкент қаласы	5,49		5,49
13	Түркістан облысы	5,49	6,11	5,96
14	Қарағанды облысы	5,45	4,66	5,30
15	Батыс Қазақстан облысы	5,37	5,22	5,30
16	Павлодар облысы	5,10	5,85	5,32
17	Маңғыстау облысы	4,77	5,19	5,00
18	Алматы облысы	4,76	6,05	5,84
19	Ақтөбе облысы	4,65	4,94	4,72
20	Атырау облысы	4,59	4,49	4,54

Бұл ретте ауыл халқы бөлігінде халықтың БЖЗҚ-ға сенімінің ең жоғары деңгейі Ұлытау (7,33), Солтүстік Қазақстан (7,12) және Шығыс Қазақстан (6,62 балл) облыстарында тіркелген.

13-кесте

**Ауыл халқының сенім деңгейінің жалпы көрсеткіші бойынша ел өңірлері бөлігінде БЖЗҚ-ға сенім рейтингі**

Ранг	Қала/ Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Орташа көрсеткіш (жалпы)
1	Ұлытау облысы	6,73	7,33	6,84
2	Солтүстік Қазақстан облысы	6,80	7,12	6,96
3	Шығыс Қазақстан облысы	6,44	6,62	6,50
4	Абай облысы	7,00	6,56	6,83
5	Жамбыл облысы	5,64	6,17	5,94
6	Қостанай облысы	7,60	6,13	7,04
7	Түркістан облысы	5,49	6,11	5,96
8	Алматы облысы	4,76	6,05	5,84
9	Жетісу облысы	5,94	5,95	5,94
10	Павлодар облысы	5,10	5,85	5,32
11	Қызылорда облысы	5,76	5,39	5,56
12	Ақмола облысы	5,84	5,35	5,62
13	Батыс Қазақстан облысы	5,37	5,22	5,30
14	Маңғыстау облысы	4,77	5,19	5,00
15	Ақтөбе облысы	4,65	4,94	4,72
16	Қарағанды облысы	5,45	4,66	5,30
17	Атырау облысы	4,59	4,49	4,54
18	Алматы қаласы	6,27		6,27
19	Шымкент қаласы	5,49		5,49
20	Астана қаласы	5,60		5,60

Ақтөбе (4,94 балл), Қарағанды (4,66) және Атырау (4,49) облыстарының ауылдық округтерінің респонденттері БЖЗҚ-ға сенімнің ең төмен деңгейін көрсетті.

Жалпы, ауыл халқының БЖЗҚ-ға сенім рейтингі қала халқына қарағанда жоғары өңірлер саны, зейнетақы жүйесі сияқты қала халқының БЖЗҚ-ға ауылдағыларға қарағанда көбірек сенетін өңірлердің санына сәйкес келеді.

Бұл ретте, зейнетақы жүйесіндегідей қала мен ауылдағы орташа сенім деңгейі арасындағы айырмашылық 1,00 тармақтан аз. Екі өңір оған кірмейді:

– Қостанай облысы – қала халқының БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейі ауыл тұрғындары үшін ұқсас көрсеткіштен 1,48 балға жоғары;

– Алматы облысы – қала халқының БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейі ауыл тұрғындары үшін ұқсас көрсеткіштен 1,30 балға төмен.

Жоғарыда көрсетілгендей, әдетте ауыл халқы қала халқына қарағанда БЖЗҚ-ға көбірек сенім артады, сондықтан қала халқы тарапынан БЖЗҚ ға деген сенім деңгейінің ауыл халқы үшін сенім деңгейінің ұқсас көрсеткішінен асып кетуі жалпы трендтен ауытқу болып табылады.


Бұл ретте БЖЗҚ-ға сенімнің төмен деңгейін көрсеткен респонденттер өз таңдауын БЖЗҚ жұмысының ашық болмауымен және БЖЗҚ басшылығына сенімнің жоқтығымен негіздеді.

Халықтың БЖЗҚ-ға сенімінің төмендеуіне қандай факторлар әсер ететінін егжей-тегжейлі бағалау кезінде көбіне БЖЗҚ жұмысына байланысты ішкі факторлар байқалады.

Мәселен, сенім деңгейінде 3 және одан төмен балл көрсеткен респонденттер арасында БЖЗҚ-ға сенімсіздіктің жиі кездесетін себебі Қор жұмысының ашық болмауы (Қордың қызметі туралы ақпарат жеткіліксіз, түсініксіз/тым күрделі ақпарат) болып отыр – 171 аталу немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейі 3 балға және одан төмен балға тең респонденттердің жалпы санының 52,45%-ы.

33-диаграмма

### Халықтың БЖЗҚ-ға сенімсіздігінің негізгі себептері



85 респондент немесе жалпы БЖЗҚ-ға сенбейтіндердің 26,07%-ы БЖЗҚ басшылығына сенбейді.

БЖЗҚ-ға сенімсіздіктің басқа себептерінің арасында (респонденттер арасында 48 аталу - 14,72%) Қор жұмысының сапасына наразылық (біліксіз қызметкерлер, дөрекі қарым-қатынас) байқалады.

БЖЗҚ-ға сенімсіздіктің өзге себептерін көрсеткен респонденттер (7 адам) жоғарыда аталған барлық себептер бойынша БЖЗҚ-ға сенімсіздік білдіретінін атап өтті, яғни респонденттердің осы санаты үшін сенімсіздік мәселесі жүйелі болып табылады және тек бір бағытты қамтымайды.

Осыған қарамастан, БЖЗҚ-ға сенім деңгейі зейнетақы жүйесіне сеніммен бірдей –

зейнетақы жүйесіне сенім рейтингінің алғашқы 7 және соңғы 3 орнын БЖЗҚ-ға сенім рейтингіндегідей өңірлер алады, бірақ олардың реті әртүрлі. Дегенмен, рейтинг орындарындағы айырма 2 позициядан аспайды.

Жалпы алғанда, жоғарыда сипатталғанға қарай зерттеу нәтижелері БЖЗҚ мен зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі орташа көрсеткіштен жоғары екені туралы зерттеу алдына бұрын қойылған гипотезаны растайды (№1 жұмыс гипотезасы).

### 3.3. БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыру шаралары

БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыру үшін қандай шаралар қолдану қажет екенін зерттеу бөлігінде респонденттердің көпшілігі – респонденттердің 1658 рет атауы немесе сауалнамаға қатысқан халықтың жалпы санының 55,27%-ы БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыру үшін жинақтардың кірістілік деңгейін арттыру қажет деген пікірге сүйенеді.


Жауаптың екінші ең көп таралған нұсқасы – ерікті жинақтарды қалыптастыру үшін тартымды жағдайлар жасау болып табылады (1397 аталу немесе 46,57%).

Респонденттердің бұдан сәл аз бөлігі (1369 немесе 45,63%) БЖЗҚ рөлі мен мәнін жақсы түсіндіру қажет деп есептейді.

Сондай-ақ респонденттер БЖЗҚ қызметтерінің қолжетімділігін арттыру (географиялық жақындық, электрондық қолжетімділік арналары) қажеттілігін атап өтті – 1069 респондент (35,63%) бұл шараны БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыруға қажет деп көрсетті.

34-диаграмма

№ 21 Сұрақ: Сіз сенім білдіру үшін БЖЗҚ қандай шаралар қолдану керек?



Респонденттердің ең азы БЖЗҚ қызметі туралы халық алдында есеп берудің жиілігін арттыру идеясын қолдайды (1020 аталу немесе 34,00%).

Бұл ретте 21 респондент (0,70%) басқа (сауалнамада көрсетілгендерден басқа) шаралар қолдану қажеттілігін көрсетті. Алайда, респонденттердің ешқайсысы қандай шаралар қажет екенін нақты көрсете алмады.

Осылайша, қазіргі уақытта респонденттерді жинақ кірістілігін арттыру, сондай-ақ ерікті жинақтарды қалыптастыруға қолайлы жағдай құру мәселесі көбірек алаңдатады.

#### 4. ХАЛЫҚТЫҢ «БЖЗҚ» АҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, ХАБАРДАР БОЛУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫН АНЫҚТАУ, СОНДАЙ-АҚ «БЖЗҚ» АҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРЫ МЕН ХАЛЫҚПЕН КОММУНИКАЦИЯ АРНАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

23-25-сұрақтар респонденттердің ақпаратты қалай қабылдайтынын түсінуге бағытталған: ол қандай дереккөздерден алынады (№25 сұрақ), ол қаншалықты қолжетімді (№23 сұрақ) және халық үшін қаншалықты түсінікті (№24 сұрақ).

Бұл мәселелер, шын мәнінде, халықпен қарым-қатынас үдерісінің тиімділігін, ақпараттық үдеріс тиімділігін анықтауға бағытталған.

Ақпарат халыққа (ақпарат алушыларға) белгілі бір байланыс арналары арқылы жеткізіледі. Өз кезегінде, байланыс арналары қолжетімді (тиімді коммуникация) немесе халық үшін қолжетімсіз (тиімсіз коммуникация) болуы мүмкін.

Бұл ретте, тіпті халық үшін байланыс арналарының қолжетімділігі – тиімді коммуникация шарттарының бірі. Байланыс арналары арқылы ақпарат алған соң халық ақпаратты қабылдау (түсіну) керек.

Қолжетімділік, түсініктілік және ақпарат көздерінің өзара байланысы 3-суретте айқын көрсетілген.

3-сурет



Осыған байланысты, бірінші кезекте, ақпарат көздеріне қатысты пікірге талдау жасалды (№25 сұрақ), одан әрі «БЖЗҚ» АҚ және оның қызметі туралы ақпарат қолжетімділігі анықталды (№23 сұрақ), және нәтижесінде халықтың алатын ақпаратты түсінуі анықталды (№24 сұрақ).

**Ақпарат көздері** бойынша ақпарат алуды зерттеу нәтижелері респонденттердің басым бөлігі ақпаратты (жаңалықты) әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы (1190 аталу немесе 39,67%), бұдан азы теледидар арқылы (1043 аталу немесе 34,77%) алуға бейім екенін көрсетті.


Үшінші ең көп таралған ақпарат көзі – жаңалықтар және басқа сайттар – респонденттер арасында 467 аталу (15,57%).

Бұл ретте, жоғарыда көріп отырғанымыздай, Интернет-көздердің (әлеуметтік желілер, мессенджерлер мен сайттар) жиынтық әсері – 1657 аталым, бұл ақпарат көздерін атаудың жалпы санының 55,23%-ы.

Ең аз респондент жаңалықты радиостанциялар (153 аталу немесе 5,10%) және газеттер (126 аталу немесе 4,20%) арқылы алады.

35-диаграмма

№ 25 Сұрақ: Жаңалықты қандай ақпарат көзінен аласыз?



Басқа ақпарат көздерінің арасында аталғандар: достар, әріптестер, туыстар («ауызекі әңгіме») – 8 аталу. Сондай-ақ, 13 адам қандай да бір ақпарат көзін көрсетпеуді жөн көрді: жауап беруге қиналды (11) немесе жаңалықтарға қызығушылық танытпайтындарын көрсетті (2).

Осылайша, жоғарыда көрініп тұрғандай респонденттердің басым бөлігі ақпаратты, атап айтқанда, жаңалықты интернет-көздер арқылы, атап айтқанда әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы алуға бейім.

Жалпы, қазіргі уақытта әлеуметтік желілер мен мессенджерлер ыңғайлы, бірақ ол ең сенімді ақпарат көзі емес, осыған орай осы кезеңде респонденттер ақпаратты неғұрлым сенімді ақпарат көздерінен алуды жөн көреді деген болжам жоққа шығарылды (№2 Жұмыс гипотезасы).

Өңірлер бөлігінде респонденттердің жауаптарын бөлу 14-кестеде көрсетілген.

14-кесте

Өңірлер бөлігінде жауап нұсқаларын бөлу  
(№25 Сурақ. Жаңалықты қандай ақпарат көзінен аласыз?)

№ п/п	Өңір	Теле-дидар	Радио-станция	Газеттер	Сайттар	Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер	Басқа
1	Астана қаласы	68	14	7	44	75	1
2	Алматы қаласы	102	7	10	22	189	0
3	Ақмола облысы	30	0	9	16	60	4
4	Ақтөбе облысы	38	15	6	24	58	0
5	Алматы облысы	71	21	5	40	88	4
6	Атырау облысы	35	8	5	22	35	0
7	Батыс Қазақстан облысы	31	3	4	18	44	5
8	Жамбыл облысы	60	11	3	34	72	5
9	Қарағанды облысы	52	6	3	28	82	0
10	Қостанай облысы	53	10	2	9	52	0
11	Қызылорда облысы	39	6	2	29	50	0
12	Маңғыстау облысы	50	0	8	38	21	0
13	Түркістан облысы	153	11	20	44	94	0
14	Павлодар облысы	28	17	8	27	33	0
15	Солтүстік Қазақстан облысы	10	0	15	3	52	0
16	Шығыс Қазақстан облысы	43	5	6	16	39	1

№ п/п	Өңір	Теле-дидар	Радио-станция	Газеттер	Сайттар	Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер	Басқа
17	Шымкент қаласы	63	11	7	28	73	0
18	Абай облысы	32	4	2	18	36	0
19	Жетісу облысы	76	1	1	0	27	0
20	Ұлытау облысы	9	3	3	7	10	1

Сонымен қатар зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерінде респонденттер неғұрлым сенімді ақпарат көздеріне сүйенеді деп болжанады. Сұрақтың қойылуы тек ақпарат (жаңалықтар) алу үдерісіне қатысты болғандықтан, респонденттердің көзқарасы бойынша ең қолайлысы әлеуметтік желілер мен мессенджерлер.

Бұл ретте, ең танымал ақпарат көзі ретінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді таңдау осы ақпарат көздері басым болатын ұялы Интернеттің маңыздылығын көрсетеді.

«БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы **ақпараттың қолжетімділігін** зерттеу респонденттердің басым бөлігі ақпарат алу үдерісін барлығы үшін оңай қолжетімді деп тапқанын көрсетті (1631 респондент немесе сауалнамаға қатысқан халықтың жалпы санының 54,37%).

Сонымен қатар, БЖЗҚ туралы ақпарат алу үшін уақыт пен күш қажет деп есептейтін респонденттер саны – 745 респондент немесе барлық жалпы сауалнамаға қатысқандардың 24,83%-ы.

Респонденттер арасында ең танымал үшінші жауап БЖЗҚ туралы ақпарат алуға мүдделіліктің болмауы болды – 481 респондент немесе сауалнамаға қатысқан халықтың жалпы санының 16,03%-ы БЖЗҚ туралы ақпарат алуға мүдделі емес.

БЖЗҚ туралы ақпарат алу іс жүзінде мүмкін емес деп есептейтін респонденттердің саны 143 респондентті немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 4,77%-ын құрады.

36-диаграмма

№ 23 Сұрақ: БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты табу қаншалықты оңай деп ойлайсыз?



Жоғарыда көрсетілгендей, респонденттер БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігі туралы полярлық пікірде, алайда, бұл ақпарат іс жүзінде қолжетімді емес деп санайтындардың саны аз және бар болғаны 4,77%.

Өңірлер тұрғысында респонденттердің жауаптарын бөлу 15-кестеде көрсетілген

**Өңірлер тұрғысында респонденттердің жауаптарын бөлу**  
**(№ 23 Сұрақ: БЖЗК қызметі туралы ақпаратты табу қаншалықты оңай деп ойлайсыз?)**

№ п/п	Өңір	№1 нұсқа	Үлесі, %	№2 нұсқа	Үлесі, %	№3 нұсқа	Үлесі, %	№4 нұсқа	Үлесі, %
1	Астана қаласы	134	64,11%	42	20,10%	1	0,48%	32	15,31%
2	Алматы қаласы	240	72,73%	81	24,55%	6	1,82%	3	0,91%
3	Ақмола облысы	86	72,27%	27	22,69%	0	0,00%	6	5,04%
4	Ақтөбе облысы	93	65,96%	0	0,00%	2	1,42%	46	32,62%
5	Алматы облысы	92	40,17%	63	27,51%	10	4,37%	64	27,95%
6	Атырау облысы	71	67,62%	9	8,57%	3	2,86%	22	20,95%
7	Батыс Қазақстан облысы	55	52,38%	18	17,14%	1	0,95%	31	29,52%
8	Жамбыл облысы	80	43,24%	63	34,05%	9	4,86%	33	17,84%
9	Қарағанды облысы	94	54,97%	62	36,26%	4	2,34%	11	6,43%
10	Қостанай облысы	112	88,89%	4	3,17%	3	2,38%	7	5,56%
11	Қызылорда облысы	76	60,32%	24	19,05%	0	0,00%	26	20,63%
12	Маңғыстау облысы	39	33,33%	17	14,53%	34	29,06%	27	23,08%
13	Түркістан облысы	126	39,13%	137	42,55%	22	6,83%	37	11,49%
14	Павлодар облысы	10	8,85%	57	50,44%	34	30,09%	12	10,62%
15	Солтүстік Қазақстан облысы	9	11,11%	8	9,88%	3	3,70%	61	75,31%
16	Шығыс Қазақстан облысы	92	83,64%	11	10,00%	2	1,82%	5	4,55%
17	Шымкент қаласы	93	51,10%	70	38,46%	8	4,40%	11	6,04%
18	Абай облысы	49	53,26%	33	35,87%	0	0,00%	10	10,87%
19	Жетісу облысы	65	61,90%	10	9,52%	0	0,00%	30	28,57%
20	Ұлытау облысы	14	43,75%	9	28,13%	1	3,13%	8	25,00%

**Жауап нұсқаларын ашып көрсету**

<b>№1 Нұсқа</b>	Баршаға оңай қолжетімді
<b>№2 нұсқа</b>	Ақпаратты табу үшін уақыт пен күш қажет
<b>№3 нұсқа</b>	Қолжетімді емес десе де болады
<b>№4 нұсқа</b>	Қызықпаймын

Тиімді байланыс үдерісінің маңызды факторы – **ақпаратты дұрыс түсіну**. Осыған байланысты БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың халық үшін қаншалықты **түсінікті** екенін анықтау маңызды.

Зерттеу көрсеткендей, ақпаратты түсіну үдерісі ақпарат алу үдерісімен өзара байланысты.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көпшілігі (1503 немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 50,10%-ы) БЖЗҚ қызметі туралы негізгі ақпарат баршаға түсінікті деп санайды.


БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты түсіну үшін уақыт пен күш қажет деп санайтындардың саны – 985 респондент (32,83%).

Респонденттердің саны бойынша үшінші санат – жауап беруге қиналған респонденттер (423 респондент немесе 14,10%).

БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат түсініксіз болғандар саны – 89 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандардың 2,97%-ы.

*37-диаграмма*

№ 24 Сұрақ: БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат халық үшін қаншалықты түсінікті деп ойлайсыз?



Өңірлер тұрғысында респонденттердің жауаптарын бөлу 17-кестеде көрсетілген.



**Өңірлер тұрғысында респонденттердің жауаптарын бөлу**  
**(№ 24 Сұрақ: БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат халық үшін қаншалықты түсінікті деп ойлайсыз?)**

№ п/п	Өңір	№1 нұсқа	Үлесі, %	№2 нұсқа	Үлесі, %	№3 нұсқа	Үлесі, %	№4 нұсқа	Үлесі, %
1	Астана қаласы	154	73,68%	29	13,88%	0	0,00%	26	12,44%
2	Алматы қаласы	181	54,85%	120	36,36%	17	5,15%	12	3,64%
3	Ақмола облысы	86	72,27%	23	19,33%	0	0,00%	10	8,40%
4	Ақтөбе облысы	82	58,16%	3	2,13%	0	0,00%	56	39,72%
5	Алматы облысы	105	45,85%	61	26,64%	4	1,75%	59	25,76%
6	Атырау облысы	61	58,10%	19	18,10%	0	0,00%	25	23,81%
7	Батыс Қазақстан облысы	53	50,48%	32	30,48%	0	0,00%	20	19,05%
8	Жамбыл облысы	84	45,41%	62	33,51%	2	1,08%	37	20,00%
9	Қарағанды облысы	58	33,92%	96	56,14%	3	1,75%	14	8,19%
10	Қостанай облысы	97	76,98%	21	16,67%	1	0,79%	7	5,56%
11	Қызылорда облысы	22	17,46%	73	57,94%	1	0,79%	30	23,81%
12	Мавңғыстау облысы	72	61,54%	20	17,09%	6	5,13%	19	16,24%
13	Түркістан облысы	143	44,41%	138	42,86%	23	7,14%	18	5,59%
14	Павлодар облысы	12	10,62%	54	47,79%	23	20,35%	24	21,24%
15	Солтүстік Қазақстан облысы	48	59,26%	32	39,51%	0	0,00%	1	1,23%
16	Шығыс Қазақстан облысы	77	70,00%	28	25,45%	1	0,91%	4	3,64%
17	Шымкент қаласы	60	32,97%	107	58,79%	4	2,20%	11	6,04%
18	Абай облысы	48	52,17%	36	39,13%	0	0,00%	8	8,70%
19	Жетісу облысы	54	51,43%	16	15,24%	3	2,86%	32	30,48%
20	Ұлытау облысы	6	18,75%	15	46,87%	1	3,13%	10	31,25%

**Жауап нұсқаларын ашып көрсету**

<b>№1 нұсқа</b>	Баршаға түсінікті
<b>№2 нұсқа</b>	Ақпаратты түсіну үшін уақыт және ынта қажет
<b>№3 нұсқа</b>	Түсініксіз
<b>№4 нұсқа</b>	Жауап беру қиын

Осылайша, БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың түсінікті болуы туралы мәселе бойынша нәтижені бөлу БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігі туралы мәселе бойынша жауаптар нәтижесін толығымен қайталайды.

Сондай-ақ, респонденттер БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың түсінікті (№24 сұрақ) және қолжетімді (№23 сұрақ) болуын шамамен тең пропорцияда бағалайтынын ескергенде, осы екі сұрақтың арасындағы корреляция коэффициенті небәрі 0,552 болып отыр, бұл респонденттердің БЖЗҚ туралы ақпаратты түсіну жеңілдігі мен оны жеңіл қабылдау арасында белгілі бір байланыс бар екенін көрсетеді.

Осылайша, бұл қорытынды БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат қолжетімділігі осы ақпараттың респонденттер үшін қаншалықты түсінікті болатынына байланысты деген гипотезаны растайды (№3 жұмыс гипотезасы).

Төменде көрсетілгендей, ақпарат көздері тұрғысынан респонденттер ең көп ақпаратты әлеуметтік желілер арқылы алады, атап айтқанда 645 респондент атаған Instagram әлеуметтік желісі арқылы алу жаңалық көзі ретіндегі «Хабар» телеарнасынан (телеарналар арасында ең көп сілтеме) 1,5 есе жиі.

19-кесте

**Ақпарат алу көздерін атауды зерттеу нәтижесін жиілік-пайыздық бөлу  
(Интернет-сайттар, әлеуметтік желілер және мессенджерлер)**

Ақпарат көзінің типі/атауы	Аталу саны	Санаттағы барлық аталу %
<b>Әлеуметтік желілер және мессенджерлер</b>		<b>100,00%</b>
Instagram	645	32,06%
Telegram	352	17,50%
Facebook	263	13,07%
VK.com	213	10,59%
Youtube	211	10,49%
WhatsApp	160	7,95%
Twitter	78	3,88%
Tik-tok	74	3,68%
OK.ru	16	0,80%

Респонденттердің көпшілігі төмендегі теледидар арналары арқылы ақпарат алуды жөн көргенін атап өтті:

20-кесте

**Ақпарат алу көздерін атауды зерттеу нәтижесін жиілік-пайыздық бөлу (теледидар)**

Телеарна типі	Телеарна атауы	Аталау саны	Барлық аталату %
Орталық (республикалық) телеарна	Хабар	438	24,83%
	КТК	311	17,63%
	Қазақстан	235	13,32%
	Первый канал (Евразия)	188	10,66%
	Астана	128	7,26%
	Еларна	90	5,10%
	24.kz	56	3,17%
	НТК	48	2,72%
	31 арна	38	2,15%
	7 арна	24	1,36%
	СТВ	19	1,08%
	НТВ	15	0,85%

Телеарна типі	Телеарна атауы	Аталау саны	Барлық аталау %
	Мир 24	14	0,79%
	Россия (Россия 24)	9	0,51%
	СТС	5	0,28%
	ЖибекЖолы	5	0,28%
	Almaty.tv	4	0,23%
	Рен ТВ	1	0,06%
Жергілікті (өңірлік) теледидар	Алтай	17	0,97%
	Ирбис	17	0,97%
	Ақтөбе	17	0,97%
	Қостанай	17	0,97%
	Өскемен	15	0,85%
	Ертіс (Иртыш)	8	0,45%
	Отырар	8	0,45%
	Қызылорда (Қазақстан)	6	0,34%
	Атырау	6	0,34%
	Хан ТВ	5	0,28%
	Ертіс	4	0,23%
	Калкен ТВ	3	0,17%
	Оңтүстік	3	0,17%
	Жетісу	3	0,17%
	Рика ТВ	2	0,11%
	Тараз24	2	0,11%
	Zhuldyz TV	2	0,11%
	Ақтау	1	0,06%

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, респонденттер бәрінен бұрын Хабар (телеарналар арасында 24,83% аталу), КТК (17,63%) және Қазақстан (13,32%) телеарналарынан ақпарат алуды жөн көреді.

21-кесте

**Ақпарат алу көздерін атауды зерттеу нәтижесін жиілік-пайыздық бөлу  
(Интернет-сайттар, газеттер мен радиостанциялар)**

Ақпарат алу көзінің типі/атауы	Аталу саны	Санаттағы барлық аталу %
<b>Интернет-Сайттар</b>		<b>100,00%</b>
Nur.kz	148	24,50%
Zakon.kz	113	18,71%
Tengrinews	109	18,05%
Казинформ	38	6,29%
Информбюро	35	5,79%
orda.kz	33	5,46%
Mail.Ru	31	5,13%
365info.kz	30	4,97%
khabar.kz	17	2,81%
egov.kz	10	1,66%
enpf.kz	8	1,32%
Азаттық	7	1,16%
Google	6	0,99%

Ақпарат алу көзінің типі/атауы	Аталу саны	Санаттағы барлық аталу %
altyn-orda.kz	6	0,99%
stan.kz	5	0,83%
pavlodarnews.kz	4	0,66%
kapital.kz	1	0,17%
Sputnik	1	0,17%
uk.kz	1	0,17%
altaynews.kz	1	0,17%
<b>Газеттер</b>		
<b>100,00%</b>		
Каз. Правда	42	28,00%
Караван	34	22,67%
Егемен Қазақстан	20	13,33%
АиФ	16	10,67%
Луч	8	5,33%
Солтүстік Қазақстан	7	4,67%
Рудный Алтай	5	3,33%
Актюбинский вестник	4	2,67%
Дидар	3	2,00%
Приуралье	3	2,00%
Новый регион	2	1,33%
Атырау	2	1,33%
Знамя труда	1	0,67%
Южный Казахстан	1	0,67%
Аймак	1	0,67%
Айыртауские Зори	1	0,67%
<b>Радио</b>		
<b>100,00%</b>		
Қазақ радиосы	54	23,38%
Европа Плюс	53	22,94%
Радио NS	24	10,39%
Автордио	21	9,09%
Русское радио	20	8,66%
Жұлдыз	14	6,06%
Народное радио	11	4,76%
Шалқар	9	3,90%
Радио Дача	9	3,90%
Наше радио	7	3,03%
TengriFM	4	1,73%
Love FM	3	1,30%
LuxeFM	2	0,87%
<b>Басқа</b>		
<b>100,00%</b>		
Жауап бере алмады	11	52,38%
Достар, туыстар	5	23,81%
Таныстар	3	14,29%
Жаңалықтарға қызығушылық танытпайды	2	9,52%

Бұл ретте, көптеген әлеуметтік желілер (Instagram – 645, Telegram – 352 аталу) республикалық теледидар арналарымен бірдей, тіптен жиірек аталады («Хабар» – 438, «КТК» – 311 аталу).

Осылайша, әлеуметтік желілер республикалық телеарналармен қатар ақпарат алудың танымал көзіне айналууда.

## 5. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІН КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Респонденттердің жауаптарының өзара байланысын, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бар респонденттердің жауаптарының өзара байланысын анықтау үшін корреляциялық талдау жүргізілді. Осы мақсаттар үшін Зерттеу сауалнамасының барлық мәселелерінің корреляция коэффициенттері есептеліп, салыстырылды.

Зерттеу сұрақтарының жұптық корреляция коэффициенттерінің матрицасы 2-қосымшада келтірілген. Зерттеу сұрақтарының жұптық корреляциясына талдау жүргізу негізінде зерттеу сұрақтарының жұптық коэффициенттерінің қысқартылған кестесі жасалды.

Қысқартылған кестеге сандық байланысы жоқ параметрлерді алып тастау мақсатында корреляция коэффициенті кемінде 0,3 болатын сұрақтардың жұптық коэффициенттері енгізілді.

Мұның себебі, Чеддока шәкіліне сай екі параметрдің орташа байланыс күші үшін корреляция коэффициентінің сандық өлшемінің қажетті және жеткілікті шарты – 0,3-тен жоғары көрсеткіш.

22-кесте

### Сандық байланысты сапалық сипатқа айналдыруға арналған Чеддока шәкілі

Байланыс тығыздығының сандық өлшемі	Байланыс күшінің сапалық сипаты
0,1-0,3	Әлсіз
0,3-0,5	Орташа
0,5-0,7	Елеулі
0,7-0,9	Жоғары
0,9-0,99	Өте жоғары

Корреляцияның жұптық коэффициенттерінің қысқартылған кестесі 22-кестеде келтірілген.

23-кесте

### Респонденттердің жауаптары корреляциясының жұптық коэффициентінің кестесі (сипатталатын және негізделетін көрсеткіштер белгіленген)

№ п/п	1-өлшем	2-өлшем	Корреляция коэффициенті
1	5-сұрақ. 1-нұсқа	5-сұрақ. 5-нұсқа	-0,561
2	12-сұрақ	8-сұрақ	0,350
3	12-сұрақ	13-сұрақ	0,343
4	19-сұрақ. 1-нұсқа	19-сұрақ. 2-нұсқа	0,355
5	19-сұрақ. 3-нұсқа	19-сұрақ. 4-нұсқа	0,369
6	19-сұрақ. 6-нұсқа	19-сұрақ. 7-нұсқа	0,360
7	20-сұрақ (бағалау)	21-сұрақ (бағалау)	0,792
8	23-сұрақ	24-сұрақ	0,552
9	25-сұрақ. 1-нұсқа	25-сұрақ. 4-нұсқа	-0,313
10	25-сұрақ. 1-нұсқа	25-сұрақ. 5-нұсқа	-0,592
11	25-сұрақ. 4-нұсқа	25-сұрақ. 5-нұсқа	-0,348
12	27-сұрақ	27-сұрақ (жас)	0,974
13	29-сұрақ	27-сұрақ (жас)	0,455
14	29-сұрақ	27-сұрақ	0,423
15	30-сұрақ	31-сұрақ	-0,373


Ұсынылған кестеге сай ең көп байланыс БЖЗҚ-ға сенім деңгейі мен зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі арасында (кестенің 7-тармағы), онда жұптық корреляция коэффициенті – 0,792.

Бұдан бөлек, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бөлігінде БЖЗҚ-ға

сенім деңгейі мен зейнетақы жүйесіне сенім деңгейін салыстыру  $R^2$  детерминация коэффициенті 0,8252 деңгейінде оң нәтиже береді, бұл екі ауыспалының функционалдық тәуелділігінің жоғары деңгейін (БЖЗҚ-ға сенім деңгейі және Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі) көрсетеді.

38-диаграмма

Географиялық қағидат бойынша  
БЖЗҚ-ға сенім деңгейін зейнетақы жүйесіне сенім деңгейімен салыстыру



Осылайша, БЖЗҚ-ға сенім деңгейі жалпы Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейімен тікелей байланысты және БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің зейнетақы жүйесіне сенім деңгейіне тікелей тәуелді деген гипотеза да расталады (№4 жұмыс гипотезасы).

Сонымен қатар корреляция коэффициенттерінің бірі (Кестенің 8-тармағы) ақпаратты алудың жеңілдігі мен оны қабылдау деңгейі арасындағы тәуелділікті растайды (23 және 24 сұрақтар).

Бұл ретте, бұл тәуелділіктің коэффициенті оң, яғни респондентке ақпарат алу қаншалықты оңай болса, оған бұл ақпаратты түсіну соншалықты жеңіл болады.

Теріс корреляцияның елеулі деңгейі (корреляция коэффициенті 0,5-тен жоғары) 5-сұрақтың 1-ші және 5-жауаптары арасында анықталды.

Осылайша, қызметкердің табысынан аударылатын міндетті зейнетақы жарналары туралы білетін респонденттер «жауап беруге қиналамын» нұсқасын мүлдем таңдамайды.

25-сұрақтың 1-ші және 5-нұсқаларының теріс корреляция коэффициентімен -0,592 (Кестенің 9-тармағы) өзара байланысы қызық (теріс корреляция), бұл «Теледидар» (1-нұсқа) және «Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер» (5-нұсқа) жауап нұсқаларын таңдау арасындағы теріс тәуелділікті көрсетеді.

Теріс тәуелділіктің бұл көрсеткіші респонденттер ақпарат алудың тек бір әдісін, яғни теледидарды немесе әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді таңдауға бейім екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, басқа қатынастар респонденттердің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін сипаттайды және ақпаратты толық білмейтінін сипаттайды.

Шын мәнінде, корреляция коэффициенттерінің барлық абсолют мәндері сұрақтардың өзара байланысының әлсіздігін көрсетеді – білім деңгейі де, табыс деңгейі де, басқа көрсеткіштер де респонденттің пікіріне және оның қаржылық сауаттылық деңгейіне әсер етпейді – табыс деңгейі жоғары респонденттер де, табыс деңгейі төмен респонденттер

сияқты Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенеді немесе сенбейді немесе зейнетақымен камсыздандыру саласында қаржылық сауатты бола алады.

Респонденттердің білім деңгейі мен жасына байланысты да жағдай осындай – респонденттердің жасының Қазақстанның зейнетақы жүйесіне немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейіне әсері аз.

Сонымен қатар корреляция коэффициенттерін талдау көрсеткендей, қаржылық сауаттылық деңгейінің және зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің көрсеткіштері респонденттің тұратын жеріне (қала немесе ауылдық жер) байланысты емес.

Жүргізілген талдау тұжырымдары зерттеу алдына қойылған мынадай гипотезаларды жоққа шығарады:

1) зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі және БЖЗҚ-ға сенім деңгейі респонденттің (оның отбасының) материалдық жағдайына тікелей байланысты (№5 жұмыс гипотезасы);

2) БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты қабылдау (түсіну) деңгейі респонденттің жасына және білім деңгейіне байланысты (№6 жұмыс гипотезасы);

3) респондент үшін БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділік деңгейі респонденттің білім деңгейіне және жасына тікелей байланысты (№7 жұмыс гипотезасы).

Жоғарыда «Қаржылық сауаттылық» блогының №1 және 2-сұрақтарында қойылған респонденттер жауаптарының респонденттердің жасына, қызмет саласына, материалдық жағдайына, біліміне, қоныстану типіне қарай №1-ші және 2-сұрақтарға тәуелділігін анықтау міндеті нақтыланады – респонденттер зейнет жасында өздерінің қаржылық әл-ауқатының негіз деп санайтынына қарай олардың жасына, қызмет саласына, материалдық жағдайына, біліміне немесе қоныс түріне (қала, ауыл) байланысты емес.

Респонденттердің зейнетақы төлемдерінің қандай түрлері бар екені туралы білімі де жоғарыда келтірілген факторларға байланысты емес.

## 6. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН ТАЛДАУ

Бұл бөлім жүргізілген талдамалық зерттеуге қосымша және зерттеуге Тапсырыс беруші тарапынан міндетті емес.

Бұл ретте осы бөлімнің нәтижесін зерттеуге Тапсырыс беруші келешекте пайдалана алады, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғалар халықтың қаржылық сауаттылығы деңгейінің және халықтың Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне, сондай-ақ БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің өзара байланысын түсіну үшін пайдалана алады.

### Сұрақтарды санаттарға бөлу: пікір, базалық білім, нақты білім

Зерттеу сауалнамасын зерттеудің екі негізгі бағытына бөлумен қатар, 1-ден 25-ке дейінгі сауалнаманың сұрақтарын шартты түрде келесі санаттарға бөлуге болады:

1) респонденттің **пікірін** анықтауға бағытталған сұрақтар (№№1, 7, 8, 9, 10 сұрақтар, «Сенім деңгейі» блогының барлық сұрағы).

2) респонденттің **базалық білімін** анықтауға бағытталған сұрақтар (№№2, 3, 4, 11, 12, 13, 16, 19 сұрақтар).

3) респонденттің **нақты білімін** анықтауға бағытталған сұрақтар (№№5, 6, 14, 15, 17, 18 сұрақтар).

Осы мәселелерді үш санатқа бөлу халықтың жалпы зейнетақы жүйесінің жұмыс қағидаты мен қалыптасуы туралы хабардар болу дәрежесін тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық бөлігіндегі сұрақтарды пікір, базалық білім және нақты білім санаттарына бөлу әрбір респонденттің, атап айтқанда, жалпы әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары (бұл жағдайда, белгілі бір аумақта тұратын, бір жас санатындағы, білімі, материалдық жағдайы және/немесе әлеуметтік мәртебесі) бар респонденттер тобының жалпы рейтингін қалыптастыру және білімін бағалау үшін, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылық деңгейінің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сенім деңгейіне әсері үшін пайдалы.

Халықтың зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейіне тәуелділігі тұрғысында осы зерттеудің алдына екі қарама-қарсы **гипотеза** қойылды:

*1. Халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейі жоғарылаған кезде халықтың зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі де артады (яғни «тікелей желілік тәуелділік»).*

*2. Халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейі жоғарылаған кезде халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі төмендейді («кері желілік тәуелділік»).*

Өз кезегінде, хабардар болу байланысы (базалық та, нақты да білімнің болуы) қандай да бір зерттеу мәні туралы халық пікірін қалыптастыруға тікелей әсер етеді.

Бұл факт әртүрлі әлеуметтік зерттеулерде расталады. Сонымен, зерттеу деректеріне сай қоғамдық **пікірді** қалыптастыру (стихиялық немесе мақсатты) белгілі бір әлеуметтік құбылыс туралы **білімді** мамандандырылған сана деңгейінен тәжірибелік (бұқаралық) сана деңгейіне ауыстыруға ықпал етеді.

Қоғамдық түсінік қызығушылық тудыратын тақырыпты мамандар сияқты толық әрі жан-жақты түсіне алмайды. Осылайша, *қоғамдық пікір бұқаралық түсінік саласына кездейсоқ немесе мақсатты түрде енген фрагменттелген білім негізінде қалыптасады*<sup>9</sup>.

<sup>9</sup> Т. Науменко. Социология массовой коммуникации. 151-бет.



Жауаптардың нәтижесін бір көрсеткіште шоғырландыру мақсатында Зерттеу сауалнамасының әрбір сұрағына жауаптың әрбір нұсқасына жауаптың дұрыстығына байланысты белгілі бір балл берілді.

Осылайша, мысалы, жауаптардың **бірнеше нұсқасын** болжаған және шын мәнінде респондентке ұсынылған жауаптардың барлық нұсқасы дұрыс деп болжаған кейбір сұрақтар әр жауап үшін 5 балға бағаланды.

Жауаптың **бір ғана нұсқасын** болжаған нақты ақпаратты білуге арналған сұрақтар (№5, 6, 14 сұрақтар және т.б.) бес балдық шәкіл бойынша да бағаланды, бұл ретте респонденттің жауабы дұрыс жауапқа неғұрлым жақын болса, ол осы жауап үшін соғұрлым жоғары балл алды.

Бұл ретте «Қаржылық сауаттылық деңгейі» блогының бірінші мәселесі:

*«№1 Сұрақ. Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқатыңыздың негізі неде деп ойлайсыз?»*

бағаланбады, себебі бұл мәселе жанама түрде зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтаумен байланысты және сұрақтың қойылуынан көрініп тұрғандай, халықтың зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқатты қамтамасыз етудің негізгі көздері туралы **пікірін** анықтауға бағытталған.

Ерікті зейнетақы жарналары тұрғысындағы №5 сұраққа ұқсас:

*«№5 Сұрақ. БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз?*

*3-тармақ. Ерікті зейнетақы жарналары, азамат зейнетақы шотына ақшаны өзі салады»*

2.1.2-бөлімнің с тармағында көрсетілгендей бірнеше жауап нұсқалары болуы мүмкін.

Бұл ретте ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі, оларды төлеу тәртібі, сондай-ақ зейнетақы төлемдерінің тәртібі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.

«Қаржылық сауаттылық деңгейі» блогының көптеген сұрақтарына қарағанда бұл сұрақтар «дұрыс» жауапты көздемейді және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтауға тікелей бағытталмайды.

Рейтингінің мақсаты және қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау үшін әр сұрақтың жауаптарына келесі балдар берілді:

24-кесте

Зерттеу сауалнамасының сұрақтарына жауап нұсқалары үшін балдар (6-сұрақ бойынша дұрыс жауаптар көрсетілген – дұрыс жауап үшін 5 балл)

Сұрақ	Жауап нұсқасы										балл
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1	5	5	5	5	5	5	5				
2	3	3	5	0							
3	3	3	1	1	5						
4	5	3	3	2							
5	5	5	5	5	0	0					
6	2	5									
7	5	0									
8	5	3	0								
9	0	5									
10	0	5									
11	5	5	5	5	5	5	5	5	5	0	

	Жауап нұсқасы									
12	4	5	1	0						
13	2	5	1	0						
14	4	5	1	4						
15	3	2	5	0						
16	0	5	2							
17	3	5	1							
18	5	5	5	5	5					
19	5	5	5	5	5	5	5			

жауаптың бірнеше нұсқасы бар сұрақтар

Осылайша, респондент ала алатын ең жоғары балл – 195 балл.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылықтың ең жоғары рейтингі Павлодар (орта есеппен 124,28 балл), Қарағанды (123,78) облысында және Шымкент (122,37) қаласында тіркелген.

25-кесте

**Облыстар бөлігінде халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық рейтингінің орташа көрсеткіші**

Ранг	Қала / Облыс	Орташа көрсеткіш (қала)	Орташа көрсеткіш (ауыл)	Жалпы рейтинг
1	Павлодар облысы	129,21	112,33	124,28
2	Қарағанды облысы	123,50	125,00	123,78
3	Шымкент қаласы	122,37		122,37
4	Атырау облысы	119,71	117,72	118,82
5	Қызылорда облысы	120,80	113,61	116,98
6	Ұлытау облысы	117,77	112,67	116,81
7	Қостанай облысы	116,27	116,04	116,18
8	Абай облысы	118,16	112,64	116,00
9	Алматы қаласы	111,85		111,85
10	Жамбыл облысы	106,23	115,95	111,75
11	Алматы облысы	103,05	109,94	108,83
12	Ақтөбе облысы	110,57	99,00	107,62
13	Шығыс Қазақстан облысы	105,82	104,00	105,21
14	Солтүстік Қазақстан облысы	103,63	105,85	104,75
15	Түркістан облысы	96,76	105,09	103,04
16	Ақмола облысы	104,70	99,19	102,29
17	Астана қаласы	100,24		100,24
18	Батыс Қазақстан облысы	96,03	103,65	99,37
19	Маңғыстау облысы	90,81	103,27	97,62
20	Жетісу облысы	87,02	99,60	93,97

26-кесте


**Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін және БЖЗҚ мен Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейін салыстыру**

Қала / Облыс	Қаржылық сауаттылық рейтингі	БЖЗҚ-ға сенім деңгейі	Зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі
Астана қаласы	100,24	5,60	5,69

Алматы қаласы	111,85	6,27	6,12
Ақмола облысы	102,29	5,62	5,97
Ақтөбе облысы	107,62	4,72	5,18
Алматы облысы	108,83	5,84	5,77
Атырау облысы	118,82	4,54	4,90
Батыс Қазақстан облысы	99,37	5,30	5,54
Жамбыл облысы	111,75	5,94	5,68
Қарағанды облысы	123,78	5,30	5,06
Қостанай облысы	116,18	7,04	7,01
Қызылорда облысы	116,98	5,56	5,56
Маңғыстау облысы	97,62	5,00	4,74
Түркістан облысы	103,04	5,96	5,94
Павлодар облысы	124,28	5,32	5,96
Солтүстік Қазақстан облысы	104,75	6,96	7,28
Шығыс Қазақстан облысы	105,21	6,50	6,50
Шымкент	122,37	5,49	5,15
Абай облысы	116,00	6,83	6,48
Жетісу облысы	93,97	5,94	6,20
Ұлытау облысы	116,81	6,84	6,36


39-диаграмма

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін және БЖЗҚ-ға сенім деңгейін салыстыру



40-диаграмма

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін және Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейін салыстыру



Жоғарыда көрініп тұрғандай, зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі іс жүзінде қаржылық сауаттылық деңгейімен түсіндірілмейді – детерминация коэффициенті ( $R^2$ ) зейнетақы жүйесіне сенім деңгейін және қаржылық сауаттылық деңгейін салыстыру кезінде небәрі 0,0095 болды, соңғысын БЖЗҚ-ға сенім деңгейімен салыстыру кезінде іс жүзінде нөлге тең болды.

Осылайша, статистикалық маңыздылықтың 5%-дық деңгейінде халықтың сенім деңгейі (зейнетақы жүйесіне де, БЖЗҚ-ға да) мен қаржылық сауаттылық деңгейі арасында нақты өзара байланыс анықталған жоқ.

## 7. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША ТҰЖЫРЫМДАР

Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Сауалнама нәтижелері респонденттердің басым бөлігі БЖЗҚ рөлі мен оның жинақтаушы зейнетақы жүйесі үшін маңызы туралы хабардар екендігін көрсетті. Сонымен қатар, респонденттердің басым бөлігі БЖЗҚ негізгі функциялары туралы хабардар, бұл БЖЗҚ-ның жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі рөлі туралы жалпы түсінікті көрсетеді.

2. Респонденттер зейнетақы жарналарының түрлері туралы жақсы біледі. Бұл ретте ұсынылған жауаптарды неғұрлым терең талдау респонденттердің зейнетақы жарналарының қандай да бір түрлері туралы және міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) нақты мөлшері туралы жақсы және жұмыс берушілер төлейтін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) туралы азырақ білгенмен, азаматтар өздері зейнетақы шоттарына енгізетін ерікті зейнетақы жарналары бөлігінде қандай да бір баға беруге қиналады (тек 2 респондент қана 10% мөлшерінде ерікті зейнетақы төлемдерінің мөлшерін көрсетті, қалған 2998 жауап беруге қиналды).

Өз кезегінде ҚР Әлеуметтік кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын мөлшері ретінде айқындалған, оны ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы өзі дербес айқындайды және өз қалауы бойынша өзгертуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгенге байланысты бұл мәселе респонденттердің қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау кезінде есепке алынбады.

Ал бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) мөлшерлемесінің белгіленген мөлшері республикалық және облыстық маңызы бар қалалар мен елорда тұрғындары үшін 1 АЕК және басқа елді мекендердің тұрғындары үшін 0,5 АЕК болады.

Респонденттер берген жауаптарға сай БЖТ-ның дұрыс мөлшерін (БЖТ мөлшерін 1 АЕК мөлшерінде көрсеткендер де, 0,5 АЕК мөлшерінде көрсеткендер де есепке алынды) 255 респондент (немесе барлық сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 8,50%) көрсетті.

Респонденттердің басым бөлігі 2575 респондентке немесе барлық жалпы сауалнамаға қатысқандардың 85,83%-ына БЖТ-ның қандай да бір мөлшерін көрсету қиынға соқты.

Бұл ретте сұрақтың өзі респондентке БЖТ мөлшерін АЕК-ке нақты көрсетуге бағыттады. Осылайша, респонденттерге БЖТ үшін төлем ретінде төленетін АЕК санын көрсету ғана қалды.

Жоғарыда көрсетілгендей, респонденттер МЗЖ (77,40%) деңгейі туралы жақсы біледі, МКЗЖ (11,83%) және БЖТ (8,50%) деңгейі туралы аз біледі, ЕЗЖ деңгейі туралы мүлдем дерлік білмейді.

3. Зейнетақымен қамсыздандырудың қолданыстағы үлгісі әрбір азаматтың өзінің болашақ зейнетақымен қамсыздандырылуына дербес жауапкершілігіне бағдарланғандықтан, өзінің зейнетақы шотына мониторинг жүргізудегі жеке жауапкершілікті түсіну мәселесі халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығының базалық деңгейін айқындауға бағытталған.

Болашақ зейнетақымен қамтамасыз етілу жауапкершілігі ең алдымен азаматтардың өздеріне жүктелгеніне қарамастан, жүргізілген сауалнамаға сәйкес халықтың бір бөлігі (1142 респондент немесе жалпы сауалнамаға қатысқандар санының 38,07%-ы) осы дербес жауапкершілікті бөгде ұйымдарға (Үкіметке, БЖЗҚ-ға және т.б.) немесе жалпы мемлекетке жүктей отырып, өз жинақтарына қызығушылық танытпайды.

Бұл ретте зейнетақы жинақтарының сомасына жылына 1 рет және одан да жиі қызығушылық танытатындардың үлесі (992 респондент немесе барлық жалпы сауалнамаға қатысқандардың 33,07%-ы) өз зейнетақы жинақтарына екі-үш жылда бір рет қызығушылық танытатындарға (866 респондент немесе 28,87%) қарағанда көп.

Өз кезегінде, халықтың зейнетақы жинақтары сомасына деген қызығушылығының төмен деңгейі халықтың зейнетақымен қамсыздандыру бөлігіндегі өз болашағына деген жауапкершілігін мемлекет пен мемлекеттік институттарға артумен байланысты болуы мүмкін.

4. БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат көздерін зерттеу көрсеткендей, халықтың басым бөлігі ақпаратты делдалдың қатысуынсыз, ХҚО-ға және/немесе БЖЗҚ-ға жеке өтініш беру арқылы алу әдістерін таңдайды.

Сауалнамаға жауап берушілердің өз жеке зейнетақы шоттарының жай-күйі туралы ақпарат алу құралы ретінде ең аз таңдайтыны банктер болып саналады (тек 263-і ғана атап өтті).

Әдетте, халық банктерде зейнетақы шотының жай-күйі туралы толық ақпарат алмайды. Екінші деңгейдегі банктерден алынатын ақпарат – БЖЗҚ салымшысының жеке зейнетақы шотына аударылатын зейнетақы аударымдары туралы анықтама. Бұл ақпарат (анықтама) банктік қызметтердің кейбір түрлерін, мысалы, банктік несие алу үшін қажет. Осылайша, бұл жағдайда жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты алу ілеспе қызмет болып табылады.

Жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу үшін респонденттер ақпарат алудың неғұрлым дербестендірілген тәсілдерін жөн көреді – БЖЗҚ-ға келу (1835 аталу) немесе ХҚО-ға бару (респонденттердің 1555 рет атауы).

Осылайша, респонденттер зейнетақы жинақтары мәселелерінде тікелей БЖЗҚ кеңселеріне келуді жөн көреді, бұл зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне қатысты делдал арналардың маңыздылығының төмендеуін көрсетеді.

5. Ерлер мен әйелдердің зейнетке шығу жасы туралы халықтың хабардарлығын талдау аясында жүргізілген сауалнама респонденттердің көпшілігінің дұрыс жауап бергенін көрсетті (2411 респондент немесе 80,37%).

Бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың аз бөлігі (589 респондент немесе 19,63%), әлі де әйелдер үшін зейнет жасы өзгерген жоқ және ол 58 жасты құрайды деп қате пайымдайды.

6. Инвестициялық табыс және зейнетақы жинақтарын инвестициялау функцияларына қатысты респонденттердің жауаптарын талдау сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігінің немесе 934 респонденттің (31,13%) зейнетақы активтерін инвестициялауды БЖЗҚ жүзеге асырады деп қате ойлайтынын көрсетті.

Аз бөлігі – 756 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 25,20%-ы басқа делдалсыз (ИПБ) Ұлттық Банк ғана зейнетақы жинақтарын инвестициялайды деп пайымдайды. Бұл жауап нұсқасы (инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы ақшасын инвестициялау бойынша ИПБ функциясы туралы нұсқа сияқты) дұрыс болғанымен, Ұлттық банк пен ИПБ-ны қатар қамтитын жауап нұсқасының болуына байланысты толық емес болып қалады.

Сонымен қатар, зейнетақы активтерін басқарушы ретінде Ұлттық банкті және Инвестициялық портфельді басқарушыларды қамтитын дұрыс жауапты 644 респондент (немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 21,47%-ы) таңдады.

Азы немесе 508 респондент (16,93%) инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялау бөлігінде ИПБ функциясы туралы біледі.

158 респондент (5,27%) инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін

инвестициялауды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілгендей, 2021 жылдан бастап Ұлттық банктің инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы ақшасын инвестициялау бойынша функцияларымен қатар, зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) да мүмкіндік берілді.

Осылайша, респонденттердің көпшілігі инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы ақшасын инвестициялау функциясын БЖЗҚ-ға қате жүктейді.

7. Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу жөнінде халықтың пікірі мен білімін талдау сауалнамаға жауап берушілердің басым бөлігінің зейнетақы төлемдерін мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі туралы хабардар екендігін көрсетті.

Респонденттердің көп бөлігі (1724 респондент немесе 57,47%) кез келген жаста және кез келген мақсатта БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын **шартсыз** алудың мүмкін еместігі туралы хабардар болып шықты.

Дегенмен, 467 (15,57%) респондент сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін зейнетақы төлемдерін мерзімінен бұрын алу және оған БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын аудару мүмкін деген болжам дұрыс емес деп есептейді.

Сол сияқты, 407 (13,57%) респондент БЖЗҚ-дан тұрақты зейнетақы төлемдері зейнет жасына толғаннан кейін немесе 1-2 топтағы мерзімсіз мүгедектік белгіленген кезде ғана жүзеге асырылады деген болжамды дұрыс емес деп қате есептейді.

Респонденттердің ең азы – 402 респондент (13,40%) дұрыс емес жауап нұсқасын «зейнет жасына толғанға дейін БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және / немесе емделуге ақы төлеу мақсатында алуға болады» деп таңдаған.

Сонымен, сауалнамаға жауап берушілер, жалпы алғанда, зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу талаптары туралы базалық деңгейде жақсы біледі. Алайда, осы мәселені егжей-тегжейлі қарау барысында респонденттердің зейнетақы аннуитеті тетігінің мүмкіндіктері туралы мүлдем дерлік білмейтіні белгілі болды.

8. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі зейнетақы төлемдеріне салық салынатынын не салынбайтынын білмейді және зейнетақы төлемдеріне салық салынбайды деп санайды (1610 респондент немесе 53,67%).

982 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 32,73%-ы зейнетақы төлемдеріне жеке табыс салығы салынатынын дұрыс атап отыр. Бұл екінші ең көп таралған жауап.

Өз кезегінде, 408 респондент (13,60%) зейнетақы төлемдеріне әлеуметтік салық салынады деп санайды.

9. Зерттеу көрсеткендей, халықтың Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің орташа көрсеткіші – 5,80 балл, яғни орташа деңгейден жоғары, бұл зерттеудің зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі орташадан жоғары деген жұмыс гипотезасын растайды.

Шын мәнінде, халықтың сенім деңгейінің көрсеткіші орташа деңгейден жоғары болған өңірлер саны еліміз бойынша көрсеткіштері орташадан төмен болатын өңірлер санына сәйкес келеді.

Қала тұрғындары арасындағы зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі жалпы облыс бойынша сенім көрсеткішімен бірдей. Зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі ең жоғары өңірлерде қала халқы тарапынан жүйеге сенімнің де жоғары деңгейі байқалады.

Халықтың Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенімінің төмен болуының (сенімсіздігінің) негізгі себептері – аз зейнетақы («зейнеткерлер аз алады») – 108

респондент немесе (3 және одан төмен) бағаны көрсеткен сауалнамаға қатысушылардың жалпы санынан 34,95%, сондай-ақ зейнетақы заңнамасындағы жиі өзгерістер – 81 респондент (26,21%) осы нұсқаны зейнетақы жүйесіне деген сенімсіздіктің басты себебі деп көрсетті.

Сонымен қатар респонденттер экономикалық жағдайдың тұрақсыздығын сенімсіздік себептерінің бірі ретінде көрсетті – 51 респондент немесе 16,50% осы жауап нұсқасын көрсетті.

Зейнетақы жүйесінің теріс жұмысы туралы қауесеттерге байланысты себептер азырақ айтылады (44 респондент немесе 14,24%).

Сондай-ақ, 14 респондент (4,53%) жалпы мемлекетке сенім артпайтындарын атап өтті. Зейнетақы жүйесіне сенімнің төмен бағалануына қатысты қандай да бір түсініктеме беруден қиналғандар саны 11 респондентті (3,56%) құрады.

Мұнымен бірге, респонденттер зейнетақы жүйесіне сенімсіздіктің өзге себептерін көрсетпеді, көрсетілген себептер жалпы алғанда Қазақстанның зейнетақы жүйесіне теріс баға беру себептерін жалпы түсінуді қалыптастыратынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, жоғарыда көріп отырғанымыздай, респонденттер тарапынан сенімсіздіктің негізгі себебі зейнеткерлердің төмен табысымен, сондай-ақ зейнетақы заңнамасында болатын жиі өзгерістермен байланысты.

10. БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің көрсеткіштері жалпы алғанда Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің көрсеткіштерімен корреляцияланады.

Іс жүзінде БЖЗҚ – осы зейнетақы жүйесінің ажырамас бөлігі және көптеген респонденттер БЖЗҚ-ны зейнетақы жүйесін іске асыру құралы ретінде қарастырады.

Осыған қарамастан, респонденттердің БЖЗҚ-ға сенім деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің шамалы болса да Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің жиынтық көрсеткішінен жоғары екенін көрсетті.

Мәселен, БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің орташа көрсеткіші де зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі - 5,80 балл деңгейінде қалды.

Бұл ретте БЖЗҚ-ға сенімнің төмен деңгейін көрсеткен респонденттер өз таңдауын БЖЗҚ-ның ашық емес жұмысымен және БЖЗҚ басшылығына сенімнің жоқтығымен негіздеді.

Халықтың БЖЗҚ-ға сенімінің төмендеуіне қандай факторлар әсер ететінін егжей-тегжейлі бағалау кезінде БЖЗҚ жұмысына байланысты ішкі факторлар көбірек байқалады.

Сенім деңгейін 3 және одан төмен балмен көрсеткен респонденттер арасында БЖЗҚ-ға сенімсіздіктің ең көп тараған себебі – Қордың ашық емес жұмысы (Қор қызметі туралы ақпарат жеткіліксіз, түсініксіз / тым күрделі ақпарат) – 171 аталу немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейі 3 және одан төмен балға тең респонденттер санының 52,45%-ы.

БЖЗҚ басшылығына 85 респондент немесе БЖЗҚ-ға сенбейтіндердің жалпы санының 26,07%-ы сенбейді.

БЖЗҚ сенімсіздігінің басқа себептерінің арасында (респонденттер арасында 48 аталу) Қор жұмысының сапасына наразылық (біліксіз қызметкерлер, дөрекі қарым-қатынас) байқалады.

БЖЗҚ-ға сенімсіздіктің өзге себептерін көрсеткен респонденттер (7 адам) жоғарыда аталған барлық себептер бойынша БЖЗҚ-ға сенімсіздік білдіретінін атап өтті, яғни респонденттердің осы санаты үшін сенімсіздік мәселесі жүйелі болып табылады және тек бір бағытты қамтымайды.

Осыған қарамастан, БЖЗҚ-ға сенім деңгейі зейнетақы жүйесіне сеніммен бірдей – зейнетақы жүйесіне сенім рейтингінің алғашқы 7 және соңғы 3-орынды БЖЗҚ-ға сенім рейтингісіндегі өңірлер алады, бірақ олардың реті әртүрлі. Дегенмен, рейтинг орындарындағы айырма 2 позициядан аспайды.



Жалпы, барлық жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, зерттеу нәтижелері БЖЗҚ мен зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі орташа көрсеткіштен жоғары деңгейде деген бұрын зерттеу алдында қойылған гипотезаны растайды деген қорытынды жасауға болады (№1 жұмыс гипотезасы).

11. БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыру үшін қандай шаралар қолдану қажет екенін зерттеу бөлігінде респонденттердің көпшілігі – респонденттердің 1658 рет атауы немесе сауалнамаға қатысқан халықтың жалпы санының 55,27%-ы БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыру үшін жинақтардың кірістілік деңгейін арттыру қажет деген пікірге сүйенеді.

Жауаптың екінші ең көп таралған нұсқасы – ерікті жинақтарды қалыптастыру үшін тартымды жағдай жасау (1397 аталу немесе 46,57%).

Респонденттердің бұдан сәл аз бөлігі (1369 немесе 45,63%) БЖЗҚ рөлі мен маңызын жақсырақ түсіндіру қажеттілігі деп санайды.

Сондай-ақ респонденттер БЖЗҚ қызметтерінің қолжетімділігін арттыру (географиялық жақындық, электрондық қолжетімділік арналары) қажеттілігін атап өтті – 1069 респондент (35,63%) бұл шараны БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыруға қажет деп көрсетті.

Респонденттердің ең азы БЖЗҚ қызметі туралы халық алдында есеп берудің жиілігін арттыру идеясын қолдайды (1020 аталу немесе 34,00%).

Бұл ретте 21 респондент (0,70%) басқа (сауалнамада көрсетілгендерден басқа) шаралар қолдану қажеттілігін көрсетті. Алайда, респонденттердің ешқайсысы қандай шаралар қажет екенін нақты көрсете алмады.

Осылайша, қазіргі уақытта респонденттерді *жинақ кірістілігін арттыру, сондай-ақ ерікті жинақтарды қалыптастыруға қолайлы жағдай құру мәселесі көбірек алаңдатады.*

12. **Ақпарат көздері** бойынша ақпарат алуды зерттеу нәтижелері респонденттердің басым бөлігі ақпаратты (жаңалықты) әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы (1190 аталу немесе 39,67%), бұдан азы теледидар арқылы (1043 аталу немесе 34,77%) алуға бейім екенін көрсетті.

Үшінші ең көп таралған ақпарат көзі – жаңалықтар және басқа сайттар – респонденттер арасында 467 аталу (15,57%).

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, *Интернет-көздердің* (әлеуметтік желілер, мессенджерлер мен сайттар) жиынтық әсері – 1657 аталым, бұл ақпарат көздерін атаудың жалпы санының 55,23%-ы.

Бұл ретте, көптеген әлеуметтік желілер (Instagram – 645, Telegram – 352 аталу) республикалық теледидар арналарымен бірдей, тіптен жиірек аталады («Хабар» – 438, «КТК» – 311 аталу).

Осылайша, әлеуметтік желілер республикалық телеарналармен қатар ақпарат алудың танымал көзіне айналуда.

Жалпы, қазіргі уақытта әлеуметтік желілер мен мессенджерлер ынғайлы, бірақ ол ең сенімді ақпарат көзі емес, осыған орай осы кезеңде респонденттер ақпаратты неғұрлым сенімді ақпарат көздерінен алуды жөн көреді деген болжам жоққа шығарылды (№2 жұмыс гипотезасы).

Сонымен қатар зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерінде респонденттер неғұрлым сенімді ақпарат көздеріне сүйенеді деп болжанады. Сұрақтың қойылуы тек ақпарат (жаңалықтар) алу үдерісіне қатысты болғандықтан, респонденттердің көзқарасы бойынша ең қолайлысы әлеуметтік желілер мен мессенджерлер.

Бұл ретте, ең танымал ақпарат көзі ретінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді таңдау осы ақпарат көздері басым болатын ұялы Интернеттің маңыздылығын көрсетеді.

13. Зерттеу көрсеткендей, ақпаратты түсіну үдерісі ақпарат алу үдерісімен өзара байланысты.

«БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы **ақпараттың қолжетімділігін** зерттеу респонденттердің басым бөлігі ақпарат алу үдерісін барлығы үшін оңай қолжетімді деп тапқанын көрсетті (1631 респондент немесе сауалнамаға қатысқан халықтың жалпы санының 54,37%).

**Алған ақпарат түсініктілігіне** қатысты респонденттердің көпшілігі БЖЗҚ қызметі туралы негізгі ақпарат баршаға түсінікті деп есептейді (1503 немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 50,10%-ы).

Респонденттер БЖЗҚ қызметі туралы ақпараттың түсінікті (№24 сұрақ) және қолжетімді (№23 сұрақ) болуын шамамен тең пропорцияда бағалайтынын ескергенде, осы екі сұрақтың арасындағы корреляция коэффициенті небәрі 0,552 болып отыр, бұл респонденттердің БЖЗҚ туралы ақпаратты түсіну жеңілдігі мен оны жеңіл қабылдау арасында белгілі бір байланыс бар екенін көрсетеді.

Осылайша, бұл қорытынды БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат қолжетімділігі осы ақпараттың респонденттер үшін қаншалықты түсінікті болатынына байланысты деген гипотезаны растайды (№3 жұмыс гипотезасы).

Нақтыланған жауаптар берілген ақпарат көздеріне (теледидар, газеттер, интернет көздері және т.б.) қатысты респонденттер ең алдымен, бұрын аталғандай, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді көрсетіп отыр.

14. Жалпы, халықтың БЖЗҚ-ға және Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейін тереңдетілген корреляциялық талдау көрсеткендей, БЖЗҚ-ға сенім деңгейі жалпы алғанда Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейімен тікелей байланысты және БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің зейнетақы жүйесіне сенім деңгейіне тікелей тәуелді.

Сондай-ақ, корреляция коэффициенттерінің бірі ақпаратты алудың жеңілдігі мен оны қабылдау деңгейі арасындағы тәуелділікті растайды.

Бұл ретте, бұл тәуелділіктің коэффициенті оң, яғни респондентке ақпарат алу қаншалықты оңай болса, оған бұл ақпаратты түсіну соншалықты жеңіл болады.

25-сұрақтың 1-ші және 5-нұсқаларының теріс корреляция коэффициентімен -0,592 (Кестенің 9-тармағы) өзара байланысы қызық (теріс корреляция), бұл «Теледидар» (1-нұсқа) және «Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер» (5-нұсқа) жауап нұсқаларын таңдау арасындағы теріс тәуелділікті көрсетеді.

Теріс тәуелділіктің бұл көрсеткіші респонденттер ақпарат алудың тек бір әдісін, яғни теледидарды немесе әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді таңдауға бейім екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, басқа қатынастар респонденттердің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін сипаттайды және ақпаратты толық білмейтінін сипаттайды.

Шын мәнінде, корреляция коэффициенттерінің барлық абсолют мәндері сұрақтардың өзара байланысының әлсіздігін көрсетеді – білім деңгейі де, табыс деңгейі де, басқа көрсеткіштер де респонденттің пікіріне және оның қаржылық сауаттылық деңгейіне әсер етпейді – табыс деңгейі жоғары респонденттер де, табыс деңгейі төмен респонденттер сияқты Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенеді немесе сенбейді немесе зейнетақымен қамсыздандыру саласында қаржылық сауатты бола алады. Респонденттердің білім деңгейі мен жасына байланысты да жағдай осындай – респонденттердің жасының Қазақстанның зейнетақы жүйесіне немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейіне әсері аз.

Сонымен қатар корреляция коэффициенттерін талдау көрсеткендей, қаржылық сауаттылық деңгейінің және зейнетақы жүйесіне сенім деңгейінің көрсеткіштері респонденттің тұратын жеріне (қала немесе ауылдық жер) байланысты емес.

Сондай-ақ, осы зерттеу қаржылық сауаттылық деңгейі мен халықтың зейнетақы жүйесіне және/немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейі арасында қандай да бір статистикалық маңызды корреляцияны анықтаған жоқ.

Осылайша, қаржылық сауаттылықтың анықталған деңгейі респонденттің зейнетақы жүйесіне немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейіне әсер етпейді.

## 8. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР

Жалпы, халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін зерттеу көрсеткендей, халықтың басым бөлігінің зейнетақымен қамсыздандыру саласында базалық білімі бар.

Бұл ретте халықтың БЖЗҚ-ға сенім деңгейіне тікелей әсер ететін негізгі көрсеткіш – Қазақстанның зейнетақы жүйесіне сенім деңгейі (яғни қаржылық сауаттылық деңгейі БЖЗҚ мен зейнетақы жүйесіне сенім деңгейіне әсер етпейді).

Жүргізілген зерттеу аясында зейнетақы жүйесіне және БЖЗҚ-ға сенімсіздіктің негізгі себептері анықталды. Атап айтқанда, респонденттер сенімсіздіктің төмендегідей себептерін атады:

- Зейнетақы жүйесіне қатысты – ағымдағы зейнетақы төлемдерінің төмен деңгейі (34,95%),
- БЖЗҚ-ға қатысты – Қор жұмысының ашықтығы жеткіліксіз (52,45%).

Ағымдағы зейнетақы төлемдерінің төмен деңгейі көбінесе, ішкі және сыртқы нарықтардағы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығына байланысты және зейнетақы төлемдерін арттыру мәселесін шешу шаралары әрқашан Үкіметтің, Ұлттық банктің және басқа да уәкілетті органдардың шешімдеріне тәуелді бола бермейді.

Осылайша, БЖЗҚ-ға сенім деңгейінің зейнетақы жүйесіне сенім деңгейімен өзара байланысын ескерсек, БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыруға бағытталған шаралар зейнетақымен қамсыздандыру саласында да осындай шаралармен қатар, оның ішінде мемлекеттік институттарды тарту арқылы жүргізілуі тиіс.

Зейнетақы жүйесіне сенімсіздіктің жүйелі проблемаларын шешпей халықтың БЖЗҚ-ға сенім деңгейінде арттыру мүмкін емес.

Бұл ретте халықтың Қазақстанның зейнетақы жүйесіне және БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыру үшін зейнетақы жинақтарының кірістілігін арттыру мүмкіндіктерін қарастыру **ұсынылады**. Мәселен, респонденттердің 1658 аталуы немесе халықтың сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 55,27%-ы бұл факторды БЖЗҚ-ға сенім деңгейін арттыруда маңызды деп санайды.

Сондай-ақ, респонденттер ерікті жинақты қалыптастыру үшін тартымды жағдай жасау (1397 аталым немесе 46,57%), сондай-ақ БЖЗҚ-ның Қазақстанның зейнетақы жүйесіндегі рөлі мен мәнін түсіндіру (1369 аталым немесе 45,63%) қажеттілігін атап өтті.

Халықтың қаржылық сауаттылығы мен БЖЗҚ қызметі туралы хабардар болуын арттыру да маңызды. Сонымен қатар, осы зерттеуде қаржылық сауаттылық деңгейі мен халықтың зейнетақы жүйесіне және/немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейі арасында статистикалық маңызды корреляция анықталған жоқ.

Осылайша, қаржылық сауаттылықтың анықталған деңгейі респонденттің зейнетақы жүйесіне немесе БЖЗҚ-ға сенім деңгейіне әсер етпейді.

Сондай-ақ, жоғарыда аталғандай, қазіргі уақытта респонденттер үшін шешуші мәселе – зейнетақы жинақтарының кірістілігін арттыру, сондай-ақ ерікті жинақтарды қалыптастыру үшін тартымды жағдай жасау.

Халықпен оларға түсінікті түрлі арналар арқылы (электрондық арналар және көрсетілетін қызметтердің географиялық қолжетімділігі) қарым-қатынас жасау қажеттілігі атап өтіледі.

Қорытындылай келе, БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат алу бөлігінде ақпарат алудың ең танымал арналары ретінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлер түріндегі байланыс арналарын, сондай-ақ халыққа ақпарат жеткізудің дербестендірілген тәсілін (БЖЗҚ кеңселері және ХҚО арқылы) пайдалану **ұсынылады**.

## Зерттеу сауалнамасы

С Сауалнама нөмірі	
--------------------	--

Код №			
-------	--	--	--

Маршрут коды

## САУАЛНАМА

Қайырлы күн, құрметті сұқбат беруші!

Біз Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізіп жатырмыз. Біздің сауалнамаға қатысу үшін Сіз кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдалдыңыз. Сұқбаттасу уақытыңызды алатынын түсінеміз және зерттеуімізге көрсеткен көмегіңіз бен шынайы жауабыңыз үшін алғыс айтамыз. Сұқбаттасу ұзақтығы шамамен 15 минут болады.

1. Облыс атауы \_\_\_\_\_

2. Елді мекен атауы \_\_\_\_\_

3. Елді мекен түрі:

1. Елорда. 2. Алматы. 3. Шымкент 4. Облыс орталығы. 5. Аудан орталығы/Ауыл.

4. Сұқбат берушінің нөмірі |\_\_\_\_|\_\_\_\_|\_\_\_\_|

Сұқбат беруші! Өтініш, сауалнама жүргізілген күнді белгілеңіз

5. Сауалнама күні |\_\_\_\_|\_\_\_\_| |\_\_\_\_|\_\_\_\_| 2023ж.  
күн ай

Сұқбат беруші! Өтініш, сауалнама басталғандағы жергілікті уақытты белгілеңіз

6. Сауалнама басталған уақыт (жергілікті уақытпен) |\_\_\_\_|\_\_\_\_|\_\_\_\_|\_\_\_\_|  
сағат минут

## Қаржылық сауаттылық деңгейі

1. Зейнет жасындағы қаржылық әл-ауқатыңыздың негізі неде деп ойлайсыз? Бір жауап

- |   |                                  |
|---|----------------------------------|
| 1. Менің БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарым;        | 4. Жеке бизнес;                  |
| 2. Өзге жинақтар (БЖЗҚ-дағы жинақтардан басқа); | 5. Отбасынын/туыстардың қолдауы; |
| 3. Мемлекеттен зейнетақы;                       | 6. Сақтандыру төлемдері;         |
|   | 7. Басқасы _____ (көрсетіңіз)    |

Респонденттердің жасына, қызмет саласына, материалдық жағдайына, біліміне, қоныстану түріне қарай жауаптар корреляциясына талдау жасау.

2. Елімізде зейнетақы төлемдерінің қандай түрлері бар екенін атап өтіңізші? Бір жауап

1. Қазақстанның барлық азаматына кепілді мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және еңбек өтілі бойынша мемлекеттік еңбек (ортақ) зейнетақысы
2. Міндетті зейнетақы жарналарынан, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарынан, ерікті зейнетақы жарналарынан қалыптастырылған қызметкердің жеке зейнетақы жинақтары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері
3. Екі нұсқа да дұрыс
4. Басқасы (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_.

*Респонденттердің жасына, қызмет саласына, материалдық жағдайына, біліміне, қоныстану түріне қарай жауаптар корреляциясына талдау жасау.*

**3. Инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы ақшасын кім инвестициялайды?**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
2. Салымшының таңдауы бойынша инвестициялық портфельді басқарушылар;
3. БЖЗҚ (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры);
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі;
5. Бірінші және екінші нұсқа дұрыс.

*Респонденттердің жасына, қызмет саласына, материалдық жағдайына, біліміне, қоныстану түріне қарай жауаптар корреляциясына талдау жасау.*

**4. БЖЗҚ немен айналысады? Бір жауап**

1. Міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын жинайды, зейнетақы жинақтарының есебін жүргізеді, зейнетақы жинақтары есебінен төлемдерді жүзеге асырады;
2. Зейнетақы жинақтарының құнын сақтау және көбейту үшін зейнетақы активтерін инвестициялайды;
3. «Бір терезе» қағидаты бойынша халыққа барлық мемлекеттік қызметті көрсетеді;
4. Басқасы (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_.

**5. БЖЗҚ-дағы зейнетақы жарналарының қандай түрлерін білесіз? Бірнеше жауап**

1. Қызметкердің табысынан аударылатын міндетті зейнетақы жарналары. Егер мөлшерін білсеңіз, көрсетіңіз (%-бен) \_\_\_\_\_;
2. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайдасына жұмыс беруші төлейтін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары. Егер мөлшерін білсеңіз, көрсетіңіз (%-бен) \_\_\_\_\_;
3. Ерікті зейнетақы жарналары, азаматтың өзі және (немесе) жұмыс беруші өз қызметкерінің пайдасына зейнетақы шотына ақша салады;
4. Бірыңғай жиынтық төлем, азаматтың өзі зейнетақы шотына ақша салады. Егер мөлшерін білсеңіз, көрсетіңіз (айлық есептік көрсеткішпен) \_\_\_\_\_;
5. Жауап беруге киналамын;
6. Басқасы (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_.

**6. Қазақстанда зейнетке шығатын жас (зейнет жасы) қандай? Бір жауап**

1. Ерлер 63 жас, әйелдер 58 жас;
2. Ерлер 63 жаста, әйелдер 2023 жылы - 61 жас.

**7. Соңғы 12 айда БЖЗҚ-ға аударым жасадыңыз ба? Бір жауап**

1. Иә;
2. Жоқ.

**8. БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарыңыздың сомасын біліп тұрасыз ба? Бір жауап**

1. Иә, мен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы шоттан үзінді көшірмені үнемі (жылына 1 рет және одан жиі) тексеремін;
2. Екі-үш жылда бір рет;
3. Жоқ, біліп тұрмаймын.

**9. Соңғы 12 айда БЖЗҚ электрондық қызметтерін пайдаландыңыз ба? Бір жауап**

1. Жоқ;
2. Иә.  
Егер пайдалансаңыз, сипаттап беріңізші \_\_\_\_\_

**10. Соңғы 12 айда БЖЗҚ кенселерінде Сізге қызмет көрсетілді ме? Бір жауап**

1. Жоқ;
2. Иә.  
Егер көрсетілсе, сипаттап беріңізші \_\_\_\_\_

**11. Өзіңіздің жеке зейнетақы шотыңыздың жай-күйі туралы қалай білуге болады? Бірнеше жауап**

1. БЖЗҚ-ға келу;
2. Пошта мекенжайына үзінді көшірме алу;
3. Электрондық мекенжайға үзінді көшірме алу;
4. БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинет арқылы білу;
5. БЖЗҚ ұялы қосымшасы арқылы білу;
6. www.egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы білу;
7. ХҚО-дан білу;
8. Банктен білу;
9. Жауап беруге қиналамын;
10. Басқасы (көретіңіз)\_\_\_\_\_.

**12. Зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатынын және инвестициялық табыс есебінен көбейетінін білесіз бе? Бір жауап**

1. Иә, білемін;
2. Біліп қана қоймай, алынған инвестициялық табысты үнемі қадағалап отырамын;
3. Жоқ, білмеймін;
4. Қаржы және инвестиция мәселелерін түсінбеймін.

**13. Сіздің зейнетақы жинақтарыңызға инвестициялық табыс қалай есептеледі? Бір жауап**

1. Ай сайын белгіленген пайыз бойынша (банктегі депозиттегідей);
2. Инвестициялық табыс мөлшері бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыға, бағалы қағаздардың нарықтық құнының және шетел валюталарының бағамдарының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады, бұл ретте инвестициялық табыс қор нарықтарындағы жағдайға байланысты жағымды не жағымсыз болуы мүмкін;
3. Инвестициялық табыс жылдық инфляция деңгейі бойынша жыл сайын есептеледі;
4. Жауап беруге қиналамын.

**14. Қате тұжырымды көрсетіңіз. Бір жауап**

1. БЖЗҚ-дан тұрақты зейнетақы төлемдері тек зейнет жасына толғаннан кейін немесе 1-2 топтағы мерзімсіз мүгедектік белгіленген кезде жүзеге асырылады;
2. Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасап, оған БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын аударса, зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы жинақтары есебінен ай сайынғы зейнетақы төлемдерін ала бастауға болады;
3. БЖЗҚ-дан өз зейнетақы жинақтарыңызды кез келген жаста және кез келген мақсатта алуға болады;
4. БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін зейнет жасына толғанға дейін тұрғын үй жағдайын жақсарту және / немесе емделу ақысын төлеу мақсатында алуға болады.

**15. Зейнетақы аннуитетін алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға кім құқылы? Бір жауап**

1. Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде кез келген жастағы БЖЗҚ салымшылары;
2. Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде тек зейнет жасына толған салымшылар;
3. Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 45 жасқа толған салымшылар;
4. Ешкімнің мұндай құқығы жоқ.

**16. Зейнетақы төлемдеріне салық салына ма? Бір жауап**

1. Зейнетақы төлемдеріне салық салынбайды;
2. Зейнетақы төлемдеріне жеке табыс салығы салынады;
3. Зейнетақы төлемдеріне әлеуметтік салық салынады.

**17. Мемлекет ... қатысты зейнет жасына толған сәтте жинақталған инфляцияны ескеріп, зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді .....(бір дұрыс жауапты қойыңыз)**

1. зейнетақы жарналарының міндетті және ерікті түрлеріне;
2. зейнетақы жарналарының тек міндетті түрлеріне;
3. зейнетақы жарналарының тек ерікті түрлеріне.

**18. Тұжырымның ДҰРЫС немесе ҚАТЕ екенін көрсетіңіз?**

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарының тұрақты төленуіне байланысты \_\_\_\_\_;
2. Зейнет жасына толған кезде зейнетақы жинақтарының төлемі үшін ХҚО-ға өтініш беру керек \_\_\_\_\_;

3. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар белгілі бір заңнамалық жағдайларда бірыңғай жиынтық төлем түрінде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын өздері төлей алады \_\_\_\_\_;
4. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделуге біржолғы зейнетақы төлемін алуға өтініш берген кезде ЖТС төлеуді зейнет жасына толғанша кейінге қалдыруға болады \_\_\_\_\_;
5. Зейнетақы жинақтары – салымшының меншігі, бірлесіп жинаған мүлікке жатпайды, мұраға қалдыруға болады және оларға үшінші тұлғалар шектеу қоя алмайды \_\_\_\_\_.

**19. Тұжырымдарға БІЛЕМІН немесе БІЛМЕЙМІН деп жауап беріңіз.**

1. БЖЗҚ-ның әрбір салымшы бойынша зейнетақы жинақтарын жеке есепке алуды жүргізетінін және салымшыларды жинақтар туралы жыл сайын хабардар ететінін білесіз бе? \_\_\_\_\_;
2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі, өз жинақтарыңыз және БЖЗҚ есептілігі туралы барлық қажетті ақпаратты www.enpf.kz сайтынан табуға болатынын білесіз бе? \_\_\_\_\_;
3. ЖЗЖ туралы кез келген сұрақ туындаған кезде www.enpf.kz сайтында көрсетілген телефондар арқылы БЖЗҚ-ға хабарласу немесе өз сұрағыңызды әлеуметтік желілерде қою керек екенін білесіз бе? \_\_\_\_\_;
4. Тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделу және/немесе инвестициялық портфельді басқару бойынша компанияға аудару үшін жинақтардың бір бөлігін пайдалануға болатынын білесіз бе? \_\_\_\_\_;
5. www.enpf.kz сайтындағы зейнетақы калькуляторы арқылы өз зейнетақыңызды болжамды есептеуге болатынын білесіз бе? \_\_\_\_\_;
6. Зейнетақы активтері бойынша тарихи жинақталған кірістіліктің жинақталған инфляция деңгейінен асып түсетінін білесіз бе? \_\_\_\_\_.
7. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) өз жинақтарының 50%-на дейін міндетті жарна түрлері (МЗЖ және МКЗЖ) есебінен жеткіліктілік шегін ескермей бере алатынын білесіз бе. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтарды толық көлемде ИПБ-ға беруге бол ма?

**Сенім деңгейі**

**20. Қазақстанның зейнетақы жүйесіне қаншалықты сенетініңізді он балдық шәкіл бойынша бағалаңыз (мұнда 10 – толық сенім, ал 1 – мүлдем сенімсіздік)? Бір жауап**

1.

Мүлдем сенбеймін					Толық сенемін				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Егер 1-ден 3-ке дейінгі бағаларды белгілесеніз, сенімсіздік себебін көрсетіңіз:

- 1) зейнетақы заңнамасындағы өте жиі болатын өзгерістер;
- 2) жүйенің теріс жұмысы туралы қауесеттер;
- 3) зейнеткерлер аз алады;
- 4) тұрақсыз экономикалық жағдай (инфляция, девальвация, зейнетақы активтері жеткіліксіз кірістілігінің);
- 5) мемлекетке сенбеймін;
- 6) басқасы (көрсетіңіз)\_\_\_\_\_.

2. Жауап беруге қиналамын

**21. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) қаншалықты сенетініңізді он балдық шәкіл бойынша бағалаңыз (мұнда 10 – толық сенім, ал 1 – мүлдем сенімсіздік)? Бір жауап**

1.

Мүлдем сенбеймін					Толық сенемін				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Егер 1-ден 3-ке дейінгі бағаларды белгілесеніз, сенімсіздік себебін көрсетіңіз:

- 1) Қор жұмысының ашық еместігі (Қор қызметі туралы ақпарат жеткіліксіз, түсініксіз / тым күрделі ақпарат);
- 2) Қор басшылығына сенбеймін;
- 3) Қор жұмысының сапасына риза емеспін (біліксіз қызметкерлер, дәрекі қарым-қатынас);
- 4) басқасы (көрсетіңіз)\_\_\_\_\_.

2. Жауап беруге қиналамын



**22. Сіз сенім білдіру үшін БЖЗҚ қандай шаралар қолдану керек? Бірнеше жауап**

1. БЖЗҚ рөлі мен маңызын жақсы түсіндіру;
2. Қор қызметі туралы халық алдында жиі есеп беру;
3. БЖЗҚ қызметтерінің қолжетімділігін арттыру (географиялық жақындық, электрондық қолжетімділік арналары);
4. Жинақтардың кірістілік деңгейін арттыру;
5. Ерікті жинақтарды қалыптастыру үшін тартымды жағдайлар жасау;
6. Басқасы (көрсетіңіз)\_\_\_\_\_.

**23. БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты табу қаншалықты оңай деп ойлайсыз? Бір жауап**

1. Негізгі ақпарат баршаға оңай қолжетімді;
2. Ақпаратты табу үшін уақыт пен күш қажет;
3. Қолжетімді емес десе де болады;
4. Маған бұл қызық емес.

**24. БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат халық үшін қаншалықты түсінікті деп ойлайсыз? Бір жауап**

1. Негізгі ақпарат баршаға түсінікті;
2. Ақпаратты түсіну үшін уақыт пен күш қажет;
3. Түсініксіз, нақты не екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_ (терминология, заңнама және т. б.);
4. Жауап беруге қиналамын.

**25. Жаңалықты қандай ақпарат көзінен аласыз?**

*Бір негізгі дереккөзді көрсетіңіз*

1. Теледидардан → Қай арналар екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_
2. Радиостанциялар → Қайсысы екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_
3. Газеттер → Қайсысы екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_
4. Сайттар → Қайсысы екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_
5. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер → Қайсысы екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_
6. Басқасы (көрсетіңіз)\_\_\_\_\_

**Әлеуметтік-демографиялық ақпарат**

**26. Респонденттің жынысы:**

1. Ер;
2. Әйел.

**27. Толық жасыңыз нешеде?**

*(Толық жасыңызды көрсетіңіз.) /\_\_\_/\_\_\_/ жас. Төмендегі жас тобын белгілеңіз.*

1. 18 - 29 жас;
2. 30 - 39 жас;
3. 40 - 49 жас;
4. 50 - 59 жас;
5. 60 - 65 жас;
6. 65 жастан жоғары.

**28. Ақпаратты қай тілде алғыңыз келеді?**

1. Қазақша;
2. Орысша;
3. Басқасы (көрсетіңіз)\_\_\_\_\_.

**29. Сіздің отбасылық жағдайыңыз?**

1. Бойдақ/тұрмыс құрмаған
2. Некедемін, оның ішінде азаматтық (АХАЖ-да тіркелмеген);
3. Ажырасқан;
4. Жесір.

**30. Сіздің білім деңгейіңіз қандай?**

1. Толық емес орта (8-9 сыныптар);
2. Жалпы орта білім (мектеп / лицей/гимназияның 10-11 сыныптары);
3. Арнаулы орта (КТМ, КТУ, колледж, училище);

4. Аяқталмаған жоғары;
5. Жоғары (бакалавриат);
6. Жоғары (магистратура);
7. Ғылыми дәреже бар.

**31. Сіздің қазіргі әлеуметтік мәртебеңіз?**

Мемлекеттік жұмыс

1. Мемлекеттік органда (мекемеде, ұйымда) қызметкер (орта және жоғары білімі бар мамандар, күзетшілер, хатшылар қосылады);
2. Мемлекеттік органдағы (мекемедегі, ұйымдағы) басшы (кез келген деңгейдегі);
3. Әскери қызметші немесе құқықтық тәртіп органдарының (әскер, ПМ, прокуратура) қызметкері.

Жеке кәсіпкерлікпен айналысу немесе жеке фирма-компанияда жұмыс істеу

4. Жеке компанияда/шетелдік фирмада қызметкер (орта және жоғары білімі бар мамандар, күзетшілер, хатшылар қосылады);
5. Жеке компанияда/шетелдік фирмада басшысы (кез-келген деңгейдегі) – компанияның/фирманың иесі емес;
6. Жалдамалы қызметкері/лері бар, қызметкері/лері жоқ кәсіпкер (өз бизнесі) (иесі, жеке кәсіпкер (ЖК) қосылады);
7. Фермер;
8. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған (заңды тұлға, жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген).

Жалдамалы жұмысшылар

9. Тұрақты жұмысы бар жұмысшы/ сатушы / ауыл шаруашылығы жұмысшысы;
10. Маусымдық жұмысшы (жылдың белгілі бір маусымында жұмыс істейді);
11. Күндік жұмысшы (бір күн немесе бірнеше күн жұмыс істейді).

Түрлі себептермен жұмыссыздар

12. Үй шаруасындағы әйел (декреттік демалыстағылар қосылады);
13. Студент/оқушы;
14. Жұмыс істемейтін зейнеткер;
15. Мүгедек (денсаулығына байланысты жұмыс істемейді).

Жұмыссыздар

16. Жұмыссыз – жұмысы жоқ, бірақ іздеп жүр, еңбек биржасында тіркелген;
  17. Жұмыссыз – жұмысы жоқ, бірақ іздеп жүр және еңбек биржасында ТІРКЕЛМЕГЕН.
  18. Жұмыссыз – жұмысы жоқ және жұмыс іздеп жүрген жоқ, еңбек биржасында тіркелмеген;
- Үкіметтік емес ұйымда жұмыс істейді (ҮЕҰ, кәсіподақтар, партиялар, спорт клубтары және т.б.).
19. Қызметкер (орта және жоғары білімі бар мамандар, күзетшілер, хатшылар қосылады);
  20. Басшы (кез келген деңгейдегі);
  21. Басқасы (толығырақ көрсетіңіз) \_\_\_\_\_;
  22. Жауап беруден бас тарту.

**32. Өзіңіздің қызмет салаңызды белгілеңіз? Бір жауап**

1. Мемлекеттік сала;
2. Коммерциялық бизнес;
3. Қаржы және сақтандыру бизнесі;
4. Өндірістік бизнес;
5. Ғылым;
6. Білім және тәрбие;
7. Өнер және шығармашылық;
8. Медицина;
9. Ауыл шаруашылығы;
10. Басқасы (көрсетіңіз)\_\_\_\_\_.

**33. Отбасыңыздың материалдық жағдайын сипаттаңыз?**

1. Ақша тіпті тамаққа жетпейді;
2. Тамаққа ақша жетеді, бірақ киім сатып алу, коммуналдық қызметтер ақысын төлеу қиындық тудырады;
3. Қазір жаңа теледидар, тоңазытқыш немесе кір жуғыш машина сатып алу қиын болар еді;
4. Үлкен тұрмыстық техникаға ақша жетеді, бірақ біз жаңа көлік сатып ала алмаймыз;
5. Тапқан табысымыз пәтер/үй сияқты қымбат дүниеден басқаның барлығына жетеді;
6. Материалдық қиындығымыз жоқ.

7. Жауап беруден бас тартамын.

34. Респонденттің байланыс деректері (телефоны) \_\_\_\_\_

СҰҚБАТ АЯҚТАЛҒАН УАҚЫТ |\_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_| |\_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_|  
сағат минут

Сұқбат берушінің кепілдігі: Мен, бұл сұқбатты қатаң түрде Нұсқаулыққа сәйкес өзім жүргізгенімді растаймын. (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_

## Жұптасқан корреляция коэффициенттерінің матрицасы

### Жұптық корреляция коэффициенттерінің матрицасы мен зерттеу материалдары бойынша түсініктеме

Корреляция кестесінің қолайсыздығына байланысты кестенің өзі жеке электрондық мәліметтер базасына орналастырылды.

Корреляция кестесі 65 көрсеткіштің жұптық корреляциясын қамтиды (сұрақтарға жауаптар және 3000 респонденттің сұрақтарға жауап беру нұсқалары).

Енгізілген сұрақтар мен олардың жауап нұсқаларының тізімі төменде берілді:

1	№1 сұрақ	34	№ 18 сұрақ, 5-нұсқа
2	№ 2 сұрақ, 1-нұсқа	35	№ 19 сұрақ, 1-нұсқа
3	№ 3 сұрақ	36	№ 19 сұрақ, 2-нұсқа
4	№ 4 сұрақ	37	№ 19 сұрақ, 3-нұсқа
5	№ 5 сұрақ, 1-нұсқа	38	№ 19 сұрақ, 4-нұсқа
6	№ 5 сұрақ, 2-нұсқа	39	№ 19 сұрақ, 5-нұсқа
7	№ 5 сұрақ, 3-нұсқа	40	№ 19 сұрақ, 6-нұсқа
8	№ 5 сұрақ, 4-нұсқа	41	№ 19 сұрақ, 7-нұсқа
9	№ 5 сұрақ, 5-нұсқа	42	№ 20 сұрақ (бағалау)
10	№ 6 сұрақ	43	№ 21 сұрақ (бағалау)
11	№ 7 сұрақ	44	№ 22 сұрақ, 1-нұсқа
12	№ 8 сұрақ	45	№ 22 сұрақ, 2-нұсқа
13	№ 9 сұрақ	46	№ 22 сұрақ, 3-нұсқа
14	№ 10 сұрақ	47	№ 22 сұрақ, 4-нұсқа
15	№ 11 сұрақ, 1-нұсқа	48	№ 22 сұрақ, 5-нұсқа
16	№ 11 сұрақ, 2-нұсқа	49	№ 22 сұрақ, 6-нұсқа
17	№ 11 сұрақ, 3-нұсқа	50	№ 23 сұрақ
18	№ 11 сұрақ, 4-нұсқа	51	№ 24 сұрақ
19	№ 11 сұрақ, 5-нұсқа	52	№ 25 сұрақ, 1-нұсқа
20	№ 11 сұрақ, 6-нұсқа	53	№ 25 сұрақ, 2-нұсқа
21	№ 11 сұрақ, 7-нұсқа	54	№ 25 сұрақ, 3-нұсқа
22	№ 11 сұрақ, 8-нұсқа	55	№ 25 сұрақ, 4-нұсқа
23	№ 11 сұрақ, 9-нұсқа	56	№ 25 сұрақ, 5-нұсқа
24	№ 12 сұрақ	57	№ 26 сұрақ
25	№ 13 сұрақ	58	№ 27 сұрақ (жас)
26	№ 14 сұрақ	59	№ 27 сұрақ
27	№ 15 сұрақ	60	28- сұрақ
28	№ 16 сұрақ	61	29- сұрақ
29	№ 17 сұрақ	62	30- сұрақ
30	18- сұрақ, 1-нұсқа	63	31- сұрақ
31	18- сұрақ, 2-нұсқа	64	32- сұрақ
32	18- сұрақ, 3-нұсқа	65	33- сұрақ

Бұл электрондық деректер базасында зерттеудің аудио және бейнематериалдары да бар. Барлық материалдар мына сілтеме бойынша қолжетімді:



Сұқбаттың барлық аудио және бейнежазбалары қатаң түрде респонденттердің келісімімен жүргізілді.